



Кәкімбек Салықов

Фазыл аға

Кәкімбек
САЛЫҚОВ

Фазыл аға

Өлең-одалар және поэмалар

«Фолиант» баспасы
Астана-2010

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

С 18

С 18 Салықов К.

Фазыл аға: Олең-одадар және поэмалар / К. Салықов.
— Астана: Фолиант, 2010. — 264 б.

ISBN 9965-35-910-5

Қазақтың көрнекті ақыны, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мағжан Жұмабаев қорының «Алтын белгісінің» иегері, Сәкен Сейфуллинге арналған республикалық мүшәйраның бас жүлдегері Кәкімбек Салықовтың бұл жинағына қазақтың асыл перзенті, аса көрнекті мемлекет қайраткері, кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы, Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы болған Фазыл Кәрібжановқа арнаған поэмасы кеңестік өмірдің душар еткен зомбылықтарын поэзия тілімен әшкере етеді. Поэманың және кітапқа кірген басқа да шығармаларының заман сырын ашып, қазақ халқының бастан кешкен ауыр өткелдерін сипаттауы шыншылдығымен сендіреді. 1932 жылдың қасіреті де ұтымды һәм тартымды берілген. Қос ғасыр жыры боларлық жинақта тәуелсіздік берген ел бақыты да тартымды сөз болады.

Кітаптың оқырманның жүрегінен орын аларына кәміл сенеміз.

47124

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

© Салықов К., 2010

© «Фолиант» баспасы, 2010

ISBN 9965-35-910-5

Сөзгері-Қазақстан Республикасының
областтық баспа-қоры
им. С. МҰҚАНОВА

ӨЛЕҢ-ОДАЛАР

ҚОС ҒАСЫР БЕРГЕН ӨРІМДЕР

ӨТТІ ҒАСЫР...

Өтті ғасыр...

Атомшыл заманды алып,
Бітті Одақтың ғұмыры тәмамдалып.
Өтті Семей сілкініп полигонын,
Мақта беріп, әкетті Аралды алып.

Жұт пен соғыс қабаттап арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қараң қалып.
Отыз екінші жыл жұтса,
Соғыс келіп,
Батыс жаққа жаутандап алаңдадық.

Ел тозғанда талыксып Жеңіс келді.
Жеңсе-дағы
Әкелер немістерді,
Қара қағаз ауылымды қамықтырды,
Бітеу жара тым баяу тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр — қонар бағы,
Анамның да тұрмысы оналмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Бір шаңырақтан үш арыс оралмады.

Өтті ғасыр...

Иншалла, танытты елді,
«Қазақ» деген атымды алып берді.
Құдай оңдап
Ақыры қайран елім,
Тәуелсіздік қызығын анық көрді.

Осы еді ғой
Ұраны Абылайдын,
Көш түзедік,
Ел болып құрдық айбын.
Есен қалдық тарихта,
Есені алдық,
Тамшы жасқа жиналды күллі қайғым.

Төрге әкелдік
Зар шеккен барды ақтарып,
Мағжан аға оралды ардақталып.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет қайта туды,
Алты алашты дұрыстап тармақтадық.

Аян болды
Ар үшін алысқандар,
Орнын тапты Ахметтей абыз жандар.
Адам жанын тағы да дір еткізді,
Шәкәрімдей құдықтан табылғандар.

Өтті ғасыр...
Алып тұр өмір демін,
Дербестігім тарқатты көңіл шерін.
Бірақ, шіркін,
Біле алмай елендеймін,
Үкілі Ыбырай қай жерге көмілгенін.

Өтті ғасыр...
Толқимын қаламды алып,
Мұң мен шерге кетіппін маманданып.
Қос ғасырдың куәсі атанамыз,
Осы күнге жеткендер аман қалып.

Селк еткізіп шақырса сезім өлең,
Көргенім көп осы екі көзімменен.
Ескі ғасыр сақтайық жақсылығын,
Жамандығы кетсінші өзіменен.

01.01.2009

АҒАЛАР ҮШІН ПРЕЗИДЕНТКЕ АЛҒЫСЫМ

Ақиқат ажары ашылды,
Әділдік шалқыған күн жетті.
Құлшындық бір сілкіп ғасырды,
Құртуға кертартпа індетті.

Сәкен мен Ебіней, Қаныштын
Аттары аспанда жарқ етті.
Шашқандай ақ сәуле жаны ұшқын,
Нұрсұлтан жойды ескі тәлкекті.

Тізгінді қолына алғанда,
Сокқылап берді зор сұмдықты.
Жеттік-ау, қазағым, арманға,
Туды ғой бізге де күн құтты!

Қос ғалым, ақиық ақынның
Қуғында болғанын айтты анық.
Тілегін ақтады халқымның,
Үш ұлын құшаққа қайтарып.

Қаныш пен Сәкеннің есімі
Елдіктің еңсесін көтерді.
Дес келіп жас басшы шешімі,
Өкініш өксігі өтелді.

КарГУ-дей өзінің төл ісі,
Ебіней атына берілді.
Жан аға өркендеп әр ісі,
Тарқатты көкіректе шерімді.

Мың алғыс айтамын, Нұреке!
Үш жұлдыз, үш дүлдүл атынан.
Әр ісін тапсын зор береке,
Әлемдік жарысқа шақырған!

ОСЫ ЖҰРТ ШАРБАҚКӨЛДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?..

Сұлу жер — Омбыдағы Шарбақкөлім,
Сәт сапар бір көруге арнап та едім.
Мың алғыс атақты інім Жәнібекке,
Ойымды тапты әдейілеп бармақ менің.

Ұқсаған Құлагерге құба тайдың,
Сыры көп біздер естіп білген жайдың.
Өйткені осы ауданда туған жері
Нар тұлға Шаяхметов Жұмабайдың.

Шұркырап Шарбақкөлде құлын жүрек,
Ойланды атамекен нұрын тілеп.
Ақыры Омбыдан кеп төрге жетті,
Қазақтан шыққан көсем бірінші рет.

Сапарым туды сәтті Айым жарық,
Жұлдызым жарқырады анық жанып.
Табыстым Кемеңгеров Қошке ағамен,
Осы жер туған Фазыл Кәрібжанов.

Мақтаса Фазекенді Қарағанды,
Ұлы жер қазақтанды, жаңаланды.
Ұлтжанды асыл тұлға ерте кетіп,
Жүрегім кенші күнде жараланды.

Ақ кайың, қарағайлы көркем жерді,
Ұшырған қанат байлап өңкей ерді,
Осы жұрт Шарбақкөлді біле ме екен,
Жебеген Жұмабай, Фазыл, Қошкелерді?..

2004

**КІНДІК ҚАНЫҢ
ТАМҒАН ЖЕР**
Фазыл Кәрібжановқа

Көргенде Жанан ауылы зираттарын,
Жан толқып, көкірегімде жыр баптадым.
Мына жер ескі ауылдың жұрты десе,
Жаттадым құтты әңгіме тындап бәрін.

Жасасам үлкендерге ұлы жорық,
Құтты жер кең ашылды сыры толық.
Шіркін-ай, сәтті сапар атар едім,
Толқысам ата-баба нұры қонып.

Фазеке, тусаң Жанан ұлы болып,
Сенімен жайнай түсер сыры толық.
Ержеттің бүкіл қазақ мұңын жоқтап,
Мағжандай ойы менен қырын шолып.

Ауылдың шын қамқоры қазанатсын,
Еңбегің жазылмаған таза хатсын.
Шаяхметов, Тәшенов арыстарға
Дем берген, ақыл қосқан азаматсын.

Тер төккен Есіл-Көкше ұланысын,
Күш қосқан Қарағанды — қуанышын.
Жананнан Алатауға өрлеп жеткен,
Қазақтың алғыр туған қыранысын.

*11.12.2009.
Астана*

МАҒЖАННЫҢ БІР ӨЛЕНІ

Үлкен өлең көңіл толар көлемі —
Мағжан аға «Сағындым» атты өлені.
Абақтыда Алла сыбыр еткендей,
Бой тастапты бостандықтың елені.

Межешамдай түнде төккен жарықты,
Алға тартты ақылы жеткен анықты:
«Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер!» —
Деп сақ қыран сендіріпті халықты.

Көкірек жарған түсінгенім ғажапты:
Сын сағатта шындап жатыр қазақты.
«Маған атақ — ұлтым үшін өлгенім!» —
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз,
Естіп жатты Қаратаулар, құба дүз.
Көріпкелдік, әулиелік болжамын,
Өлендегі өз сөзінен тыңдаңыз:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!
Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе, әулиелік, даналық,
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,
Өз қырсығы сұр жебедей қадалып.

Көріпкел ғой ақын сөзі өрелі,
«Пайғамбармын!» дегені де сол еді.
Ғасыр сырын ашып кетті данышпан,
Бір романнан артық қой бұл өлені.

16.05.2008

ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні көрмедім тайсалғанды,
Алақайлап жуас та қайсарланды.
Кедір-бұдыр сөйлейтін бригадир де,
Кешегіден біртүрлі байсалданды.

Бұрылмайтын аса көп сәлемдесіп,
Басқарма да жұмсарды әлей десіп.
Қарттар да оған кешірді төрт жылдағы,
Жүрген ісін сыртынан «пәлен» десіп.

Тек бір шалда өзгеше жария бар,
Сақал-мұрты тоғайдай қар ұялар.
Үш ұлының оққа ұшқан қасіретінен,
Көкірегінде көлкіген дария бар.

Анамда да бар менің біраз күдік,
Қуанышта реніш тұрар бүгіп.
Қара қағаз дегенге төрт қарады,
Той жасады жасырын жылап жүріп.

Сол қағазға бар сырын айтып қана,
Сандығына салмады қайтып қана.
Қамзолының жүрді жан қалтасында,
Бар жиһаздан үйдегі артықтана.

Жанға батқан елемей жара-дертті,
Үлгі болды бұзбауға ана сертті:
Көз жұмарда ақырғы тілегі еді,
Сол қағазды өзімен ала кетті.

АҚ ТІЛЕК

«Кенші ақын» — мен Қаныштың інісімін,
Тұтқасы болдым дара бір ісінің.
«Жезкиік ақыным» деп ел атаса,
Заманның өзім шеккен тынысымын.

Аққан жел, көшкен бұлттан сауға сұрап,
Шетелмен өз елімді дауда құрап.
Аралдың айқасынан қол босамай,
Жүруші ем саясаттан аулағырақ.

Атомдық жарылыстар салған азап,
Көрсеткен Мәскеу бізге сордан мазақ...
Күндерге сес білдіріп, қарсы шыққан,
Мен едім тұңғыш эколог болған қазақ.

Іске сәт, жүрек отын суытпаймын,
Жаңа өмір, ел қарқынын шын құптаймын.
Тап кеше қырда киік кебін кешкен,
Зорлығын бодан күннің ұмытпаймын.

Жайлаған тәуелсіздік нұры бүгін,
Аңсаған талай заман туды күнім.
Өлеңмен тілек айтсам туған елге,
Кешегі мұң мен шердің тұнығымын.

Тілек сол:
Білек қосып мақсат арнар,
Табысты туа берсін ақша таңдар!
Туған ел ерен іске жол бастаса,
Қолғабыс етер біздей ақсақалдар.

*09.09.09.
Астана*

ҚОШКЕ КӨРГЕН АУЫР ТҮС

*Қамалдым өткелі жоқ терең жарға,
Әділдік таба алмадым, амал бар ма?*

Қошке Кемеңгерұлы

Айдаудан келіп,
Шарбаккөлде тұратын,
Роман жазды дәрігерлік құратын.
Байлаудағы тұлпарда жазық жоқ қой,
Жығылғанға жұдырық қайта туатын.

Қызған кезі
Отыз екінші жылдың қырғыны,
Қошкекең сонда түс көріпті бір күні.
Қара мұрт шал қараңғы үйді көрсетіп.
«Сен боласың, — депті, — бұл үй тұрғыны».

Үрейді алды қара түнек сұмдығы,
Тіл ката алмай,
Тірі өліктей тынды үні.
Ашылғандай аждаһаның араны,
Жұтынып тұр жалмауыздың ындыны.

Үш терезе соқырайған тұл маңдай,
Тас қараңғы қиямет-қайым бұл қандай?
Үш алпауыт тесірейіп қарайды,
Үнің шықса өңешінді жұлғандай.

Қара түнек қою қара боянды,
Құмырсқадай илемекші ноянды.
Өле жаздап
Алар тыныс тарылып,
Шырт ұйқыдан Қошке шошып оянды.

Түс жорыпты сескенгендей ағамыз,
Дәл келгенін қорқыныштың қараңыз:

НКВД үш жендеті сау етіп,
Ығыр салды үш жандайшап қаражүз.

Тінтіп, тонап
Үйдін ішін жылатты,
Үш әумесер ауыратты сынақты.
Көздері ашық,
Қара жабу беттері,
Түсінде көрген үш терезе сияқты.

Шарбақкөлдің Томарында от басты,
Амал бар ма, болды десе болмасты?
«Балаларға абай бол», — деп сыр бермей,
Жан серігі Гүлсімменен қоштасты.

«Үштік соты» — ұмытқандар ұятты,
Ұрды, соқты...
Қол қойғызып сұлатты.
Қату кабак соқырайған үш жендет,
Түсіндегі үш терезе сияқты.

Қошке атылды зорлық кешіп не түрлі,
Көрген түсі заман сұрқы секілді.
Қара мұрт шал қараңғы үйді құртса да,
Құдай ондап ұрпақтары жетілді.

Көзім көрді Нарманбектей баласын,
Тегіне тартқан арыс еді жаны асыл,
Шарбақкөлде онжылдықты басқарған,
Ел сыйлайды ұстаздық құрған данасын.

Гүлсім апа, керемет қой осы үлгін,
Содыр заман,
Өтті түстен шошыр күн.
Қайырбек, Бейбіт, Роминдер бастаған,
Қошке ағаның көшін көріп отырмын.

ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР

Қыранға оқ жұмсау катерлі,
Жұмсаған... шын сұмдық әкелді.
Қай мәнгүрт қиды екен ажалға,
Адамзат сұңқары Сәкенді?!
Аз емес дауылпаз тартқан зар,
Тар кезең, көк тайғақ шатқалдар.
Аққуды атқандар сияқты,
Оңбайды ақынды атқандар,
Оңбайды ақынды сатқандар.

Сұм тағдыр сұқ көзі қадалды,
Тағы бір өр қазақ қамалды.
Қай сатқын атты Мағжандай,
Жондағы жолбарыс-адамды?!
Ел үшін, жер үшін сақтандар,
Ақынға жаман ат тақпандар.
Тұранын, ұраның сол еді,
Оңбайды ақынды атқандар,
Оңбайды ақынды сатқандар.

Қарақшы қалт етпес сақ па екен,
Қамығып қалды ғой шат мекен.
Қазақтың Құлагер ақыны,
Ілиясты қай сотқар атты екен?!
Мерт болды тым оза шапқандар,
Тез сөнді шамшырақ жаққандар,
Тұлпарды соққыға жыққандай,
Оңбайды ақынды атқандар,
Оңбайды ақынды сатқандар.

Ақтарсам көкіректе бар дертті,
Дербестік дабылы дәл жетті.
Көгілдір туымнан көріндер,
Міржакып, Жүсіпбек, Ахметті.

Ауылдың иті боп қапқандар,
Сендерден тарқады тартқан зар.
Дүлдүлге өшіккен дүлейдей,
Оңбайды ақынды атқандар,
Оңбайды ақынды сатқандар.

ФАЗЫЛ АҒА СОЛ КЕЗДЕ СЕС БІЛДІРДІ

Жарылыстар жарқырап құлақтанды,
Бастан кештік атомдық сынақтарды.
Өлген малдай Сарыарқа даласында
Ракеталар қалдығы сұлап қалды.

Семейліктің жайламас күлкі реңін,
Жан біткенді, сұм атом, сілкіледің.
Фазыл аға, сол кезде сес білдіріп,
Күніренген күн болып күркіредің.

Мешел туған көрдік қой сан туманы,
Сұмдық болды-ау сор тандай татығаны.
Сол айкаста,
Жан аға, жан қиғанын
Ешқашан да халыққа айтылмады.

«Мемлекеттік құпия» — ланды заң,
Қаһарына талай жан болды құрбан.
Қаныш аға екеуің бірлескен соң,
Ашық жарылыс тоқтады елді қырған.

Сескендірсе Мәскеуді күшті лебің,
Қайраткерлік ісінді білсін елім.
Ерте кеттің, шіркін-ай,
Біздер көрдік,
Көп жұлдызды сұм заман түлкілерін.

Ашық жерде жарылысты нарлығыңмен
Тоқтатуға айқастың барлығымен.
Жер астында жарылыс
Тынды кештеу,
Тәуелсіз ел басшысы жарлығымен.

05.01.2010.

Астана

ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАРДАБЫ

Рымғали Нұрғалиға

Бүгін туса көңілдің кенелгені,
Көшпенді елім ертеде не көрмеді?
Бабаларым сойылмен қорғап қалған,
Шекарадан бір тұтам шегермеді.

Кей сұмдықты еске алсам мұңға кетем,
Кер заманда ел сағы сынған екен.
«Халқы сирек, жері көп», — деп Берия,
Қияметке атомдық қиған екен.

Бейбіт күнде «тілсіз жау» тұрақтады,
Жүріп жатты құпия сынақтары.
Атом және сутегі бомбалары,
Ракеталар қырғыны шыдатпады.

Кең аймақта жарылыстар етек алды,
Радиация астында ел кете барды.
Қырғын ексе Семейдің полигоны,
Жаһаннамға қазақты жеке салды.

Шекті зардап далада талай малшы,
Бұзылды ауа, у болды тамған тамшы.
Ерте кетті өмірден талай қазақ,
Жарасы ашық жауырға тиді камшы.

Үнсіз кіріп дыбыссыз өте білген,
Ажал оты жаңылмас есебінен.
Көп жыл шыдап арманда өтті өмірден,
Академик Рымғали кеше жүрген.

Бір сұмдықтың боларын біліп те еді,
Жетпіс жасқа жету зор үміт еді.
Қайран жүрек жеткізбей тоқтап қалды,
Жер-дүние кеткендей жүріп кері.

Ел қалды ғой тал түсте тосын жайда,
Ескі жара жаңаға қосылмай ма?
Зұлмат заман зардабы толғандырып,
Ішім қыж-қыж қайнайды осындайда.

КӨРГЕНДЕ ҚҰЛАГЕРДІҢ ЕСКЕРТКІШІН

*Құлагер, әкең — тұлпар, шешең — сұңқар...
Ақан сері*

Көкшеге Астанада аққан жолдың
Басында бір ғаламат ашқан болдым.
Бейнесін Құлагердің көз шалғанда,
Замана әр мезетін шапшаң шолдым.

Шырылдап бұлт төсінде дара толғай,
Адамға зарын қосып «Қараторғай»,
Ақанның Құлагері мерт болғанда
Қызыққа қалып етті-ау дала толмай!

Алты Алаш аңыз болған баласына,
Адамның ем таратар жарасына.
Құлагер дара шауып бара жатыр,
Оралып сүйген байтақ даласына.

Құбылыс алтын мұра арнасындай,
Жылқыда ерен жүйрік бар ма осындай?!
Сүйсіндім «Қазақ елі» мұнарасы,
Самғаған Сарыарқада жалғасындай.

Шыдатпас жал-құйрығы көз түсірмей,
Кім қалар бұл ғажапты кең түсінбей?!
Барады жер мен көктің арасында,
Құлагер тәуелсіздік белгісіндей.

Асқақ ән, асыл жырдың аққан селі,
Қазақтың асып туған ақтангері.
Бір аунап түскен шығар мәңгі ұйқыдан,
Жан досы Құлагердің Ақан сері.

Заулаған ерке Есілдің жағасында,
Қуанып құстай ұшқан қарасынға,
Көзіме Ілияс ағам елестеді,
Көкше мен Жетісудың арасында.

Адалдық зұлымдықты жеңді нұрым,
Меңдеген дертті басар келді күнім.
Құттықтап Сұлтан атты мүсіншіні,
Аталық ақ батамды бердім бүгін.

Көз салсақ баяғы өткен арыстарға,
Тартады тұла бойда намысты алға.
Шабысы Құлагердің шақырып тұр,
Елімді талай озар жарыстарға.

Ел жаңа, жоқты іздеуге туды сай күн,
Тағы бір беріштенген бітті қайғың.
Құлагер ескерткіші ғажап екен,
Қуанып бар қазақты құттықтаймын!

04.11.2009

ҚАНЫШ АҒА РУХЫНАН ҰЯЛАМ

Жер астының
Қазынасы мол пайданы,
Әттен, бүгін
Хақысы жоқтар жайлады.
Ен байлықты талапайға салғанда,
Кеншімін ғой,
Ішім қыз-қыз қайнады.

Алқынамыз
Барамыз деп өрлеуге,
Шақырамыз көлеңкені көрмеуге.
Қазба байлық
Шетелдік боп кеткенде,
Қиын екен сөйлемей де, сөйлеу де.

Көзім талды
Қарай-қарай қиядан,
Әуре-сарсаң ойды қалай тыя алам?!
Жүрер едім
Үндемей-ақ, тым-тырыс,
Қаныш аға рухынан ұялам.

13.12.2007

ДАРАБОЗ ТУҒАН ЕР ҚАЗАҚ

Жұмабек Тәшеновке

Қазағымның тарихында сұр белең,
Тың игеру деген туды дүрбелең.
Сол жылдарда әйгі болды
Ташенов,
«Тың өлкесін» Ресейге бермеген.

Құптамаған Хрущевтың ұранын,
Асыл тұлға кешті өмірдің сынағын.
Үкіметтің басшысы еді
қуғындап,
Шымкент етті төмендетіп тұрағын.

Жан болмады кейін әділ байқаған,
Ащы сырды енді ашық айта алам:
Хрущев құрып кетсе-дағы
шіркін-ай,
Кейінгілер көтермеді қайтадан.

Ресейден Қырымды алып қинаса,
Белгілі ғой алабүлік тынбаса.
Сол індетке ұрынар ек біз-дағы,
Ташеновтей қазақта ұл тумаса.

Сыр бермесе кеңестік сұм сойылға,
Өз басы емес,
ел тұрды оның ойында.
Бурабайда Жекебатыр секілді,
Ұйықтап жатыр Сыр-дария бойында.

Тарлан тарих ашса ақиқат есігін,
Сағыныпты асы ұлы Есілін.
Елбасының бұл да тура шешімі,
Астананың көшесі алса есімін.

Осы дерсің тәуелсіздік жеңгенді,
Еңсесін бір көтерді ғой ел де енді.
Ол туған ел қай жерінде жатса да,
Барша қазақ жүрегінде жерленді.

25.08.2009

АСЫЛ АЙҒАҚ

Зәулім-занғар мұнара — ел айғағы,
Елорданы ерекше арайлады.
«Самұрық-Ана» аспанға қанат жайса,
Ұшқан құс та бас иіп қарайлады.

Аппақ сүттей ақшанқан ақ бағана,
Үздік сана мүсіндеп туған дара.
Төрт жапырақ қалқан бар киесі құт,
Төрт тұмарға мәңгілік болған пана.

Бер жағында әйгілі «Пирамида»,
Үшбұрышты ғаламат тұнған сыйға.
«Тәуелсіздік сарайы» жел жағында,
Сүйсіндірген дүбірі жылдан-жылға.

Жан-жағында Астана жарқыраған,
Қарсы алдында «Бәйтерек» сән құраған;
Ғимараттар бірінен бірі сұлу,
Орнатқандай барлығын «Алтын Адам».

«Самұрық-Ана» басында мұнаранын,
Қос қанаты жебеп тұр нұр алаңын.
Аждаһадан ұясы аман қалып,
Көкке ұмтылып салғандай құмар әнін.

Талпынысы өзгерткен сұм өмірді,
Алтын қанат, апайтөс құс көңілді.
Қиял-ғайып қуаныш құлшындыырған,
Есіме алдым әйгілі ән «Үш қоңырды».

Ақ мұнара түбінде төрт дөңгелек,
Көшпелі ел ғой мұң шеккен көп дөңгелеп.
Бүгін қазақ өзгертті заман сырын,
Жаһандану қарқынын көтермелеп.

Іргетасын көркейтіп ақ дінгектің,
Бара жатыр намыскер, айбынды екпін:
Кеше, бүгін, ертеңнің санлақтары,
Ерліктері алғысын алған көптің.

«Қазақ елі» тамаша мұнарасы,
Ұмытылмас қазақтың мұң-наласы.
Дербестіктің символы, асыл айғақ,
Тарих көзі, шежіре сырнамасы.

2009

АҚЫНДЫҚ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Өлеңмен ғана жүрер ем,
Кей ақынша күнелтіп,
Қатыгез соғыс дүрбелең,
Қаусатты елді жүдетіп.

Кенші болдым содан мен,
Байытам деп қазақты.
Жаһаннаммен болар тең,
Қисапсыз шектім азапты.

Салғандай тұсау асауға,
Он жылдай қаздым кенімді.
Мақтаныш етем қашанда,
Кеншілік деген тегімді.

Еңбектің сол ғой жойқыны,
Адамның көркін ашқызбақ.
Күміс пен жезім толқыды,
Қопарған кенім тасқындап.

Жасаудан сақпын жансебіл,
Тау-таспен ашық егестім.
Құдайға шүкір, әйтеуір,
Мен жалаң ақын емеспін.

Жинаған ойлар жер-көктен,
Өлеңім – өмір сабыры.
Айқаспен келді тер төккен,
Ақындық алтын тұғыры.

29.03.2009

Астана

ЗАМАН ДЕРТІ

Арал кетті... Адамдар, Арал кетті,
Аралды іздеп соңынан марал кетті.
Онсыз-дағы онша емес елдің күйі,
Мына заман ұлғайтты-ау маған дертті.

Қарсы алатын қақ жолда сүйіп мені,
Көрінбейді Сарыарқа киіктері.
Басқа жерге келгендей басым қатты,
Басылмай тұр жанымның күйік-шері.

Қай қияда, қай апат, бүлік жеттін,
Сахарада Мәжнүннің күйін шектім.
Кең далада бір киік көрмеген соң,
Бірге құрып кетердей күйік шектім.

Көп жұлдызға қараймын биіктегі,
Елестейді біздің ел киіктері.
Өріп жүрген секілді жерге қарап,
Кездесуге үзілмей үміттері.

Көк аспаннан алмаймын көз қиығын,
Әнге қосып арнаушы ем сөз биігін.
Қалай шыдап жүр екен күйіп кетпей,
Арасында жез қанат жезкиігім?

Заулап келіп алқа бел, қырдан асып,
Күндер қайда сырласар мұң тыңдасып?
Қаптап жүрген киіктер ғайып болды,
Кетті ме екен Аралдың құмы басып?

ҚАЗАҚТАНУ ТІРЕГІ

Асылын сыйлау ұлтымның –
Тұғыры берік ғұрпымның.
Кәрібжанов Фазылды
Еске алуға ұмтылдым.

Жезқазған жақта жүргенде,
Білетін жалғыз бір мен бе?
Мұхит ағай паш етсе,
Құлақты жіті түргем де.

Еңбек ері бұл ағам,
Дәстүрлі ғұрпы ұнаған.
«Қазақ болсаң – Фазыл бол», –
Дегені есте дін аман.

Мен – шахтаның бастығы,
Ол – директор сақ тілі.
Сөйлететін қазақша,
Фазылға деген пәктігі.

Саясат камал құрса да,
Өзгелер сағы сынса да,
Сөйлесетін ана тілінде,
Он орыс бірге тұрса да.

Шығатын кейде назды үні,
Аз еді-ау іске мәз күні.
«Фазылдан ұят, — деуші еді, —
Шахтада қазақ аздығы».

Қанышқа берік ергенде,
Қазақтар көптеп келгенде,
Бөпежанов күшейді-ау,
Фазылдан қолдау көргенде.

Етене болған елменен,
Молайса жүгім теңдеген,
Айта алмас сырды тап кеше,
Ақтарып бүгін емделем.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ АУЫЛЫНДАҒЫ ТЕБІРЕНІС

Тіршілік, кей сырынды біліп едім,
Ескермей еркелікпен жүріп едім.
Егделік етек-жеңді тарылтты ма,
Көп достар, естілмейді дүбірлерін.

Сағыныш айтылды ғой мың хатымда,
Сәт туды ауызекі тіл қатуға.
Алдында қос анамның бас иемін,
Осы ауыл қатар жатқан зиратында.

Қос анам жатыр Ыбырай туған жерде,
Қос әкем, бабам думан құрған жерде.
Балалық хан базары осында өтті,
Шыр етіп ата жұртта туғанмен де.

Кең аспан Жалғызтаудың ық жағында,
Жер басқан жүрді дейсің кім бабында?..
Ағайын көзі көрген бала күнде,
Мен кешкен үлесің бар мұң-зарымда.

Ауылдың көкейкесті жанашыры,
Қарттардың азаймасын қарасыны.
Достарым соғыс жылғы балалар ғой,
Жасынан жазылмаған жарасы ірі.

Тартса да нарық келіп балағынан,
Тұрыпты ауыл ептеп аяғынан.
Тек қана қос көшеде үйдің саны
Кемшіндеу, азайыпты баяғыдан.

Келгем жоқ ескі күйді құрауға да,
Бармаймын бүгінгіні сынауға да.
Ауылды аздырмаңдар, азайтпандар,
Бар сырым сол сауалды сұрау ғана.

Ерекше, беу, ағайын, бай болыңдар,
Қара орын азаймасын, жайлы орындар.
Тебіренсем тілегім сол — Үкілі Ыбырай
Ардақты есіміне сай болыңдар.

2008

ЖОЛЫМДЫ АЛЛА ЖЕБЕДІ

Кеншілік — асыл кәсібім,
Ақындық — ақ сүт, нәсібім.
Әкімдік — заман әмірі,
Жалықпай жүгін тасыдым.

Жез қазған күндер — биігім,
Арпалыс шектім қиынын:
Зауыт пен шахта салысып,
Біткен іс көрдім түйінін.

Мәскеуде дабыл жаңғырттым,
Көтерді көкке албырт күн.
Қарақалпақ бауыр еліне
Үкіметтің күшін салдырттым.

Ақиқат жеңер жол таптым,
Көмекті көсеп, молдаттым.
Айқасында Аралдың
Елдің мұнын қолдаттым.

Экологтар жетіп өріне,
Чернобыль баттым шеріне.
Таласып жеттім айқаста,
Жоғарғы Кеңес төріне.

Полигон жүрді бүйірде,
Токтатар жеттік түйінге.
Арал мұнын әлемге
Паш еттім апат күйінде.

Көзінде жүрдім баршаның,
Ауылдың шетін аңсадым.
Елімнен жырақ көп жүріп,
Сағынып жеттім, шаршадым.

Кедергі, шіркін, көп еді,
Жолымды Алла жебеді.
Бақыттың сол ғой үлкені:
«Әй, кәпір» ешкім демеді.

1992
Алматы

ҰЙҚЫСЫЗ ТҮННІҢ ӨЛЕНІ

Жарық жоқ. Ұйқы қашқаны,
Ауыр түс қалды жадымда.
Сағаттың тық-тық басқаны
Зарлап тұр жалғыз маңымда.

Әйелдей пыш-пыш жинайсың,
Көрген түс миға сыймайсың.
Тірліктің тышқан жортағы,
Сен неге мені қинайсың?

Сырласар не гәп болды өзге,
Шенеу ме әлде бос сөз бе?
Не себеп ойды қозғауға,
Шақырдың ба әлде болжау ма?

...Ұғудан күдер үзбеймін,
Мен сенен мағына іздеймін.

27.10.2009

Астана

ШАЛҒАЙДА ҚҰШТЫ ҚАРА ЖЕР

Жар басында жапалақ
Өсектесе бүркітті.
Түлкі тындап тасалап,
Жасырын қағаз түртіпті.

Мерт болды Сәкен ағамыз,
Атылып кетті Мағжан да...
Үкілі Ыбырай бабамыз,
Атақты ақын Тайжан да.

Тарихка біткен тарлан ер,
Құлады биік тұрғандар.
Шалғайда құшты қара жер,
Елім деп еңіреп туғандар.

АННА КЕРНГЕ

А.С. Пушкиннен

Жадымда ғажап сол бір кез:
Алдымда тұрдың мүлтіксіз,
Елестей ғайып өткен тез,
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Үмітсіз қасірет мұң артқан,
Үрейсіз дүрмек ішінде
Үзілмей үнің құлақтан,
Баурады бейнең түсімде.

Бұрқасын жылдар шұбырды,
Ескі арман естен сейілді.
Ұмыттым нәзік үніңді,
Жүзінді жұлдыз мейірлі.

Қараңғы, қапас жерде жат,
Жылжыды күндер көңілсіз,
Көз жасым, шабыт, махаббат,
Тәңірімсіз және өмірсіз.

Оянған жаным келді кез,
Оралдың қайта мүлтіксіз,
Елестей ғайып өткен тез,
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Жөндеді жүрек желігін,
Ол үшін туды қат-қабат:
Көз жасым және өмірім,
Шабытым, тәңірім, махаббат.

Бұлт сүйіп тұр Көкшетаудың төбесін,
Бір қарап қал, қызық сурет көресің.
Еміп жатқан елестейді ақ бота,
Ақша бұлттар арасында енесін.

Тірі құбылыс бұлт шөккен тау мұнары,
Ғаламатқа қанады адам құмары.
Буырканды «Ақ бура» тау сілкініп,
Қол жеткізбей аспандағы сынары.

Көшкен бұлттар кете барды желбіреп,
Қала берді көгілдір тау мөлдіреп.
Кербез Көкше көк шымылдық жамылды,
Анасымен қоштасқандай елжіреп.

Жалғастырып табиғат пен адамды,
Сан толғаныс тербетеді санаңды.
Ақ шудаға қарай бердім мен-дағы,
Бұлт ішінен көргендей өз анамды.

Татулыққа кезің жоқ көніспеген,
Жан құпия... от сезім бөліскен ем.
Тәтті түстей өтеді еске түсіп,
Сәтті күндер махаббат өрістеген.

Жыр ма екенсің... сол күндер, ән бе екенсің?!
Нұр төгіліп, өмірді сәнді етесің.
Дос ниетпен махаббат өзін қидың,
Қос жүректің аяулы ақ некесін.

Қазды қайтем аққулы көлде жүріп,
Жазды ұмыттым... сұлу күз өндендіріп.
Сонғы деген, япырмау, сол екен ғой,
Құштарлыққа құнығып сөнген үміт.

КЕНШІ ӨМІРІ

Табиғат түскен ауыр күресіне,
Қарашы тау қопарған үлесіне.
Шынырауда нар тәуекел, үстірт қимыл,
Өмірін кеншілердің білесің бе?

Адалдық ар жолында ұстар гүлі,
Асылға таусылмайды құштарлығы.
Етуте жер байлығын ел байлығы,
Бойында анық Алпамыс күш барлығы.

Күреске нағыз кенші қашан тойған,
Қолында, беу, халайық, ашар қоймаң.
Есен-сау зор жеңіспен қырға шықса,
Әр мезет жау тойтарған асар тойдан.

Кеншіні жер бетінде пір тұтамын,
Өзім де жемісімін бір бұтанын.
Ұнайды әріптестер адалдығы,
Үзім кен ысырап етпес бір тұтамын.

Салғанда ақыл-қайрат қырғын іске,
Қаулаған қауіп-қатер біздің істе.
Дүлей күш кейде оқыс алып кетер,
Кеншінің жолы өмірде жіп-жіңішке.

Токтамай түнгі шайқас таңы шапқын,
Қатары суымасын алғы саптың.
Достарым, күнде есен оралындар,
Түтінін үзбеу үшін шаңырақтың.

Ақтаған ар жолында көп тілегін,
Ұлым да кенші болып өсті легім.
Ұстап тұр адамзаттың ен байлығын,
Ашқандар жер қазынасын деп білемін.

АҚЫНДЫҚТЫҢ ПАТШАСЫ

Сәкен Сейфуллинге

Сәкен маған кім десендер, ағайын,
Ол – ұстазым, ерте құшқан арайын.
Бала күнде тығылып жаттап, оқумен
Жабық жатқан аштым жырдың сарайын.

Ұмыту жоқ қорлық көрген ғасырын,
Содыр билік құртты қазақ асылын.
Сол заманда интернаттағы балалар,
«Көкшетауын» айтушы едік жасырын.

Сұлу жыры жылу төккен нұр еді,
Әсем әннен жаным ерте түледі.
Неге ынтық болғанымды айтайын:
Сәкен ағам сұлулықтың құлы еді.

Кенші болып Жезқазғанға келгенде,
Ұқтым сырын аққу қонған көлден де.
Қырда киік лүпіл қосты жүрекке,
Қызыл ішік киген қызға шерменде.

Сезім селі – Сәкен әні арнасы,
Көкірегімде қалды мөлдір таңбасы.
«Жезкиігім» кең жалғанды жайлаған,
«Тау ішінде» шыққан әннің жалғасы.

Кеменгерлік сан үлгісі жалғанды,
Жақын тартты талай өжет тарланды.
Үкіметке басшы болған кезінде
Қолдап кетті, қорғап өтті Мағжанды.

Сұм саясат кешсе сойқан азабын,
Бірге көрді олар оғын қазаның.
Кей ақымақ не десе де...
Ешқашан
Қос дүлдүлін айырмайды қазағым!

Сансыз қыры айтылса да қаншасы,
Есіміне жарасып тұр баршасы.
Ұлы тұлға, өжет туған дауылпаз,
Сәкен деген — ақындықтың патшасы!

25.08.2009.

Астана

ЖАҢААРҚА – ӨНЕР ОРДАСЫ

Аудан дейміз аты әйгілі аймақты,
Алтын аймақ әсем көркін жайнатты.
Осы жерде бүгін өнер ордасы,
Көріп тұрмын сүт бетінде қаймақты.

Шөл мен дала Жаңаарқада белдеуі,
Содан молдау төрт мүлік мал төлдеуі.
Сылқыл қағып бара жатыр Сарысу,
Жарқ еткендей Дайрабайдың белбеуі.

Орман, дала, өнкей сұлу қырқалар,
Көзің шалса, жүрегіннен жыр тамар.
Жігіттері тартып туған Сәкенге,
Сұлулармен әудем сәтте тіл табар.

Қалдық, шіркін, Игілікке зәру боп,
Шырқаушы еді-ау бойда дертке дәру боп.
Жағыпардың «Сағынышын» төгілтіп,
Қорабайды іздемейтін ару жоқ.

Бір тыңдасаң есте мәңгі сақтайтын,
Күй қалды ма Мұхамеджан тартпайтын?!
Қазағымда мақтан етпес әнші жоқ,
Ақселеудің «Дәурен-айын» айтпайтын.

Қайраттары Біржан салша сайраған,
Бекболаттар жаңа қарқын қайнаған.
Сал-серілер бүгін, достар, осында,
Баяғыда Көкшетауды жайлаған.

Жаңаарқаны мақтан ету жетегі,
Ата мирас тым аулаққа кетеді.
Соның бәрін ұзақ сонар тізбей-ақ,
Сейфулиннің елі десе жетеді.

25.08.2009.

Астана

ТІЛ ЖОРЫҒЫ

«Қазақ» деген байырғы атымызды,
Содыр заман садақпен атып үзді.
Ақ патша да,
Бодандық құрсауы да,
Ұмыттырмақ болды өз затымызды.

Терең толғап төркінін ел дертінің,
Абай ашты ажарын сөз көркінің.
Байтұрсынов тілімді шын түлетті,
Жайнатқандай құндызын қыз бөркінің.

Тіл күрмеліп кеңестің «жұмағында»,
Судай сінді құрдымға құба құмда.
Сонда Ахаң бастады қорғау жолын,
Ана тілін «ортақ тіл» құрамында.

«Рухани көсемі ұлтымыздың», —
Деп Әуезов құптады ғұрпын ізгі.
Тіл жорығын өзі де жасап өтті,
Сүйсіндіріп туған ел-жұртымызды.

Мағжан ақын ұрандап
Тұран барын,
Шәкәрімдер үзбеді Құран нәрін.
Жасап берді жас Қаныш ғылым тілін,
Есеп-қисап оқулық құралдарын.

Тілге Сәбит араша арнап өтті,
Тамсандырды Ғабит те барша көпті.
Жамбыл атам жаңбырдай нөсерлетсе,
Сырбай ағам сөз нәрін талша екті.

Көрнектілік Сәкендер қалыптады,
Өргек тілмен Қасымдар шарықтады.
«Маржан» терсе Мұзафар,
Сөз сарасын
Алтындауға Әбіш те жалықпады.

Егемендік алғанда елім менің,
Тіл тұғыры биік деп сеніп едім.
Орыс аздай,
Өзгеше қорыс келіп,
Тіл жорығы байқадық кемігенін.

Өндірісті сатумен маздаушылар,
Татулығы тіліммен аздау шығар.
Қазақтардың діңкесін қатырады,
Ағылшынша сөйлесіп «жалдаушылар».

Міне, содан үрейім еселенді,
Орыс аздай,
Шет тілдер кеселі енді.
Ахаң айтқан «Қазақтық қалып» қайда?
Сол «қалыпқа» салайық өсер елді.

Тазаланып шұбар тіл ала-құла,
Нұр байлансын жас ұрпақ талабына.
Ахандарша арпалыс жасамасақ,
Дым бітірмес әрекет шала-пұла.

03.01.2000

* * *

Кездессе оқыс қуаныш,
Жетелеп бақыт жол бастар.
Жұлдыздай жанған тым алыс,
Аңсатқан арман көз тастар.

Жолыкса қатты реніш,
Ашылар ащы бастаулар.
Күткендей жаңбыр тың егіс,
Кірпіктен ыстық жас саулар.

Қайғыда өксік басылмас,
Ыстық жас көзге топталар.
Шаттықта шыққан тамшы жас
Жарқ етер де жоқ болар.

ШӨБЕРЕМДІ «БӘЙТЕРЕККЕ» АПАРДЫМ

Мен де биыл
«Үлкен ата» атандым,
Бірі болдым өркені өскен қатардың.
Жетпіс беске келген шақта бұйырып,
Шөберемнің қолынан су тата алдым.

Болсын сәби бұл жалғанда өміршен,
Тілегім сол өлең болып төгілсем.
Шөберені бүгін көкке көтердік,
Осынау күнге жетуді арман көруші ем.

Туды бәрін тәубе айтып ұғар күн,
Асып-саспай бастым желін құмардың.
Астананы анықтап бір көрсін деп,
«Бәйтеректің» төбесіне шығардым.

Ғадетім мол уақыт шебін санаған,
Бүлдіршіндей балаға көп қараған;
Неге тентек
Тым ақырын өседі,
Біздер жылдам ұзағанда жағадан?

Құт көреміз тағдыр берген олжаны,
Ақ тілектің келсін бата-болжамы.
Қиналтпайды,
Қуантады, ол да той,
Бәйбішемнің «Үлкен әже» болғаны.

Не де болса кеңейді үлкен керегем,
Бакыт осы шанырақты Алла жебеген.
Кемеңгер бол, көшің толсын өмірде,
Менің туым — жаса, тұңғыш немерем!

22.01.2008.

ХАСЕН АҒА АЙТҚАН СЫР

Елім деп тынбай еңіреген,
Едіге сынды ер деген;
Паш етіп сізді, Фазеке,
Телегей-теңіз тебіренем.

Ержеттік біз де үлкейіп,
Шындықты неге бүркейік?
Сіз жайлы көп сыр жеткізді,
Досыңыз Хасен Нүркеев.

Күндерде студент шағының,
Сөз етті жастық жалынын.
Қалдырды бізге естелік,
Досының айтып дарынын.

Тұлғанды биік зорайтты,
Мінезің жайлы көп айтты.
— Ақ-қараны айырған,
Ақылдың кені, — деп айтты.

— Тисе де қолға қай тұғыр,
Халықтың қамын жейтұғын.
Тіл мен ділді қорғаған,
Айбынды тұлға, — дейтұғын.

Керекуді басқарған
Нүркеев те хас тарлан.
Ескі дос сырын ақтарды,
Бүктемей нүкте жастардан.

Сағыныш селін шақтайтын,
Жеңгейге теңеу таппайтын.
Олжабай мен Жолымбет —
Қос ұлынды мақтайтын.

– Әкетсе ажал Фазылды,
Азайтты жарқын таңымды, –
Деуші еді қатты күрсініп, –
Тағдыр да естен жаңылды...

Әр сөзі берік таспадай,
Болмысы мүлде басқадай;
Токсанға тақап Хасекең,
Аузынан өтті тастамай.

06.01.2010.

Астана

ҚАРАҒАЙЛАР

Қарағайлар — мықтылық белгісіндей,
Кім түсінер оларды мен түсінбей?!
Баян Жанғалов секілді біреуі тұр,
Тұрпатына қайтейін мен сүйсінбей?!

Нән қарағай бұтағы бірқалыпты,
Менің Естай ағамдай жұқарыпты.
Жадау күнде жан жарын еске алғандай,
Жанарында отты ұшқын тұтаныпты.

Қарағайлар қызық-ау топталғаны,
Таңырқауым көп қарап тоқталмады.
Домалақтау біреуі жүзі жылы,
Ертай ағам секілді тоқсандағы.

Бір қарағай
Бойы ұзын етті қылаң,
Етегінен елеңдеп өтті бір аң.
Молдаш ағам сияқты елді аңсаған,
Токсан үште шыға алмай Алматыдан.

Нар қарағай
Жүзінде нұр жайнаған,
92-де деп ешкім айта алмаған.
Құдды Бәйкен ағамдай мығым екен,
Ел сыйлаған беделі ортаймаған.

Қарағайлар Көкшені алқалаған,
Мәңгі жасыл өздерін паң санаған.
Тұрпаттарын көргенде елестейді
Дауылпаздар заманды арқалаған.

Көкке өрлеген
Сом тұлға нән қарағай,
Қалай өтем тұлғана мен қарамай?
Қарағайдай қартайса ағаларым,
Көңіл толқып, тебіренем жас баладай.

2009.

Көкшетау

ЖЕЗҚАЗҒАНҒА АЛҒЫСЫМ

Ассалаумағалейкүм, Жезқазғаным!
Есімде қойнауында кен қазғаным.
Тебірентіп кенші достар шат құшағы,
Жырға орап Ұлытауды кең маздадым.

Жыр еттім көңіл сүйген құмарлы істі,
Шалқыттым тау мен тасты бұзар күшті.
Балқыттым аққу-қазды әнге қосып,
Толқыттым тау ішінде ұлар құсты.

Кең дала басты талай көз күйікті,
Еншіме ел аңсаған сөз тиіпті.
Кешегі Жаксыкелді әніменен,
Жеткіздім бар қазаққа «Жезкиікті».

Дүние бір қуанды үнге байып,
Ел сүйді — сол ғой бізге жүлде лайық.
«Даланы» қарындастар қосыла айтып,
Әндетті ширек ғасыр Ділдебаев.

Көріп ем Сәтбаевтай зор алыпты,
Кешегі Ешпановты, Омаровты.
Байқасам... көшелерде аты қалып,
Көп достар үлкен-кіші жоғалыпты.

Таусылмас қаулап жатты қалың ісім,
Жырдың да жаздым талай жалындысын.
Өмірден ерте кеткен достарыма,
Бұл күнде басылмай жүр сағынышым.

Көп алған табиғаттан есең мықты,
Жезқазған, жер асылы, көшең құтты.
Жетпісте желкенімді желбіреткен,
Тілеймін бар халқыңа есеңдікті.

Жезқазған, абзалысың байтақ елдің,
Алдына ақсақал боп қайта келдім.
Мен сенің ақын-кенші түлегіңмін,
Сол үшін мың-мың алғыс айта келдім.

2002

СЕРІЛІКТЕН БИІК ТҰРҒАН КЕМЕҢГЕР

*Ұстаздарым — Сегіз сері, Нияз сері.
Біржан сал*

Мұхиттарға дауыл кешкен кеме дер,
Сегіз сері асқан талант, ерен ер...
Серіліктен азаматтық жолы кең,
Сол емес пе озық туған кемеңгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.
Баһрамұлы ол Мұхаммед-Қанафия,
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара, асқақ-ты,
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.
«Тентек қазақ ереуілін бұз», — деген
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.
Исатай мен Махамбетке септесіп,
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,
Дертке дауа тапқандай тез оналды.
Төтеп беріп, Хиуа, Қоқан, ойратқа,
Өзі дербес ел қорғаны бола алды.

Қалай ғана Мақпал қызға тамсанбас,
Ғажап сол ғой атына сұлу жан салмас.
Мерт болды ол ойраттардың оғынан,
Сонда туды ән төресі — «Ғауһартас».

Кемеңгерге тіл тигізу обалы,
О, заман-ай! Тына қойған жоқ әлі.
Керуен көшіп бара жатыр жөнімен,
Есуастандан әлдеқайда жоғары.

01.02.2010.

Астана

АНАМ БЕРГЕН ДОМБЫРА

Досымнан сыр жасырам мен несіне,
Анамды көп айтушы ем жерлесіме.
Көкшені көшкен бұлттар торлағанда,
Жан анам соғыс жылғы келді есіме.

Жан серік кам көңілдің бар назына,
Құмарттым Ақан сері ән сазына.
Мектепті мен медальмен бітіргенде,
Домбыра әперді анам байғазыға.

Күмбірі көршілерді таңғалдырды,
Көркейтті көкіректе жанған нұрды.
Жеңгейлер көрімдікке кәмпит шашса,
Үлкендер бата беріп, ән салдырды.

Студент күндер ұксап әскерге де,
Сыйғыздым тар вагонда аз жерге де.
Болсын деп қимас досым қайда жүрсем,
Әкеттім домбырамды Мәскеуге де.

Жүрегім түрлі назға тасып толды,
Ғашық ән жасырынбай ашық қонды.
Домбыра көп тартқызып аққұба қыз,
Ақыры бір көруге асық болды.

Мұңайсам сегіз перне болды ма сеп,
Құпия таң сарында мол құрап ек.
Атадым тұңғыш өлең жинағымда
Алғашқы поэмамды «Домбыра» деп.

Толғанып екі ішекке мұң да арттым,
Күмбірі жан толқытып сырға баттым.
Әжесін ерте кеткен көре алмаған,
Ұлыма домбырамды сыйға тарттым.

Қолға алсам қуанамын жар салардай,
Кезім жоқ күмілжіген ән сала алмай.
Ерланның үйіне мен жиі барам,
Жан анам Жезқазғанда қарсы алардай.

2009.

Жезқазған

ҚЫТАЙДА БОЛҒАН ЕЛШІМІЗ

Жәнібек Кәрібжановқа

Ардақтаймын Кәрібжановтар әулетін,
Жайнатып тұр Фазыл ағам сәулетін.
Жәнібек, саған жан-жүрегім шын разы,
Көтеріскен тәуелсіз ел дәулетін.

Дәлдеп айтсам, ақ жүрегің кең екен,
Оны білмес арлы қазақ кемде-кем.
Қазақстан туын көкке көтеріп,
Көкшетауды басқарғаның — мерекем.

Қытайға да елші болған інімсің,
Аруақ қонған,
Асыл туған ірімсің.
Қызылжар мен Омбы — бауыр-туыстар,
Қос аймаққа жақындығың білінсін.

Мақтан етер асыл ісің көп сенің,
Туған елдің бар қажетін көкседің.
Ауыр күнде Өскеменді өрбітіп,
Құтты болсын Астанаға жеткенің!

ДӘУЛЕТБАЙ БЕРГЕН «ШАЛҚҰЙРЫҚ»

*Арғын қарауылдың Жақсылық тармағынан
тараған Дәулетбай Әбілмәнсүрге пана болды,
жылқыдағы ең жақсы аты «Шалқұйрықты»
берді. Сол аттың үстінде ол Абылай атанды...*

Шоқан Уәлиханов

Дәулетбай төл баласы Қалдаманның,
Бірі еді Жақсылықта малды адамның.
Тebінде мыңдап жылқы кісінеткен,
Дәл өзі Алла бақыт арнағанның.

Сенеміз көне тарих көп ілімге,
Толқиды дария тасқын көңілімде.
Әйгілі Абылай ханға пана болған,
Көп сыр бар Дәулетбайдың өмірінде.

Шындыққа Шоқан бабаң іңкәр келген,
Айтыпты тарих сырын ұтар жерден:
Жоңғарға Әбілмәнсүр аттанарда,
Дәулетбай Шалқұйрықтай тұлпар берген.

Жануар әз бітімін мәлім етем,
Жүрісі құйын желдей ағын екен.
Алтын жал, алтын құйрық көз қаратпас,
Тұлғасы лаулап тұрған жалын екен.

Төрт тұяқ шаң боратар шабысы бар,
Айқаста әр қимылдың мәнісі бар.
Кеуделеп жаудың атын соғып өтер,
Үйреткен Әбілмәнсүр әдісі бар.

Жүйткісе тік созылар алға басы,
От-тұяқ тепсе тиер жарға тасы.
Малдың да ататегі, үйірі бар,
Шалқұйрық — Құлагердің арғы атасы.

Шарышқа от-жалындай жанып жетті,
Жасқанған жау көзінен бағыт кетті.
Сол кезде Әбілмәнсүр көк желкеден,
Қалмақтың қауға басын қағып өтті.

Күш те мол, ыза-кек те ашындыртқан,
Жас батыр жалауланды затын ұққан.
Шарыштың басын алған Абылайдың,
Үстінде Шалқұйрықтың аты шыққан.

ТОҚТАМАЙДЫ ЖҰМЫР ЖЕР

Есіме алсам өмірдегі әр ізді,
Қарақалпақ елі — жолым маңызды.
Кремльдің солдатымыз ол кезде,
Мен барам деп бергем жоқ қой арызды.

Сол өлкеге арнадым дәл бес жылды,
Арал үшін айқас бастап көш кірді.
Ең ғажабы, жаны ашымас теңізге,
Негізі бар кей есере ес кірді.

Арал десек қыза түсіп үдеймін,
Егделікті тез ұмытып түлеймін.
Тоқтамайды, жер айналып барады,
Көк теңізге ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,
Аралға да бақ жұлдызы қонады.
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те бүгін бізде зор табыс,
Болашағым етер үлкен қолғабыс.
Нақұрыстардың тым надұрыс ісіне
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.

АСЫЛ ҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Халел Досмұхамедовке

Арнаған азат таңға жан өрісін,
Ардақты барша қазақ Халелісін.
Алашқа алтын күмбез орда салған,
Занғайыр өнер-білім әлемісін.

Жарасқан суыт жолға ат-тұрманың,
Ар-намыс екі етпедің тапсырғанын.
Дәрігер, ғалым, ұстаз һәм қаламгер,
Айқаста артық сарбаз таптырмадың.

Ізінмен жүріп дәріс таттық дәмін,
Көп ойлап күрсінсем де аптықтадым.
Туған ел құшағына қайта басты,
Тар соқпақ, қилы заман лақтырғанын.

Көп сұмдық көз алдымнан сырғанайды,
Қас болып адал досын кім талайды?!
Дәлел жоқ, Халел аға, сізді айыптар,
Күн туды шер тарқайтын бірталайғы.

Алты Алаш ардагері – Халелісін,
Тұр қаулап, мәңгі көктеп бар егісің.
Елім деп еңіреп жүріп, аңсап өттің
Қазаққа азат өмір әдемісін.

Басылмай Махамбетшіл қарқын әлі,
Қияда ақбоз атың арқырады.
Алаулап Атырау жақтан жалауланып,
Зор тұлғаң жанартау боп жарқырады.

ҚАНЫШ ПЕН ШОҚАН ЖАЛҒАСТЫ

Ел абызы Едіге жайлы айтқанды
Шоқан жазып, орысша боп хаттанды.
Ақылды орыс бір ноғайға аудартқан,
Қайта туған қазақшасы сақталды.

Жас кезінде алғыр Қаныш шүйіліп,
Шорқақ тілге шыдай алмай күйініп,
Жан бітіріп, жаңартты да тазартты,
Өз тілінде ел оқырдай сүйініп.

Дегендей-ақ енді адасып кетпесін,
Келістірді көне, жаңа дестесін.
Ел көксеген көне аңыз-дастанның
Қайта оралтты шықтай таза кестесін.

Елеуіштен өткізгендей ақтады,
Ұлы ұстазға ізет, құрмет сақтады.
«Тасырқаған мал тұяғы секілді»
Нобайы жоқ ноғайшылдық жақпады.

Ахмет мырза «сандырақтап» кеткенін,
Осып өтті білдірмей-ақ өктем үн.
Қазақтардың қадірлеген кезі екен,
Татар намай сөйлеудің де мектебін.

Шоқан, Қаныш жалғасып тұр осылай,
Қос дананың қиялы бір, көші бай.
Білем деме қазағымның тарихын,
Едіге жырын Қаныш жазған оқымай.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ «АҚ ҮЙІ»

Абылай ханның «Ақ үйі» —
Тарихтың тарлан белесі.
Айтылып жүрді тым жиі,
Сағынтып елді төбесі.

Жырына қосты бұл үйді
Үкілі Ыбырай бабамыз.
Содан соң бізге мұң үйді,
Болғандай көпке бәрі аңыз.

«Гәккушіл» ақын атылды,
«Ақ үй» де өшті кешікпей.
Күрсінтті алыс-жақынды,
Күтімсіз қалған мешіттей.

Кеңестің ісі жандайшап,
Кесірін кімдер айта алды?
Санаменен сарғайсақ,
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алғыс,
Киелі төрді жанартқан.
Туғандай қайта құмар құс,
Тамсанып елді қаратқан.

Толқыды бітік егін де,
Ақ қайың шексіз орманы.
Шалқыды дала шебінде,
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында,
Тарихқа терең зерттеткіш.
Орнады «Ақ үй» қасында,
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,
Шекара шебі алыстан.
Алатау, Алтай, Каспийді
Көрсетіп тұр данышпан.

Дегендей болды: «Ә, Құдай,
Дұшпанға ызғар, сес берем».
Сыйынды-ау сонда әз Абылай,
Түркістанға, Көкшемен.

Абылай ханның мүсіні,
Президент қостап жетілді.
Тебірентер көрген кісіні,
«Мыс салт атты» секілді.

Сілкінді «Ақ үй» белгі боп,
Абылайдай асыл еріме.
Сұқтанып қарау енді жоқ,
Телегей-теңіз жеріме.

Қуаныш шексіз халқымда,
Жыр төксем, айтар ән дайын.
Жарқылда жаңа қарқында,
Жайнасын, «Ақ үй», маңдайың.

Ұмытпас талай ғасырлар,
Ұрпаққа үлгі ғұмырын.
Құтты болсын, Қызылжар,
Бүгінгі шалқар дүбірін.

19.10.2007.

Астана

Күн жақсы өтсе
 Түн тыныштық береді,
 Жыл жақсы өтсе
 Үміт, сенім жеңеді.
 Беу, достым-ау,
 Жемісті болса тірлігің,
 Сен кеткен соң
 Екінші өмір келеді.

АТОМ ҚҰРБАНДАРЫНА ЕСКЕРТКІШ

Шота Уәлихановқа

Ядролық жарылыстар басталғаны,
 Берияның осы еді басты арманы.
 Империя АҚШ-пен арпалысқа,
 «Жері көп...» — деп қазақтан жасқанбады.

Аңқау елім әу баста түсінбеді,
 Түсінгенін Хрущевтер ішіп-жеді.
 Тоқсан бомба ауада, жер бетінде жиырма алты...
 Жарылыстар күн кештік ішіндегі.

Жер астында жарылыс жеделдетті,
 Үш жүз елу төрт бомбаны бебеулетті.
 Қиған малдай қасапқа құрбан етсе,
 Бір жарым миллион қазаққа кесел жетті.

Көбейткендей кедейдің қалың сорын,
 Кім білмейді Семейдің полигонын.
 Қырық екі жылдан соң Назарбаев,
 Полигонды жабуға қойды қолын.

Содан бері тоқталды заманақыр,
Тәуелсіз ел өркендеп бара жатыр.
Құрбандарын атомның еске алғанда,
Ескерткішке Семейде қара да тұр.

Қара мәрмәр ішінде бұлт қаптаған,
Саңырауқұлақ лаулап тұр будақтаған.
Ақ бас жалын түбінде Ана отыр,
Нәрестесін бауырына құндақтаған.

Қайран көңіл көргенде тез жетілді,
Талай опат осындай елге тиді.
Ана, бала отырған от ішінде,
Аштық жылғы анам мен мен секілді.

Алғыс айтсақ Елбасы сенгеніне,
Толқып кеттім от сезім жеңгеніне.
Біткен ісің аз емес, Шота, сенің,
Мен сүйсіндім дәл осы еңбегіне.

09.02.2010.

Астана

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Жебеп мені жырдың дүлдүл парнасы,
Өлең-дария ашылды кең арнасы.
Осы қазақ кім десеңдер,
Мен болам
Сәкен, Лияс, Бейімбеттің жалғасы.

Дархан өмір жасқаншағы емеспін,
Тура қара келсе айқын кеңескің.
Ақын десін,
Әкім десін,
Әйтеуір,
Елді үшке бөлді демес мені ешкім.

Өзін ойлап,
Елдің мұнын елемес
Ашқарақпен жасап өттім ерегес.
Кең қопардым, Арал үшін айқассам,
Шен-шекпенді қиялдаушың мен емес.

Туған елім ақын-кенші атаған,
Көңілі қаяу үзілмейтін хат алам.
Жойқын Каспий топан суын тежесем,
Бекет ата аруағынан бата алам.

Құлагердің дүбірінен жаралдым,
Ақан, Біржан, Ыбырайдан таралдым.
Абай атам ақындыққа шақырса,
Кенші күнде мен Қаныштан нәр алдым.

Ақындығым емес жеке ермегім,
Тым көп таттым дүние жалған кермегін.
Төгіп келем қара терді аянбай,
Қатар қазып жер кені мен сөз кенін.

Өмірбаян шет-жағасын қоса алам,
Гүл терсем де көп жабысты ошаған.
Ұйықтап жатыр
Есіл жақта қос әкем,
Көкшетаудың топырағында қос анам.

Жер төресі – атамекен, киелім,
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.
Ата-баба аруағы дарыған,
Ұлытау мен Жездіге бас иемін.

Аз тарихты асқақтатпан сөзді үйіп,
Шалғай кетсем,
Етті тағдыр көз күйік.
Өзіме де қан қақсатып оқ тиген,
Жүрек сырын елге жайса «Жезкиік».

Алыс жолда жүрген ауыр шақтарда,
Өлең өрдім ерте тұрып ақ таңда.
Сағынышты сәлемімді арнадым,
Еділдетіп құстар елге қайтқанда.

Алыстардан есен жеттім еліме,
Дүбір қостым дербестіктің деміне.
Азаттықтың Мағжан мінез құлымын,
Сол бағыттан көрер қазақ мені де.

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.
Соның бәрін айғақ етер өмірім,
Жүзге бөлгіш сұмпайылар өшкенде.

Айтар сырым,
Осы ашық тілегім,
Ұлтқа бөлмей, жұртқа бөлмей түледім.
Жүрегімнің лүпілінен естіндер
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің тілегін.

БӘЙКЕН АҒА, БАҚҰЛ БОЛ!

Бәйкен Әшімовке

Тулаған нар кеудеде тасқын арман,
Мейірбан кәрі-жасқа, жақсы қорған.
Сұм ажал ел абызын алып кетті,
Он төрт жыл Үкіметке басшы болған.

Өмірі аңыз-дастан, кілең күрес,
Бірге өтті Димекенмен үзеңгілес.
Тоқсанды еңсерсе де топтан қалмай,
Егемен елге қосты үлкен үлес.

Қырандай Алатауда самғайтұғын,
Жан еді-ау тер төгілткен алмай тыным.
Әкетті тоқсан үште Бәйкенді де,
Қара жер қанша жұтса тоймайтұғын.

Мықты еді, түсті тағдыр шалғысына,
Жетті ажал Бақыт атты жан құсына.
Қырық күн өтпей жатып оқыс кетті,
Шыдамай жан жарының қайғысына.

Көкшетау жоғалтқандай сандалкерін,
Байтақ ел ұмытар ма абзал ерін?!
Бақұл бол, туған елің бақұл саған,
Жан аға, торқа болсын жатқан жерің.

05.02.2010.

Астана

КӨҢІЛ НАЗЫ

Өмірдің жазы өтіп, қысы қалды,
Көңілдің іші тозып, тысы қалды.
Сыр бермей серілікпен жүрсем-дағы,
Кәрілік қыр соңыма түсіп алды.

Барады жылдар өтіп ағындаған,
Таусылмас, қайран көңіл, назың маған.
Баяғы қызыл ішік киген қызды
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,
Қарайлап көз талдырсам шың басында,
«Жезкиік» жаутаң қағып жұртқа жайды,
Қалғандай аңыз болып бір ғасырға.

Ақтарсам айтылмаған үзік сырды,
Жүрекке тым ертерек «бұзық» кірді.
Көкшетау көп қызының еркесі едім,
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Қыс келсе бар құпия баяндалды,
Шабыс жоқ, қара жорға, аяң қалды.
Көз салған аққу-қазға дәурен өтіп,
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

11.12.2010.

Астана

ОЛ ҰҚСАДЫ АБАЙДЫҢ БІР ҰЛЫНА

*Дүние – дүрмек өткінші.
Манаш Қозыбаев*

Қара бастың қамын ойлап нығырлап,
Иван Грозный сияқты елді сығымдап,
Сталин де өтті қырғын орнатып,
Демократияны Бериямен тығындап.

Хрущев те бір зу етті шырылдап,
Тың өлкені алмақ болды қырындап.
Жағы түспей, тақты бермей Брежнев те,
Тоқыраулатты, боқыраулатты, қырылдап.

Тарих-әжем болса көпке екпінші,
Әрі қамшы, әрі құймақ деп білші.
Ельцин соғып,
Горбачев те құлады...
Ең дұрысы: бәрі болды өткінші.

Қай заманның атса-дағы қай таңы,
Тарлан тарих жүрісінен қайтпады.
«Көп асқандар бір тосқанға жолығар», —
Тура келді деп Абайдың айтқаны.

Бөленгендей даналықтың нұрына,
Манаш досым қанық болдым сырына.
«Дүние — дүрмек өткінші», — деп толғанса,
Ол ұқсады Абайдың бір ұлына.

СӘЛЕМ БЕРДІК ШОҚАНҒА

Лүпілін жүрек түсінді,
Тосқандай алда мол мұра.
Сан көрме бізге ұсынды,
Бабалар өскен Омбыда.

Ақ парыз алып келгендей,
Ертісте құтты қалаға;
Сағынып сәлем бергендей,
Бас идік Шоқан данаға.

Көкірек қайтсін нұрланбай,
Өрбіді көңіл дауылы.
Қасымда бірге тұрғандай,
Мен өскен Шоқан ауылы.

Алдында тағзым еткенім,
Төкті ғой жастай нұрын көп.
Көрініп тұрды мектебім,
Елестеп көзге Сырымбет.

Көңілге шаттық толды да,
Толқытты бей-жай тұрғызбай.
Көкшеде туып, Омбыда
Жарқ еткен сөнбес жұлдыздай!

Жеңіске іздеп мың тетік,
Мыңменен жалғыз жарысқан.
Оқыған жерін түрлентіп,
Қасқайып отыр данышпан.

Бір көруді расында,
Армандап жүрдім жете алмай.
Көп тұрдық мүсін қасында,
Омбыға тастап кете алмай.

2008.

Омбы

БІЛМЕЙДІ-АУ ДЕП ҚОРҚАМЫН

Ел байлығын талатқан,
Ішінде жүрміз ортанын.
Жалғыз ғой, шіркін, Жаратқан,
Көрмейді-ау деп қорқамын.

Қапылыс емес жаңылыс,
Қажеті сол ма адамның:
Сатылу, ұрлау, атылыс,
Бейнесі болды заманның.

Бір елді бір ел ойрандап,
Жазықсыз жатыр жайратып.
Қаруға сенген тайрандап,
Есерді қойды-ау сайратып.

Қалауын бермей халыққа,
Ептілер еркін жайлайды.
Жеткендер ірі байлыққа,
Ақшамен аяқ байлайды.

Әккі қу мың-мың асайды-ау,
Асырып айла-тәсілін.
Адам түгіл, жасайды-ау
Алладан да жасырын.

Жаратқан сыйлап нұрлы күн,
Ойласа ғалам мол қамын;
Жер беті кейбір сұмдығын,
Білмейді-ау деп қорқамын.

18.08.2004.

Астана

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕККЕ

Ақселеу, жақсы көрген інім едің,
Жайылды шартарапқа үнің сенің.
Атандың ойлы ғалым, тойлы сері,
Ұлтымның ұйытқысы еді жүрген жерің.

Не жазсаң сүйсіндірді үнің көпті,
Шежірені шегелеуге тілің жетті.
Тарихқа «Дәурен-ай-ды» шырқап кірдің,
Күмбірі күмбездердің ғұмырлы етті.

Тындаушы ек әр сөзінді тына қалып,
Сондайда қанды елдің құмары анық.
Ұлтжанды ұстаздығың ол бір төбе,
Әкелді күй тарихы ғұламалық.

Болған жоқ өнерпаздар аз жанында,
Жәнібек, Бекболатпен маздадың да.
Шын білгір, жанашырлық себің тиді,
«Тәттімбет» атты дастан жазғанымда.

Сөз етсең түркі тектес далалықты,
Ер мінез көшпенділік дара бітті.
«Ауызша тарихың» — зор ескерткішің,
Данқына қосқан абзал даналықты.

Ешкімге қабақ шытып шетінбедің,
Көрінді нар тұлға боп жетілгенің.
Қазағым «Ахаң» десе, сен шынайы,
Ардақты Ахмет аға секілді едің.

20.03.2010.

Астана

БАРША ҚАЗАҚ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

Ж.Қизатовтың құлпытасын ашқанда

Қан майданда фашизмді қиратып,
Адамзатты өткен қатты сыйлатып,
Тірі күнде аты аңызға айналған,
Осынау жерде жатыр Жәлел Қизатов.

Сексен жылдық тойын атап жан-жақтан,
Құлпытасты аштық көркі тандантқан.
Қызылорда алғыс айтам халқына,
Асыл ұлға асқақ белгі орнатқан.

Куә болдық қонған іске ақылға,
Биік екен өнерпаздық татым да.
Зор бағанда жайнап тұрса жұлдызы,
Мәрмәр кітап ашылып тұр ақынға.

Есіл ұлы Сыр бойында жатқаны,
Дос-жаранның ақ сенімін ақтады.
Көз жұмарда жатар жерін өзі атап,
Талай жылғы сыйластықты сақтады.

Ескерусіз қалмас әсте ер кісі,
Құрмет табар тірліктегі зерлі ісі.
Өзім көрген осынау ғажап құлпытас —
Барша қазақ бірлігінің белгісі.

07.05.2001.

Қызылорда

ТҰМАНБАЙҒА

Тұманбай, құтты болсын жетпіс бесін,
Алпыстай тал түс емес, жетті бесін.
Бірақ та қартайдым деп мазаланба,
Жастармен махаббатшыл сен біргесін.

Қазақтың саған үйір жақсылары,
Көруге сұлулардың тапшы бәрі.
Арнайы сәлем айтты Жезқазғанның,
Біздерді кездестірген шахталары!

Төрінде қанат жайған өңшең сері,
Сарыарқа құттықтайды сенсен белі.
Тілейді саулығыңды көп жаса деп,
Сал Көкше «гәккулеткен» сексен көлі.

Шалқытсаң кең салтанат бар себебі,
Қазаққа мөлдір жырың ән себеді.
Жүрегі жылып саған қол соғып тұр,
Киелі Астананың «Бәйтерегі».

Байтақ ел дүбірлетсең шартарабын,
Тойынды өлендетіп қарсы аламын.
Аруағы Нұрғисаның жебеп жүрсін,
Тік шырқап «Құстар әнін» жар саламын.

Баяғы жас кезімдей шырқайын мен,
Қосылсын көкте құстар нұрлы айыңмен.
Тойыңа бар қазақты шақырыпсың,
Бақытқа бөлене бер Күлтайыңмен.

Жасыңнан балғын жырдан қанат алдың,
Дәл сендей «Балдырғанға» жарасар кім?!
Жетпіс бес көп жас емес, жүзге есен жет,
Ақ маңдай нар шыңындай Алатаудың!

20.03.2010.

Астана

ТІРШІЛІК

Жат қылыққа жоламас арлы кісі,
Жақсылыққа бастайды барлық ісі.
Жылап келіп, жыламай кетуді ойлар,
Таусылғанша тірлікте бар тынысы.

Қыз баладай тым ерте шырайланған,
Қызығың көп, тіршілік, ұнай қалған.
Содан болар өзіңе ғашықтығым,
Өкінбестей жолымды құрайды арман.

Іші тарлар тартса да кері мейлі,
Жақсы ұлынан туған ел жерімейді.
Алғанынан бергені көп адамның
Ешқашанда беделі кемімейді.

Ғажабы бар кей жылдар алшандатқан,
Азабы бар кей күннің арқандатқан.
Мезет екен тіршілік өте шығар,
Жанарындай маралдың жаутаң қаққан.

2009.

Астана

ҚАРСАҚБАЙДЫҢ ТАҢШОЛПАНЫ

Зәуре Омароваға

Тамаша жарқын жүзі,
Қазақтың алтын қызы.
Ұрпаққа үлгі-өнеге,
Зәуре апай қаркынды ізі.

Киіктей қыр басында,
Ғажайып тұлғасы да.
Жүрегі жұлде байлар,
Жарасаң сырласуға.

Белгілі асыл заты,
Жайылды ғасырға аты.
Одақтық Парламенттің
Ол — тұңғыш депутаты.

Зәуре апай, дара тұлған,
Ерте оздың санатыннан.
Қарсақбай таңшолпаны
Өзінсін дана туған.

Алатау шынарысың,
Ер жігіт құмарысың.
Балқаштың ақ сазаны,
Ұлытау ұларысың.

Қыз-қыран көші ілгері,
Ғажап қой көсілгені.
Жайнай бер, алтын жұлдыз
Сарыарқа төсіндегі!

28.11.2004.

Астана

ЖАҢААРҚАДА САРЫ КҮЗ

Сәкен тойы Жаңаарқада басталды,
Сары күз де шырқап жатыр жақсы әнді.
Салтанатқа ашық күндер бұйырып,
Сайран туды биіктеткен аспанды.

Сайын дала сан қырғыннан шаршаған,
Сағынып жетті мерт болса да қанша жан.
Сарыарқада Жаңаарқаға құт қонды,
Сабылып іздеп Асан Қайғы аңсаған.

Сәті түсіп Дүйсенбай інім үйінде,
Сансыз ойдан жеттім осынау түйінге:
Сары Тоқа есіп тұрды сарыны
Санлақтардың әрбір ән мен күйінде.

Саршатамыз күзді сүйді пәк жаным,
Сары уыздай жұпар ауа жұтқаным.
Сары тоқаштай қызыл беті нарт-жалын,
Сұлулық қонған арудың көрдім аппағын.
Сап-сары қыздар алдымнан жайнап өткенде,
Сергек жүрек лүпілін әрең шақтадым.

«Сарыжайлауды» жас пен кәрі тартады,
Сүмбіл күмбір қыздырады арқаны.
Сәлемдесіп кемпірлер — өз қатарым,
Сыр білдірмей көзбен көңіл артады.

Сарысудың сылқыл қаққан есті үні,
Сарғылт орман жарқырап тұр кескіні.
Сұңқар жігіт «қыз қууға» ұмтылып,
Сал күреңмен бастыртты шабдар бестіні.

Сактану қайда қарсы желдің өтінен,
Самғап ұшты шаршы топтың шетінен.
Салт қамшыны сауырлап жетіп сұлуға,
Сүйіп алды сары майдай бетінен.

Самсап тұрды ақбоз үйлер жарқырап,
Сәйгүліктер ойнақтай басты арқырап.
Сауықшыл қыздар алтыбақан тепкенде,
Сабырсыз жігіт жетті ауылдың салты ұнап.

Сарғылт дала сағым сырын шештірді,
Сыбыр-күбір жанға жағып ес кірді.
Сағыныштың назды әуенін маздатып,
Сәкен әні Серік салған естілді.

Салты ғажап қызық думан көсілді,
Сансыз адам Қарауыл төбені өсірді.
Сары алтынмен жазып жатыр сары күз
Сары Тоқа деген дана есімді.

21.09.2009

ӨМІРІМНІҢ ӨЗІ ӨЛЕҢ

Жалғызбын ата-анадан,
Балалық өтті жаутаңкөз.
Лүпілін үнсіз санаған,
Жыр болды жүрек айтқан сөз.

Ақындық ерте ерсе де,
Кеншілік төрін жолдапты.
Соғыста елім жеңсе де,
Ауылдың халі ойлантты.

Ауырлау жүктен қашпадым,
Аңғарған адам байқасын.
Нүкісте жүріп бастадым,
Аралдың ащы айқасын.

Әлдекім сенбес бір көрген,
Аз емес әлі татарым.
Өлеңнің бәрін мұң берген,
Көрсен де озық қатарым.

Қамы емес қара басымның,
Қам көңіл кейде айтарым.
Менің мұңым — асыл мұң,
Абайлап, досым, байқағын.

Шыққандай ашық алаңға,
Сырымды ұқсаң сезер ең.
Біле де білген адамға,
Мен шеккен өмір өзі өлең.

ШАФЫҚ АҒАНЫҢ АЙТҚАНЫ

Ойымды осынау құпташы,
Үш жүзге бөлу — жұт басы.
Тірлікті қандай шексек те,
Бірлікте — өмір тұтқасы.

Ордалы жаумен қағыспа,
Опасыз дастан алыста.
Сүйеніп өт қашанда,
Ар-ождан, бойда намысқа.

Есті адам сырттан сыйлайды,
Ақымақ жел сөз жинайды.
Өкпеге қиса ескі дос,
Өлімге сені қимайды.

Аспан-көк, биік ғарышта,
Жердегі қырғын жарыста,
Кез болсаң да қай дауға,
Бет жыртуға барыспа.

Жылы сөз асыл жетегі,
Өмірде септік етеді.
Қыршыңқы қылық өкіңтер,
Түбіне ақыр жетеді.

Айтарым осы безектеп,
Ақыл-ой тұрсын кезектеп.
Қасықтап жиған абырой,
Төгілмесін шелектеп.

1996

ҚҰРДАСҚА

Нұрғожа Оразға

Нұрғожа, қадірменді құрдасымсың,
Сыр шертсем ескі шерім бір басылсын.
Біз туған отыз екінші жыл опат еді-ау,
Аштықтан аман қалған бір ғасырсын.

Жас ұрпақ бұл сұмдықты біле жүрсін,
Ата-ана ақталды ғой тілегі шын.
Қазақтың тең жарымы қырылғанда,
Біреудің есен қалған тірнегісің.

Бала едік соғыс жылдар дірдектеген,
Айтуға кей сұмдықты тіл жетпеген.
Соқамен сиыр жеккен бораздада,
Күндер-ай, екі көзден мұң кетпеген.

Сақтады Құдай жоқтан от аларды,
Нар етті өңкей жүдеу боталарды.
Қарашы құрдастарға,
Кім сыйламас,
Атакты Шерхан, Камал, Шоталарды?!

Манайын сыйлағандай Құнанбайдың,
Ежелден досы екенсің Тұманбайдың.
Кіршіксіз сүттей таза араларың,
Мен қалай бұл ғажапқа қуанбаймын?!

Жетпіс бес елу де емес, алпыс та емес,
Тірлікте баға жетпес жарқын белес.
Қызық өтті, алдымда не болар деп,
Құрмайық құтты жаспен салқын кеңес.

Қазанат жүк көтердік аруақ жебеп,
Азамат ізіміз бар мұрат демек.
Сұрайтын Жаратқаннан енді бізге,
Көз жұмбай серттен таймас қуат керек.

20.10.2007.

Астана

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖАРШЫСЫ

Аманжол Қошановқа

Құттықтап үш жиырма бес жасыңменен,
Аманжол, алдында тұр асыл белең.
Сен-дағы құр алақан келген жоқсың,
Сырың мол ескі, жаңа ғасырменен.

Бұл жалғыз болмаса да қолда барың,
Қуантты үр жаңа еңбек жолдағаның.
Ұлттық мүдде теңізі толқып жатыр,
Ол – Елбасы қарқынын қолдағаның.

Ой тоғытсаң заманның жүгін артып,
Бар сырымды айтайын бүгін сарқып:
Кей жаманның думанды дабылынан
Сенімен бірге шеккен мұным артық.

Соғыс жылдар есімде мың құрағы,
Құлыншақ күнім қиядан шұркыралды.
Анам кешкен қасірет еске түссе,
Елестейді сұм тағдыр мың сынағы.

Сол замана келместей жол атқарар,
Еңбегің зор егделік толас табар.
Ұлттың мұңы қашанда көксегенің,
Бір ісің жоқ тасада қораш қалар.

Сараптасаң зер салып қай кезенді,
Дөп басыпсың қазағым көздегенді.
Жеті өлшеп, бір кесер мінезің бар,
Бөгде-бөтен жолатпас сөз дегенді.

Ақ табақта жас соғым телшігіндей,
Көрсө бізді Батыс пен көрші Күнгей.
Жем болмауды сен мықтап шегелепсің,
Жаның ашып өзіңнің меншігіндей.

Кітабыңды сүт жаңа мақтағаным,
Алаш рухын көксеген бақ талабың.
Әлихан, Смағұл, Тұрарды жалғастырып,
Ой қозғаған үніңе шаттанамын.

Қалың ойдың қыртысын баптағаның,
«Заман сыры» деп өзім ат тағамын.
Өміріңе заңғайыр белгі болды,
Егделікке желкендей сақтағаның.

Ортақ меншік қатардан қалғандығын,
Ел түсініп жөн бағыт алған бүгін.
Көл қорыған қызғыштай дұрыс айттың,
Сыбайлас ұрлық сан ойран салғандығын.

Әлдекімше жасамай былқылдақ үн,
Жетістігің — шындыққа ұмтылғаның.
Экономика дегенде ұлттық мүдде
Қорғаны боп сүйсінтті ұмтылғаның.

Көбейтуші ем кейде мен күрсінуді,
Сабақ еттім ойыңа түсінуді.
Тура айтыпсың, табысты қалта жұтпай,
Мемлекеттік коржынға түсіруді.

Жаһандану заманы сақ қыраны,
Бұл еңбегің — өміріңнің ақ тұмары.
Ұлт мүддесін тап солай қорғай білсек,
Қазағымның жолына бақ тұнады.

01.10.2009.

Астана

АҚ ТІЛЕК

О, тағдырым! Бергім келіп мол өнім,
Әр сөзіме көңіл нұрын төгемін.
Мен ғашықпын самғауына Сәкеннің,
Құс қанат бер
Тік шырқауға көнемін.

Дей көрмеспін:
— О, тағдырым, тыным бер!
Шәкәрімнің сан салалы мұнын бер.
Шал ақынның әзілінен бір жонып,
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер.

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,
Мың толғанам іздеп ойдың тереңін.
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,
Ал содан соң жетегіңе еремін.

Ақын Қасым дабылы бар санамда,
Ол дес келді біздің бодан заманға.
Құлагершіл, кең далашыл жаралған,
Лияс ақын дүбірін бер маған да.

Әне, сонда дер едім мен күштімін,
Көп бітірер өлеңім де іс, тыным.
Тілегімнің ең үлкенін айтайын —
Сыйла, тағдыр, Абайлықтың ұшқынын.

Менің-дағы көп аңсатқан ақ гүлім,
Жер-жаһанға «Жезқияқ» боп тапты үнін.
Ақан сері болып құсқа ән қоссам,
Құлагердей ұрып жықпа тап бүгін.

08.10.2010.

Астана

ФАЗЫЛ КӘРІБЖАНОВҚА ОДА

Бірінші өлең

«Шын арыс біткен кең жігер,
Үлкеннен үрікпей тең жүрер», —
Деп айтты талай кездескен
Қарағандылық кеншілер.

Еңкейген бүгін кәрі де,
Сақтап жүр есте әлі де.
Жезқазған мен Қарсақбай,
Ұлытау, Жезді — бәрі де.

Көп ісің есте көшелі,
Көңтерілі де еселі.
Көмірде жүріп қайратың
Темірдей болды деселі.

Үскірік көрдің қысты да,
Дұшпаның сезді сұсты да.
Сеп берген бастық атандың,
Көбейтуге мысты да.

Азайтып өзге сөзді де,
Малғандай мұңға көзді де.
Ұмытпас мәңгі сыр шертті
Қаныш аға Жездіде.

Әр сөзі қозғап жүректі,
Тылсымға нұршыл гүл екті.
«Кәрібжанов — нар тұлға», —
Деп көңілді түлетті.

Тойтармас килы заманы,
Тұлпарсың тозбас тағалы.
Бұқардың жырын жатқа айтқан,
Дәстүрің қандай бағалы.

Ақ жүрек мұңлы бабы көп,
Арманың жалғас ақ тілек.
Мағжанның жырын тараттың:
«Сүй, сәулем, сүйші тағы», — деп.

Жайлаған құтты саянды,
Көп еді досың аяулы.
Інілер өргек болсын деп,
Үлгі еттің батыр Баянды.

Паш еткен қайсар іргекті,
Біздерге талай үн жетті.
Махамбетті дәл сіздей
Ардақтай ешкім білмепті.

Тұманды өрде жарықсын,
Жалтара білмес анықсын.
Сәкен мен Ілияс дегенде,
Жалындай ыстық жаныпсын.

Болғаның сонша табанды,
Шошытты-ау бодан заманды.
Ерекше сыйлап өтіпсің
Үкілі Ыбырай бабамды.

«Халық жауы» санаған,
Күйігі кетпес күйенің.
Сондықтан да, жан аға,
Басымды саған иемін.

Қазаққа жайдың атынды,
Әр ісін болды татымды.
Қолдап өттің қаймықпай,
Кенесары батырды.

Сондықтан ептеп білеміз,
Көкірекке ғибрат ілеміз.
Ағалардан естісек,
Ініге жалғап жүреміз.

Досым деп мықты санаған,
Данаға сізді балаған,
Естігенім көп еді-ау
Қаныштай заңғар ағадан.

Омбыдан шығып Қызылжар,
Алатауға жеткен ізің бар.
Аралап бәрін көретін,
Алдымда шуақ күзім бар.

Жүректің жазар тотын кім,
Болмаса, шіркін, осы үлгің.
Кең толғанар күн алда,
Төбіреніп қана отырмын.

Екінші өлең

Еске алсам бүгін ашылып,
Тілектің ойда басы құт.
Фазеке, сізді көп айтты
Атақты Бәйкен Әшімов.

Ол берді зорын бағаның,
Көңілімнің ашты алаңын.
Бір-екі сөз қозғайын,
Айтуынша арыс ағаның:

«Қимылы елге дем берген,
Молайтып астық, кен терген.
Айқасқа шығар кезеңде
Қазақ аз оған тең келген.

Құдайым қолдап бақ берген,
Дәл басар болды сақ мерген.
Айбатынан ығысты
Кей пасық сырттан тап берген.

Есімін қазақ аялап,
Алғысын айтты бағалап.
Жасады оған зор бөгет
«Мәскеулік достар» талай-ақ.

Шапағат сепкен жаңашыл,
Ұлтжанды өргек, дара шың.
Тәшенов оған еріпті,
Жат қолдан қорғап даласын.

Ардагер ұлдың бірі еді,
Егесте табан тіреді.
Жасқантты сонда Одақты
Қазақ боп туған жүрегі».

Көңілге мәңгі қонардай,
Сезімге көкірек толардай.
Бәйкен аға сыры көп,
Бір поэма болардай.

Үшінші өлең

Тағдырға солай табындық,
Заманға ескі бағындық.
Жеткізді маған көп ойды
Кенжебаев Сағындық.

Ағаның сыры тереңде,
Алғыс мол сіздей еренге.
Болыпсыз ерен қорғаушы,
Жер үшін талас дегенде.

Ащының дәмін татқандай,
Тәуелсіз күнде сақтанбай.
Сағындық аға жан сыры
Тың жайлы роман айтқандай.

Жеткізген толқып ол әрең,
Кер заман, қыспақ, көп пәлең.
Соның бәрін сөз етсем,
Өзім де мықты болар ем.

Талдауға салсақ сан істі,
Ел білді сіздей арысты.
Қаһарлы қайсар атыңмен,
Досың мен қасың танысты.

Өз айласын дұрыс деп,
Солтүстікті Хрушев
Аламын десе айқастын,
Арланға тарлан бұрыс кеп.

Көрсеттің берік қырынды,
Көрмеді пәле тынымды.
Ыңғайланды бергендей
Украинаға Қырымды.

Жаман ой оны басқарды,
Саясат құрды астарлы.
Тың жерді тартып алуға
Айбыныңнан жасқанды.

Мінезің жақпай жігерлі,
Мәскеудің бұлтты түнерді.
Бетпе-бет айқас жасқантып,
«Жоғарылатып» жіберді.

Алапат сонда түсінді,
Байқады берік күшінді.
Жоғарғы Кеңес дегенге
Партия жақтан ысырды.

Саясат сол ғой аспаны,
Бодандық сырын ашпады.
Айтқанын екі еткізбей,
Қақпанын құрып тастады.

Басар ең талай насырға,
Тез келді-ау қаза асылға.
Қоштасып қалды бар қазақ,
Қырық сегіз ғана жасыңда.

Сәкеңнің сыры мол қанша,
Тоқтату қиын толғанса.
Біразын жазып кетермін,
Сексенге жасым толғанша.

Төртінші өлең

Көк будақ қырғын қабынып,
Жарылыстар туса қағынып,
Атомдық түсіп сынаққа,
Жүрегің кетті жарылып.

Қызмет кешкен батылсың,
Зор бейнең – бізге асыл шын.
Панфилов саяжайында,
Ой салып елге жатырсың.

Аласапыран дес келді,
Мәскеу де бәрін ескерді.
Қарапайымдау жерлеуге
Тәшеновтерден сескенді.

Айта алсақ ашық қиялды,
Бар қазақтан ұялды.
Жарылыстарға жау болған
Есімің ерен сый алды.

Айлаға терең бастарлы,
Бәрі де қалды астарлы.
Көптің бірі етуге
Атомшылар сенен жасқанды.

Ракеталар, бомба будағы
Жер, су, ауаны былғады.
Қорғаушы болдың сол кезде
Батырдай жалғыз қырдағы.

Жасырып хатын татымды,
Мәскеудің басын қатырды.
Жер бетіндегі жарылысты
Тоқтатқан білем атынды.

Түсірген елді тозаққа,
Тойтарыс бердің азапқа.
Соғыстан жеңіл түспеді
Атомдық сынақ қазаққа.

Ақ будак қалды есімде,
Ракеталар көрдім көшін де.
Жасады-ау ойран-топалаң,
Ел-жұртты орап кесірге.

Жайлаған сонда даланы,
Көп көрдік дертті ананы.
Ел көрді талай мешелді,
Мүгедек туған баланы.

Жер бетінде улы былықты
Тоқтатсаң терең құнықты.
Жер астындағы жарылысқа
Құпия құдық құрыпты.

Шындықтың шетін білгелі,
Аз емес көңіл ілгені.
Өлімнің, аға, есімде,
Жүректі қаққа тілгені.

Қоштасар зират басында,
Сөз тисе қайсар асылға:
Тәшенов бәрін айтыпты,
Жетердей үні ғасырға.

Сезгендей нешік құрықты,
Бәс етпей қысаң ғұрыпты,
Сіз айтқан тура бағытта
Шаяхметов те тұрыпты.

Бесінші өлең

Тұлғалы тарлан, ірісің,
Тұрлаулы өтті жүрісің.
Жан аға, атың өлмейтін,
Қазақтың саңлақ бірісің.

Мұң жайылса жырыма,
Болдық қой қанық сырыңа.
Қара қылды бүктегіш,
Қиқарды алдың қырына.

Соқтыққандар көп еді,
Соқпақты таптың өрелі.
Атомдық сынаққа сес берсең,
Абылай рухы жебеді.

Болсын деп серік иманы,
Көз жасын достар тыймады.
Қайысқан белі Алатау
Өлімге сені қимады.

Өтінде жүрген дауылдың,
Күтімін таптың жауырдың.
Қала мен дала тең сүйді,
Қорғаны болдың ауылдың.

Аталмай атың қиналып,
Жүрсе де іштей сыйладық.
Егемен ел боп дәл бүгін,
Есімізді әрең жинадық.

Қалмаса да қартайып,
Марқайған Кеңес құлады.
Дөңкиіп жүрген алпауыт,
Өңкиіп барып сұлады.

Қадамы берік алғашқы,
Елбасы нүкте дәл басты.
Ақмола болып Астана,
Қуантты бүкіл қандасты.

Еңіреп тусаң ел үшін,
Өзегін тапты өрісің.
Іргені берік сақтасақ,
Өзіңе ортақ жеңісім.

Тәбделін тосып тағдырдың,
Тартысты берік заң қылдың.
Тәуелсіз елім есіркеп,
Қайтадан бүгін жаңғырдың.

Пәлекет талай шоқ салды,
Есінеп, елтіп оқталды.
Солженицын мырзаның
Тәбеті үнсіз тоқталды.

Солтүстік жақта бекімек,
Құлқыны тозды шетінеп.
Қолдаушы болған Горбачев
Құрдымға кетті есінеп.

Ініңмін тәнті сипатқа,
Баспаймын жортақ қипаққа.
Көрсеттіңіз зор үлгі
Желтоқсаншыл ұрпаққа.

Келгенде бүгін азат күн,
Алдында жүрек тазарттым.
Нар тұлға болдың, Фазеке,
Ойлаған мұңын қазақтың.

Шаш ал десе басты алған,
Кер заман өтті қастанған.
Тәуелсіз, еркін ел болдық,
Нұрсұлтан інің басқарған.

Ақтармай жүрген сырым көп,
Үзімін айттым ырым деп.
Мақтаныш етсем осылай,
Жайнарсың талай жырым боп.

18.02.2004.

Астана

БОЛДЫ ӨМІР МЕКТЕБІ

Қасен Нұркеевке

Бір жыл толды Қасен ағай өткелі,
Тағдыр солай, сызықты аттап өтпеді.
Ортамызда жүрген күндер аңсатып,
Әз бейнесі есімізден кетпеді.

Сұм ажалға біз амалсыз бағындық,
Иман тілеп Жаратқанға табындық.
Бірақ әлі біз өлімге қимаймыз,
Қасен аға, сізді қатты сағындық.

Үлкен адам аттанғалы бақиға,
Бір жыл деген қас қағымға тати ма?!
Оны еске алу, ағайын, дос, бауырлар,
Біздер үшін ең қымбатты уақиға.

Төтен берген қайғысы мол тосынға,
Ұлы, қызық, немересі осында.
Қыздары бар тәрбиелеп жасынан,
Әке болып өсірген өз қосында.

Қандай еді кең мінезі биязы,
Оған бүкіл үлкен әулет разы.
Іштен тербеп, бүгін еске аламыз,
Айтылады сан естелік біразы.

Қандай еді отырғаны, жүргені,
Маңғаз кейпі, жүзі жайнап күлгені.
Кер заманның кесапатын кешсе де,
Еш адамға бас июді білмеді.

Төрде жүрді, биіктерде заулады,
Майдан шекті, қауырт ісі қаулады.
Үйде, түзде нардың жүгін көтеріп,
Мейірбанды пәк мінезден аумады.

Берік еді Фазылдай зор досына,
Жеңешем де еске алатын қосыла.
Нар тұлғаның кең мінезін паш етсе,
Бізге өнеге сабақ болы осы да.

Көрінетін асу бермес тау маған,
Шуак еді манайын нұр қаулаған.
Абай әнін айтушы едік қосылып,
Әнші еді ғой үні ерекше заулаған.

Бір жыл толды Қасен ағай өткелі,
Көп еді ғой қуаныш, қайғы шеккені.
Іші түтін, сырты бүтін қайраткер,
Ұмытылмас болды өмір мектебі.

22.06.2003

ІЗБАСАРҒА АҚ ТІЛЕК

Қайрат Кәрібжановқа

Шарбақкөлмен көршідей біздің ауыл,
Кәрібжанов әулеті маған бауыр.
Фазыл аға — жанымның бір жалауы,
Жыр арнасам, берешек оған дәуір.

Омбылықтар ежелден елге құтты,
Оң жол тілеп оларды ел де күтті.
Қазақстанды басқарған тұңғыш қазақ
Шаяхметов жарық етіп төрге шықты.

Омбыдағы бауырлар барып сайлап,
Шақырғасын сыйладым салтын әйбат.
Жүмекең мен Фазекең ізін көрдім,
Бауыр тартты жанымды алтын аймақ.

Жақсыларға жарассын жақындығым,
Керек қылар әйтпесе ақынды кім?
Көсемдерді атына сай ардақтар,
Туар әлі толағай татымды күн.

Жәнібекпен Көкшеде табысып ек,
Тәуелсіз ел байқап ем намысы деп.
Қытайдағы біздің ел елшісіне
Сәт тілеймін, болғай-ақ табысы көп.

Кезек келсе жас өрен Қайратыма,
Көріп жүрмін сан жылдар әр сатыда.
Елу жасы қосыпты бәрімізді,
Тойы ұlassын қазақтың тән салтына.

Мақтан етсем, артық сөз қосары жоқ,
Қысқа айтамын, кезекті тосады көп.
Кәрібжанов әулеті шымқай қыран,
Ішінде бір шәлтірік осалы жоқ.

Шын өнер ғой қызға көз бұру-дағы,
Келіндерім ғажайып сұлу бәрі.
Қарандаршы Бану мен Қымбатжанға,
Қос шынардай тел өскен Қырымдағы.

Бүгінгі той – ғажап той арнасы нұр,
Елу жас пен Күміс той жалғасып тұр.
Құтты күнде орнаған шат қуаныш,
Қос жүректің лүпілін дәл басып тұр.

Дүбірлетсек қос тойды жалаулатып,
Қарқындармыз ақ күміс таң аунатып.
Қымбат, Қайрат, Күміс той құтты болсын,
Алтын тойға жетіндер алаулатып!

Қайрат, жастай қияға самғадым сен,
Өрге бассын ақ жолың тармағы кең.
Кемел жасқа жете бер керегіңше,
Бақыт құсы дем берсін арманыңмен.

ӨМІР КӨРІНІСТЕРІ

* * *

Өмір жолым — менің үлкен байлығым,
Көз ашқалы көкіректі жарды мұң.
Күлкім кейде көрінеді өзіме
Жыртығындай шапанының жарлының.

Жөні жоқ қой елден ерек шалқудың,
Әлегі артық ойлы мұңға балқудың.
Қам көңілді тазартуға тындаймын,
Айдын көлде зарлы үнін аққудың.

Өнім салқын, қалың қасірет молынан,
Көкірек-теңіз толқын атар, толып ән.
Сондай кезде бар дертіме ем іздеп,
«Жезкиіктің» жанарына шомылам.

Тым ертерек түстім қайғы торына,
Әкені де ерте жұттым сорыма.
Қайран анам не көрмеді тірлікте,
Сол күндері қалам алдым қолыма.

Рахмет, Алла, ерте күннен баптадың,
Мұннан шықпай, келді парыз ақтағым.
«Құлагерін» шырқай-шырқай Ақанның,
Қалың мұңын қайда жүрсем сақтадым.

Қаныш аға — менің байтақ әлемім,
Сәкен аға жаттап қалдым сәлемін.
Мағжан аға, мен өзіңнен үйрендім,
Тойтаруды қалың қайғы әлегін.

Бақытты деп айтса біреу күлемін,
Тап он бес жыл Мәскеуде неге жүр едім?
Одақ құлап, елге есен жеттім-ау,
Сағыныштардан жарылып кетпей жүрегім.

АСТАНА – БАР ҚАЗАҚТЫҢ БАС ҚАЛАСЫ

Басылды бойдағы ескі жан жарасы,
Бой жазды ата мирас салт-санасы.
Қарқындап шартарапқа қанат жайды,
Жаңа өмір, жаңа қарқын бастамасы.
Астана – тәуелсіз ел жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы.

Абайдай жаттап сөзін ірілердің,
Ардақтап даңғыл жолын тірілердің;
Көгілдір ту астында білек қосып,
Туыпты барлық қазақ бірігер күн.
Астана – тәуелсіз ел жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы.

Жарқырап көрінісі ұлан істің,
Бой тастап бел-белесі тым алыстың;
Азаттық биігіне шақырады,
Тасқыны қанат жайған қуаныштың.
Астана – тәуелсіз ел жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы.

Махаббат жұмағына сенер ме едің,
Сенгенім – тамашаға елеңдедім.
Әйгерім, Баян сұлу, Қыз Жібектер,
Көз көрді Астанада дегендерін.
Астана – тәуелсіз ел жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы.

24.03.2010.

Астана

Түлкі заман, тік кетсем, сөкпе мүлде,
 Өтер бүгін тарихи өкпе кімге?
 Абылайын туған ел қайта тапты,
 Шек қойдық біз тарихты жек көруге.

Молайтса екен адалдық берекемді,
 Мағжанша мақтадық Кенекемді.
 Егемендік ел-жұртқа қанат байлап,
 Көмекейге оралды: «Бәрекелді!»

Ел ұмытпас көтерсек Абылайды,
 Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы.
 Бағы жанып төрлетсе жаңа қазақ,
 Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды.

Сынап едің, замана, сынап едің,
 Мал соңында майысқақ шыдады елім.
 Бізге қарай әдейілеп әкеле бер,
 Олжа салғыш тарихтың Құлагерін.

Тез жөндейді қираған көпірді кім,
 Қаулады ғой, кер заман, нөпір жүгің.
 «Абылай!» де, «Ағыбай!», «Ә, Құдай!» де,
 Таза қазақ төрімде отыр бүгін.

МАХАМБЕТТІҢ ӘСЕРІ

Қазақтың қайсар ақын, ерен ері,
 Толтырды Мағжан кекке кенерені.
 Атойлап Тұран үшін ұран жайса,
 Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Шындықтың сыры аз емес желігі жоқ,
Өтті ғой Сегіз сері серігі боп.
Исатай, Махамбеттен алған сабақ,
Қалды артта ән мен жырдың өрімі боп.

Бауыржан, жау тойтарған Рахымжандар —
Махамбет ұшқыны бар батыл жандар.
Рухы асыл дана ерге қонған,
Бәрі де асау тұлға акын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,
Жайықтан естілгендей қыстың күні;
Қайсарлық берді акын Қасымға да,
Махамбет жебесінің ысқырығы.

Жаз өтіп, жетсем-дағы кәрі күзге,
Құштармын атой салғыш анық ізге.
Әсері Махамбеттің ұлан-ғайыр,
Елім деп тыным таппас бәрімізге.

06.03.2003.

Астана

БӨГЕНБАЙҒА ЕСКЕРТКІШ

Ұлан іс бастау алған Бас қаламыз,
Қуаныш құтты болсын, Астанамыз!
Ескерткіш Қанжығалы Бөгенбайға
Орнаттың,
Құттықтаймыз, шаттанамыз!

Атағы алты алашқа дастан-аңыз,
Қасарса жер бермеген жатқа қарыс.
Атасы батырлардың қарт Бөгенбай,
Жасы да тоқсан бестен асқан абыз.

Айбынын өзгелерден асыра алған,
Батырдың зор әулетін жасыра алман.
Ересен күшті, ержүрек, өңкей қайсар,
Еркіндік таңын еткен асыл арман.

Еңсегей ер Есімнің дәуірінен,
Атасын барша қазақ тәуір білген:
Әлдеуін Түркістанға әмір болған,
Соққылап сансыз жауды сауыр белден.

Қазағым сүйді әкесі Ақшаны да,
Қолдады әз Тәукедей тақтағы да.
«Ақ дауыл» деп атапты мысы құрып,
Қысылған сан айқаста қастары да.

Бөгенбай Ақшаұлы тартты атаға,
Бөленді аруақ қонған ақ батаға.
Ерлігі — Абылай ханға елшілігі,
Жер жармай атақ-даңқы жай жата ма?!

Бермеген жауға дауда ұпайды да,
Қазаққа құтты есімі құтайды ма,
Қуғындап қас дұшпанды, жоңғарларды,
Асырды Үрімшіден қытайды да.

Орнаса елге нешік ор замандар,
Осылар ұлттың рухын қолдағандар.
Көкшетау, Алатау мен
Алтай, Атырау
Арасын сойылымен қорғағандар!

02.07.2007.

Астана

АЛЫСТАП БАРАМЫН ЖАҒАДАН

Кең жалған әр күнін санаған,
Көңілде қобалжу, бар алан.
Туған жер, көркіннен көз жазып,
Алыстап барамын жағадан.

Жанары мың толқып қараған,
Жан анам шықпайды санадан.
Желкендей қияда шарықтап,
Алыстап барамын жағадан.

Сыйласқан келгенше шамадан,
Тату дос, қыл өтпес арадан;
Достарым тетелес азайып,
Алыстап барамын жағадан.

Шалғайды барлауға жараған,
Көгілдір ту тікті бар алан.
Егемен еліме сәт тілеп,
Алыстап барамын жағадан.

Шөберем жанарын қадаған,
Тілегі туса екен қалаған.
Қазақ боп өссе екен деп ойлап,
Алыстап барамын жағадан.

Таңырқап үңілсе сан адам,
Ауылым, кетейін садаған.
Жұқарған қалпыңа күйзеліп,
Алыстап барамын жағадан.

Асқандай көп төзім шамадан,
Жасқандым жүректе жарадан.
Кәрілік қайратты азайтып,
Алыстап барамын жағадан.

Қызғандай асау күй сағадан,
Толғаныс күш берді жаңадан.
Оралып келермін дегім кеп,
Алыстап барамын жағадан.

11.12.2009

КЕЗДЕСКЕНДЕ ҚЫРЫМДА

Әбіш Кекілбаевқа

Теңізге келдім өр жойқын,
Жүруші ем мауқым басылмай.
Бұрқырап жатыр көк толқын,
Әбіштің бұйра шашындай.

Дегбірсіз ол да қарайды,
Дельфинге қолы жетердей.
Шолып тұр шалқар маңайды,
Теңізді кешіп өтердей.

Кездесу өмір заңы екен,
Риясыз ашық таныстым.
Ақылы терең нар екен,
Болардай зоры арыстың.

Талқыладық өмірді,
Тағдырын шолып қазақтың.
Сағыншақ қам көңілді,
Біразырақ тазарттым.

Жазғаннан молдау жазары,
Жоспары қызық жол ашар.
Өзгелерден асары
Еңбеккор екен орасан.

Қайратына көз салдым,
Сияқты кен қазушы.
Осы болар деп қалдым,
Мұхтарға тақау жазушы.

1976

ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ – ҚАНЫШТЫҢ ЖАН-ЖҮРЕГІ

Қанышы бар қызық қой өмір деген,
Қанаттанып, күш алып көңілденем.
Атын айтсам алыстан бой тастайды,
Таңғажайып белестер көрінбеген.

Ғибрат алдық заңғайыр данадан біз,
Ұлытау, Баян жалғас деп санағанбыз.
Қаныш десең Жезқазған елестейді,
Сол қаладан ержетіп тарағанбыз.

«Жезкиіктей» жанымның дәру әні,
Ол – гүл, дала перзенті, ару әні.
Мойыл қара көздері мөлтілдесе,
Жүрегіме отты ұшқын дарығаны.

Кенші күнім, кең құлаш отты күнім,
Ен ғажайып Ұлытау тосты гүлін.
Жезкиіктің жез қанат желісіне,
Қоскөл жақта аққу-қаз қостым үнін.

Қаныш – Кеңгір, Қаныш – кен, Қаныш – қала,
Естен кетпес жақында, алыста да.
Жезқазғандық жігітпін деп қуанам,
Қуат берген бойда ар-намысқа да.

Шығыс жақтан қызыл мыс таң кіреді,
Бірге келер Сарыарқа нәрлі лебі.
Кен иесі Қанекем, жер иесі,
Жезқазғаным — Қаныштың жан-жүрегі.

ОЛ ДА БІР АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ ҒОЙ

Мұрат Айтхожінге

Қырандай самғап өрледі,
Жасынан құштар білімге.
Ғұлама сырын мөрледі,
Ағылшын, неміс тілінде.

Ұстаз боп қанша тер төкті,
Мәністі дәріс жолдады.
Ғылымда жылдам төрлетті,
Таласар теңдес болмады.

Басқандай тасқа таңбасы,
От еді-ау өжет, өр, жалын.
Қаныштың сол ғой жалғасы,
Жалт қаратқан Жер шарын.

Ғарышкерше ұмтылып,
Атағын жайды құрлыққа.
Ағындап жетті құлшынып,
Лениндік сыйлыққа.

Киелі дарын кіршіксіз,
Үзбесе ажал тірлігін...
Алар еді-ау мүлтіксіз,
Нобельдің де сыйлығын.

Әр мезет өтпей құр, тегін,
Артында өшпес із қалды.
Шіркін-ай, шаттық үлкенін
Сұм ажал бізден қызғанды.

Тағдырдан келер сынақ көп,
Кім айтар адал шешімін?
Евней де кетті, Мұрат жоқ,
Мұнайып қалды Есілім.

Күнде әрекет, күнде ой,
Қайтпады алған жолынан.
Ол да бір аққан жұлдыз ғой,
Шоқанның кеткен соңынан.

3.11.2010.

Астана

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ КӨКІРЕКТЕ ТҰТАНДЫ

Мұхит аға дейтін бізді «батырым»,
Директор ғой шығарса да батыл үн.
Көрші болып тап қасына барғанда,
Ерулік беріп, көрсетті зор шатырын.

— Әй, батырлар, бердіңдер ме ерулік?—
Деп сұрады көршілерден керім ғып.
Дастархандас үндемеді жігіттер,
«Жоқ» деген сөз әкелердей өлім тік.

— Кәке, — деді, — директорлық жарлығым! —
Жас та болсаң үлкен жолың бар бүгін.
Келіндерден үлкен кешірім сұраймын,
Бокта, — деді, — жігіттердің барлығын.

Жасқанушы болма, — деді таксырым,—
Өкпелеу де осындайда жақсы ырым.
Өзім бар ғой түк қалдырмай сыбаймын,
Бұзғандарды ата-баба дәстүрін...

Күлкі келмей тұрса-дағы келістік,
Көршілер де деп жатты ғой: «Дұрыстық...»
Үлкен аға ойнап қана айтса да,
Түбі терең дәстүр сырын ұғыстық.

Мырза халық негізінде кеншілер,
Табысы мол мықтылар ғой кең жүрер.
Содан кейін кезек-кезек шақырды,
Қаптап жатқан манайдағы көршілер.

Ұлтжандылық көкірекке тұтанды,
Дәстүр екен Құдай берер құт алды.
Осы күнде қосылғанда басымыз,
Еске алып отырмыз Мұханды.

ҚАРАҒАНДЫ КЕМЕҢГЕР

Сарыарқа астанасы Қарағанды,
Ежелден атақ-данқы дараланды.
Тарқаған Мәди айтқан қалың бұлтты,
Қасында Қарқаралы жаңаланды.

Жезқазған ардақтады атағынды,
Қыз Балқаш өз байлығын тарта білді.
Өлеңмен Жамбыл бабам паш еткендей,
Қарсақбай жез жалауын қатар ілді.

Киелі атың мәшһүр зеңгір тауым,
Біледі қасиетінді зерлі қауым.
Темірге көмірің сай өмірің бір,
Секілді туған інің Теміртауың.

Мен үшін киелісің, Қарағанды,
Жас күнім өз қолында бағаланды.
Тік сілтеп дөнен күнде оза шапсам,
Тұяғым Жезқазғанда тағаланды.

Кеншілік болды құзарт өз биігі,
Қанықты кең далаға көз күйігі.
Ұлытау арнап берген белгім еді,
Кең дала жез қанатты «Жезкиігі».

Сен болдың сол кездегі бас қаламыз,
Екінші жер бетінде астанамыз.
Ардақты Қаныш, Фазыл ағалардан,
Алғашқы алған сабақ — дастан-аңыз.

Атасам Әбілқас, Ебіней ағаларды,
Ерекше Жақыпбек те бағаланды.
Өсірген елбасымыз Нұрсұлтанды,
Өзге емес, ол да өзіңсің, Қарағанды!

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҰЛЫ

Әбілқас Сағыновқа

Қазақтың көзін жұмды асыл ұлы,
Жадында жатқан тұнып ғасыр мұңы.
Ұлы ұстаз, заңғар ғалым жүзі сөніп,
Жасыбай толқынындай басылды үні.

Көргенде елдің екі дүр асылын,
Күн қайда қызығып көз бұратұғын?!
Эльбрус егіз шыңы сияқтанып,
Әбілқас, Ебіней бірге тұратұғын.

Қос шынға қарай-қарай жүрдік шолып,
Екі көз қуанатын күндіз көріп.
Енді олар мәңгіліктен тұрақ тапты,
Аспанда сөнбес екі жұлдыз болып.

Тұрмайды-ау сайын дала сағымданбай,
Тынбайды-ау ажал қолда барынды алмай.
Аттанды Әбілқас аға бақи жаққа,
Тимур мен жеңешемді сағынғандай.

Байқашы, сыңсып жатқан Нұра қандай,
Сұм тағдыр қатты соқты-ау сынағандай.
Жүз жасқа жеңгем болса жетер еді-ау,
Ол кетті жалғыздыққа шыдай алмай.

Өкініш батып кетпей толғағына,
Қараймын, аға, артта орманыңа.
Көз сүртіп шәкірттерің толғанып тұр,
Тәубе деп тоқсан бірге толғаныңа.

Жан аға, бірі едің ең іріміздің,
Бакұлдық — бар тілегі тіріміздің.
Жырға орап әз бейненді ұмыттырмас,
Ізінді суыттырмас ініңізбін.

29.09.2006.

Қарағанды

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ МЕШІТІ

Қызылжардың мешіті кірсе жырыма,
Кім қосылмас толқып айтқан сырыма?!
Асыл қала тағым етіп Құранға,
Малшынып тұр сүйікті Алла нұрына.

Құт-бебеке орнағандай маңайға,
Көрген адам шын сиынбай қарай ма?!
Оранып тұр бүкіл Есіл өңірі,
Баршамызға мешіт төккен арайға.

Имандылық содан тарап адамға,
Молаяды үміт, сенім санаңда.
Жан-жүрегім елжіреді сүйсініп,
Елбасымыз бастап берген заманға.

Ел жанарып жетті үлкен жұбаныш,
Бой кернеді ұлан-ғайыр қуаныш.
Бөлшегіңдей Қасиетті Меккенің,
Қашан келсек мешітке жол бұрамыз.

Орындалды зор тілегі халықтың,
Мұсылман қауым бар талабын дәл ұқтым:
Ас пен сабақ, садақа, неке жабдығын
Ойластырған әр тармаққа қанықтым.

Көзім көрген анығы сол анықтың,
Әкім Тайыр, сен де өренді таныттың.
Сәлем айт Сұлтан бен Абдель Азизге,
Жәрдем етсе Арабиясы Саудтың.

Жаңа мешіт жігер қоссын қуатқа,
Көз жұмғандар жеңіл жетсін жұмаққа.
Алла десе бүкіл мешіт жаңғырар,
Яхия имам даусы қалды құлақта.

ТОЙДЫҢ ТОЙЫ – АСЫЛ ТОЙ

Сұлтан мен Розаға

Сұлтан ағам дәл сексенге келгенде,
Тойдың тойы жетті Құдай бергенге:
Төлегеннің Қыз Жібегі секілді,
Жетпіс бесті игеріпті жеңгем де.

Сарыарқаның Сұлтан аға сұлтаны,
Солай десем, өтті талай қырқаны.
Бар өмірін айту үшін, ағайын,
Бір емес-ау, керек сексен жыр таны.

Білем оның азаматтық жолдарын,
Ерте ашылды бойындағы мол дарын.
Ұмытпаймыз
Обком төрін жайлап кеп,
Он жыл бойы облисполком болғанын.

Көрдік сонда өжеттігін тамаша,
Саясат ғұрпын таратты ол жанаша.
Сөзге шешен, іске мығым Фазылдай,
Қазақтарға еткен талай араша.

Сақ қырандай жігіт еді ағынды,
Баршаны ойлап ар ісіне бағынды.
Өрге басқан жас таланттың алдында,
Ашты талай ұзақ бұлдыр сағымды.

Ауыр істе аттың басын ағытқан,
Тайған емес шын ағалық бағыттан.
Жезқазғандық, теміртаулық жастарды,
Осы Сұлтан Димекене танытқан.

Болат құйып, бұрқыратсақ жер кенін,
Екіншілер көрдің талай жеңгенін.
Қарағанды алға шықса жарқ етіп,
Сұлтан аға, жанды ерен еңбегін.

Естелікті жеңіл ғана екшедім,
Етті саған төңіректегі ел сенім.
Қарағандының ақсақалы бүгінгі,
Құтты болсын, Сұлтан аға, сексенің!

Тауыспаспыз айтар сөзді сарқып біз,
Беу, өлеңім, жеңге сыйлар салтты ұққыз.
Полковник жеңешем-ау,
Сіз біздің
«Рядовой» жеңгейлерден артықсыз.

Ардақтасам көп жұлдызды жағанды,
Жер жұлдызы деп көтерем бағанды.
Сүйген жары полковник болған соң,
Маршал ма деп қалам кейде ағамды.

06.09.2008.

Қарағанды

КЕҢ ЖАЛҒАНДЫ ТАРЫЛТПА

Ән салсам сағынышты тереңдетіп,
Арманға көрем деген келем бекіп.
Аққудай сыңарына ұша тартқан,
Лебіңмен жібергейсің тез емдетіп.

Қалқатай! Осы күнде жүрсің қайда,
Кездестім белгі бермес тосын жайға.
Қиядан қақ жолымды кесіп өтер,
Жарқ етші жезкиіктей осындайда.

Талмаурап аш белінді айқармаған,
Арыз-наз көп еді ғой айта алмаған.
Бақытын кездесудің бір көрейік,
Мезетін құштар шақтың қайтар маған.

Әйтеуір не де болса сағынтпашы,
Есімнен сау күнімде жаңылтпашы.
Боларын бір қызықтың анық білем,
Тірідей кең жалғанды тарылтпашы.

ҚАЖЫМҰРАТҚА АЛҒЫСЫМ

Төлегендей мүсінші інім қасымда,
Тұрдық үнсіз Еркін аға басында.
Осы да бір есте қалар мезет-ау,
Айқын таңба біздің шеккен ғасырға.

Белгі ғажап Ерағандай асылға,
Сүйсіндірер көрген дос пен қасын да.
Өшпестей боп ел алғысы жазулы,
Ескерткіштің биік тұғыр тасында.

Тере берсем ой жетеді ақынға,
Сәт үйір-ау жүректері жақынға.
Еркін төрі — орталығы ауданның,
Дана туған Ғабит аға атында.

Мың сыбырлап,
Тебірентеді ойдағым,
Бір өзіңе алғыс айту сондағым.
Бір ауданды атап Мағжан атымен,
Сәбит, Ғабит жасап кеттің тойларын.

Мәриям апай бәрін көріп үлгерді,
Президент те оған тойлы гүл берді.
Көзім көрген, ұмытуға хақым жоқ,
Жыр төгілткен сол тарихи күндерді.

Бұл күндерді десең неге толғаттын,
Қажымұрат,
Алғыс айтар жол таптым.
Ел Еркінмен еңіреп жүріп қоштасса,
Сен тас белгі — зор ескерткіш орнаттын.

Еңбек ері, азамат қой аты ірі,
Маған керек жан ағаның бақұлы.
Мың-мың рахмет! Бақытты бол, Қажеке,
Солтүстіктің сол кездегі әкімі.

АБАЙША ТЕРЕҢ ҚАРАШЫ

Періште мен шайтанды,
Айыра алмай қалар ма ек...
Абай бізге ой салды,
Тұжырым айтты болар сеп.

«Періште болған әу баста»,—
Деді Абай нағыз шайтанды.
Шайтандыққа алмасса,
Байлыққа бойы шайқалды.

Тоймастыққа қызықты,
Аждаһаға жарасқан.
Періште аттап сызықты,
Көк шайтан болды адасқан.

Ел талаудың бергенін,
Құлқына етті қолайлы.
Магнаттар десе сенбегін,
Қалталы шайтан молайды.

Барына етпей қанағат,
Соза берген көмейді,
Ой, Алла-ай, неткен ғаламат,
«Шайтанчиктер» көбейді.

Абайша терең қарашы,
Ұғуға үнсіз тырысып.
Барады-ау адам баласы,
Шайтандыққа ығысып.

ДОСҚА СЫР

Бермедің деп зор бақыт,
Аллаға жүк артпайық.
Бөтен сөзді тоқтатып,
Қолдағы барды сақтайық.

Бермесе тағдыр ақылды,
Өзгеге пәле жаппайық.
Жоймайын десең атыңды,
Өзіңнен сынды бастайық.

Ағаңа күш бол шығынсыз,
Жүдетпе сепшіл жүрегін.
Ініңе жаз бол шыбынсыз,
Жайқалып өссін тірегің.

Баланды тілдеп жекірме,
Ол саған қатты сенеді.
Бағанды сыйлы кетірме,
Сені де әкең жебеді.

Сілтер жер келсе, сергі енді,
Сабырмен төрлет, жығылма.
Желпініп қал сен де енді,
Тасада бекер тығылма.

Ақылсыз қайрат — пәлекет,
Қайратсыз ақыл — тұл жетім.
Ел үшін етсең әрекет,
Ақталар парыз — міндетің.

Сөзіме етпе ерегіс,
Өзім де зерлеп қараймын.
Қай қазақ оны елемес,
Айтқанын ұқтым Абайдың.

СӨНБЕЙДІ МАНАШ ЖҰЛДЫЗЫ

Қырғыздың Манасы бар,
Қазақтың Манашы бар.
Егіз ел тарихы бір,
Бітпеген жарасы бар.

Қырғыздың Манасы бар,
Елге ұран — қалған сөзі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тарланбозы.

Қырғыздың Манасы бар,
Өшпейтін жалынды ісі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тамыршысы.

Шежіре бар астары,
Тамаша жарасканы.
Тілектес қырғыз-қазақ,
Манасы, Манаштары.

Қырғыздың Манасы бар,
Алашқа аңыз еді.
Қазақтың Манашы бар,
Ғұлама абыз еді.

Есті дос құптарындай,
Жалғасып тұтқаным бай:
Жамбыл мен Тоқтағұлдай,
Шыңғыс пен Мұхтарымдай.

Қырғыздың Манасы бар,
Жасаған ұран елі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың Құлагері.

Шоқаным, Мұхтарым да,
Қазақтар манасшылмыз.
Манастан құт дарыған,
Сөнбейді Манаш-жұлдыз.

2002

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Дәл тапқандай ой мен сезім ояуын,
Құлақ шалды сөз семсері ноянын.
«Қырғыздың Манасы бар,
Қазақтың Манашы бар», —
Десе құптап, мен қолымды қоямын.

Қырғыз елі аңыз етсе Манашты,
Ол аңыздан әлдеқайда әрі асты.
Қасымызда бірге жүрген секілді,
Кешегіден бүгінгіге жарасты.

Қырғыз елі ардақтаса Манасты,
Мақтан еттік біз де ұлтжанды Манашты.
Ақтаңдағын сан заманың ақтарған,
Біріктіріп тұр ғой бүкіл Алашты.

Он ойланып,
Мың толғанып, ол жайлы,
Дәлдеп айтпай көңіл көркі толмайды.
Туған күнін елі-жұрты білсе де,
Дүлдүлдердің өлген күні болмайды.

Ғалымдығы елге жайса атын көп,
Тапқыр сөзге жүрді үздік жақын боп.
Ақынжанды деп еске алса достары,
Ол өтті ғой аузы уәлі ақын боп.

Жазғанына жарасамыз неге біз?
Орташа емес, озық ойға көнеміз.
Тарлан тарих мұхитында мұзжарғыш,
Манаш еді-ау желкен жайған кемеміз. .

11.01.2003.

Алматы

ҒАСЫР ЖЫРЫ

Ленинградты от қоршауда сынаған,
Жау қысқанда не көрмеді бұл адам?!
Сол күндерде қайғы кешкен қарт Жамбыл
Жыр боратты қорғасыннан құраған.

Алатаудан алаулатып нұр тілек,
Жетті сәлем жалаулатып, дүркіреп.
Ашыққандар азық алды, әлденді,
Тарыққанға туды ғажап жыр-тірек.

Төкті Жамбыл өлең-кенін ағынды,
«Ленинградтық өрендерін» дабылды,
Қоршаудағы тірі қалған кәрі-жас:
«Ғасыр жыры дәл осы!» — деп табынды.

Тыңдай қалшы, түсінбейді кім ғана,
Бар қайғыны айтар зарлы үн-нала.
«Мамам өлді... ағам өлді... біз жоқпыз», —
Деп жазыпты дәптеріне бір бала.

Саған риза сәби-құрбан сол бала,
Саған риза өз анамдай сорлы ана.
Бір өлеңге ғасыр кегін сыйғызған,
Жамбыл ата, бұл заманда сен ғана.

Ленинградты көрсем бүгін танданам,
Нұрланамын, толғанамын арнап ән.
Жамбыл атам Шоқан ізін жалғады,
Қарт қырандай Алатаудан самғаған.

1995

БАҚЫТ ЖЕҢГЕМ

Бакыт жеңгем
Бәйкен аға тірегі,
Қыз Жібектей Төлегеншіл жүрегі.
Ел ағасын барша қазақ сыйласа,
Жалау болған жеңешемнің тілегі.

Жасыбайдың тазалығы жұғыпты,
Сырымбеттің даналығын ұғыпты.
Жетісуға Сара апасы секілді,
Көрсетіпті өз жеңгелік ғұрыпты.

Басқан ізін кең ақылмен өлшетті,
Нар тұлғамен ұл-қыз баулып жол шекті.
Жағаласпай Жарлығына Совминнің,
Ханымдарға кеменгерлік көрсетті.

Бақытты екен Әшімовтер әулеті,
Бақыт жеңгем — сол әулеттің сәулеті.
Үлесі бар менің осы жеңгемнің,
Қазағымның мықты болса дәулеті.

Сүйеу болса асыл ару асылға,
Қолдаушысы болды берік қасында.
Жеңгелердің маршалы деп өтермін,
Біздер шеккен жиырмасыншы ғасырда.

ШАТТЫҚ СЕЛІ

Тәуелсіз күнім түзеп қаталықты,
Елбасы Абылай ханнан бата алыпты.
Кешегі «Шучинский» деген аудан
Бурабай ауданы боп аталыпты.

Бураны шортан десе таңғалушы ек,
Шыдадық, бала күннен аңғарушы ек.
Алланың берген атын бұйыртпаса,
Білдірмей іштен тынып зар қағушы ек.

Құттықтап «Гәккулетсек» әнші дайын,
Алтын күз — ақ бидайлы күйші дайын.
Аққу-қаз сексен көлден санқыл қақса,
Аямас бар өнерін биші қайың.

Ойымды құтты аймаққа бұра бердім,
Келбеті көлде ойнады құба белдің.
Қуандым айдан анық көрінгендей
Ор болып қалған ізі Құлагердің.

Қыздырса жан-жүректі жаңа жалын,
Дербестік жеңісі деп бағаладым.
Сүйінші сұрар бүгін Біржан салдан,
Бақида Сәкен, Мағжан ағаларым!

08.09.2009.

Астана

ОРАЛДЫМ ҒАШЫҚ ШАҒЫМА

«Бәйтерекке» қараймын,
Құлпырып, жайнап тұрғанда.
Сұлуға таныс балаймын,
Ұксатып егіз туғанға.

Сағыныш билеп ағыны,
Жас күндер ере кетеді.
Махаббат атты жалыны
Жүректі шарпып өтеді.

«Бәйтерекпен» кеңесем,
Сыбыры ұнап жаныма,
Толғантқан сонда не десем,
Оралдым ғашық шағыма.

Байланып әуен әр сөзге,
Әсем саз кілті ашылды.
Ұмытып кетем сол кезде,
Бүгінгі нақты жасымды.

02.02.2006

* * *

Саңқылдап аққу қаптаған,
Саялы көлге ынтығам.
Жанымды әңгі аптаған,
Басылып мұңым құлпырам.

Толғанып өлең өремін,
Ғажапқа қарап айдында.
Сәулем-ау, сені көремін,
Жарқ етіп бейнең алдымда.

Аңшылық — қызық түс-елес,
Әуресін ашық айтамын.
Аңсарым көлде құс емес,
Бір өлең «атып» қайтамын.

ЖҮРЕ БЕР, АБЗАЛ АҒА, ОРТАМЫЗДА

Сағындық Кенжебаевқа

Қарсы жел
Соқсын құйын, дауыл мейлі,
Ер жігіт елін сүйген дәуірлейді.
Барынды құтты жолмен ұқсатпасаң,
Дос түгіл, көз жұмған соң, жауың жейді.

Құптаған осынау сөзді ойың дұрыс,
Беу, Сәке!
Тарлық етпес тойың дұрыс.
Сексен бес кіші бесін деп білемін,
Егделік қак төріне мойын бұрыс.

Асылсың шымқай арыс төңірегі,
Сондықтан саған түзу өмір өні.
Бір тойлап алғаннан соң сексен бесті,
Сексен де серуендей көрінеді.

Салтың бар артта алтын іздер үшін,
Алқымдар арыстанды жігер-күшін.
Ағалар, ұзақ жасап, тың жүріндер,
Сұлулар жас деп сыйлар біздер үшін.

Бірісің елдің көркі сақ дананың,
Ірісің тепе-теңдес бақ-талабың.
Ағам бар Қаз дауысты Қазыбек бидей
Деп шалқып, дос-жаранға мақтанамын.

Рушыл, жікшіл, шатақ үйірге ермей,
Жақсымен бауыр бастың қыңыр келмей.
Жұмабек, Лияс аға, Жақыпбекпен
Дос болдың, есті қазақ сүйінердей.

Кешегі Тәнірберген қандай еді,
Жарқырап ашық туған мандай еді.
Інім деп Бәйкен аға қадірлесе,
Пірім деп Сері ағам жүр қалмай елі.

Куанттың сексен беске еркін келіп,
Құмарттың жүздің шалқар шетін көріп.
Бетіңнен Нағима жеңгем сүйе беріп,
Бой жаздың сүмбіл шырша секілденіп.

Қос алқа қосып жүрсің сен араны,
Бекіттің кәрі-жаспен шекараны.
Жеңешем мол дастархан салтыменен,
Атанды жеңгейлердің генералы.

Шаттықта көкіректі кернейді өлең,
Шыр бұзбас шындықты айтып өрлей берем.
Генерал жігіттер көп,
Ал генерал
Жұбайы бар «дөкейді» көрмей келем.

Тобықтай тоқсан сөзді қорытамыз да,
Той салтын үдетеміз жорта қызба.
Ішінде мың қарагер ақбоз аттай,
Жүре бер, абзал аға, ортамызда!

2009

АСЫЛ ҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Түлегі той жасаса Қостанайдың,
Сырбайша неге жедел қостамаймын?!
Қазақтың асыл ұлы Кенжеғали,
Мен сені інім әрі дос санаймын.

Аруағы жебегендей Ыбырайдың,
Ұстаз боп, білім егіп, түбір жайдың.
Ақмола болды сонда құтты мекен,
Жарығы молдау түскен жұмыр айдың.

Көз салсам бүгінгің мен кешегіңе,
Ұқсайсың ұлағатты көшеліге:
Бойында туа біткен бір ұшқын бар,
Ахметтей тартқан Алаш көсеміне.

Әне, сол жігер беріп жан отына,
Күш қосты ұлтжандылық канатына.
Білікті экономист, азамат деп,
Елбасы алды алтын көш санатына.

Алматы — абыз қала мәні күшті,
Шақырып биікке өрлеу сәті түсті.
Тобылдың Есiлдегі дарабозын
Заңғарға бақыт құсы алып ұшты.

Намыскер қарқыны бар Құлагердің,
Сәт түсіп, кездескелі ұнап едің.
Осы біз кімбіз десек, Кенжекем-ау,
Досымыз Манаштай нар, қыран ердің.

Той күні ақыл қоспас досы кімге,
Зер салма қартсың деген тосын үнге.
Жас та емес, кәрі де емес, ең дұрысы,
Орта жас — жетпіс деген осы күнде.

Оныңнан туып тұрса ашық айың,
Үш ұл мен немерелер таптың жайын.
Кенжеке, жүзден асып, шау тартқанда,
Қасында бірге болсын Нағытайың!

ЖҮРЕКТІҢ ҚОС МЕКЕНІ

Шоқан басқан асыл ізден нәр алдым,
Ақан сері әнін жаттап таралдым.
Құлагер жортқан құба жонда ізі бар,
Аққулы елде, «Гәккулі» елде жаралдым.

Тағдыр қосты дос-жаранның тәуірін,
Тыңдай білдім құстар әнін, тау үнін.
Қыздары әнші, ұлдары ақын, сауықшыл,
Жайлап өстім Үкілі Ыбырай ауылын.

Сол ауылда жаздым тұңғыш өленді,
Жас жүрекке желіктіргіш жел енді.
Сол ауылдың әнші қызы үйретті,
Жер бетінде махаббат бар дегенді.

Қаныш жүрген құт әкелді Жезқазған,
Кенші болдым, өлең де көп мен жазған.
Араладым Ұлытауды, Қоскөлді,
Тыныс алып, отты күннен кен қазған.

О, кең дала! Сен қандырдың құмарды,
Бауыр бастым көк сағымға мұнарлы.
Серпіп қалған қабағында көп сыр бар,
Сонда көрдім адасып жүрген ұларды.

Тез құлаймын ес білгелі ғажапқа,
Сұлу көрсем шын сұқтанбау азап та.
Мөлдіреген қара көзі таңданып,
«Жезкиік» боп сыр ақтардым қазаққа.

Көзден көшкен сол елестер желбіреп,
Жалғасады киік-дала, кең жүрек.
Көкшелетіп Ұлытауға бір соқсам,
Сауығамын сағыныштар селдіреп.

ШӘЙКЕНОВТИҢ ЖАН ЖАРҒЫСЫН ОҚЫСАҚ

Меніреу уақыт,
Қабағынды аш, қалғыма,
Әкелемін жақсы адамды алдына.
Нағашыбай дәстүр сыйлар от берді,
Құлагердей өзі мерт боп қалды да.

Терендікпен
Өзгелерден болды ірі,
Адал перзент, шын ойшылдың ол бірі.
Мақтан етіп, есіне ұстап ел жаттар,
Жан жарғысын мәңгі сөнбес мол нұры.

Гәп осында: аузы уәлі білгенге,
Ой маржанын сұрыптайын бір демде.
«Ұлт дәстүрі заңнан биік», – дегені
Аталы сөз жіті құлақ түргенге.

Әумесерді заң жолымен құрықтау,
Мансапқорды майлы төрге жуытпау...
«Құқық – қоғам өресінің өлшемі», –
Дегендерін керек бүгін ұмытпау.

Тебіренбеді ол тарихқа кең жүгінбей,
Көкседі ұлтты жүрер жатқа бүгілмей.
«Өз тілінде құлшылық ет Құдайға», –
Дегені де ойдың еңлік гүліндей.

Жаналықтай ақын қостар дастанға,
Дәріс жолын тік көтерді аспанға.
«Студенттің антын» жасап бергені –
Мағжанша сенімі ғой жастарға.

Әр сөзінен адам жақұт тереді,
«Бақытынның тірегі — отбасында», — деп еді.
Махаббаттың желбірейді туындай:
«Сұлу қыздың алдында батыр да бала», — дегені.
07.04.2009.
Астана

ҰЛЫТАУДА ЕЛ БІРЛІГІ АЙҒАҒЫ

Аңызға да, сән берер ертегіге,
Қасиетті Ұлытау етегінде
Ел бірлігі белгісі құлаш жайды,
Айғақ етіп атағын ерке күнге.

Тау бөктері төсіне нұр тасыған,
Тамашаны көргенде қыр басынан
Төрткүл дүние көзіне елестейді,
Төрт қанатты ескерткіш тұрпатынан.

Бүгін лаулап жалыны жанған бірлік,
Табысымен әлемді таңдандырдық.
Ауыр күнде Елбасы әдейілеп,
Өзі орнатқан белгіні жандандырдық.

Ырым, кәде, ақ тілек түптен келді,
Хандар ізін жанарту құт деп сенді.
Заңғар мұра — монумент бола қалды,
Он екі жыл бұл күнді күткен белгі.

Ұлы ескерткіш атағы жаңғырады,
Құрмет тұтып, бар қазақ сән қылады.
Ел бірлігі айғағы бой көтерді,
Ту, Елтаңба, секілді Әнұраны.

Осынау белгі оңтайлы орнағаны,
Ол — қазаққа құт берер жол қадамы.
Тәуелсіздік бой жазса зор тұғыры,
Ұлытаудың аруағы қолдағаны.

Астананы ұя етсе ұлы қауым,
Көкшетаумен көңілімді жылытамын.
Ордабасы жіберген сәлемді алып,
Қазақ төрі, жайнай бер, Ұлытауым!

15.09.2005.

Ұлытау

БІР ҚАЗАҚТЫ БӨЛМЕЙІКШІ ЕКІГЕ

Ескі Одақтың кезінде де бар еді
Елді үш жүзге бөлушілер әлегі.
«Командалық» ғұрып келді бұл күнде,
«Ескі», «жаңа қазақ» туды әлемі.

О, Құдай-ау, әнжүмелеп астарлы,
«Жаңа қазақ» деген дақпырт басталды.
Осал емес отансүйгіш жүрегі,
Қорламайық алдымызда жастарды.

«Жаңа қазақ» — біздер баққан балалар,
Жасөспірім, тілге шорқақ «шалалар».
Бірақ, байка, жаны таза арымен,
Қазақ үшін қазаға да бара алар.

Пәле жауып, жықпайықшы сойылға,
Біл одан да не жатқанын ойында.
Тілге олақ жігіттердің бүгінгі,
Бар кінәсі, біл, өзіңнің мойнында.

Жаппай қалап кеттік орыс мектебін,
Токтау салар кім шығарды өктем үн?!
Орыстанып кеттік-ау деп осықсак,
Ондап кара ағылшындық жеткенін.

«Ескі», «жаңа» деген ұғым жүрмейді,
Жақтырмаймын ондай іштен үрлеуді.
Кең мінезбен ғибрат, тәлім көрсетіп,
Жетілтейік шорқақ тілін күрмеулі.

Қатыгез дос, өзіңе бір қарашы,
Ол да осынау кара қазақ баласы.
Сен күпініп «Мерседеспен» заулатсан,
Оның өмірі — жер мен көктің арасы.

Қолын жетсе, кетпе, інім, қатайып,
Өткен күнде жатыр біздің бас айып.
Жас ұрпақты жасқандырмай түзеуге,
Шыдамменен шын қамқорлық жасайық.

02.08.2003

ЖАСҚАНЫП ЖҮРМІН БАРУҒА

Мұса Асайыновқа

Естілді хабар
Қайғыға терең салуға.
Отырмын даяр
От болып лаулап жануға.
Жалғызтауда жоқ дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

Ақиық еді
Қаймақпай кірер дауылға,
Құлагер еді
Жаралған оза шабуға.

Айыртауда жоқ дейді акын бауырым,
Ауыл жаққа бата алмай жүрмін баруға.

Үзбеуші ем үміт
Сенгендей қолда қаруға.
Барушы ем аңсап,
Ән-күйден сабақ алуға.
Сексен көлде жоқ дейді сері бауырым,
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.

Жүйрік қой тағдыр
Аяқтан оқыс шалуға.
Күтпеген жерде
Жақсыны тандап алуға.
Көкшетауда жоқ дейді кербез бауырым,
Ауыл жаққа киналып жүрмін баруға.

1976

АШЫҚ СЫР

Қыздарға өлең көп арнадым жасымда,
Іңкәр болдым жер бетінде асылға.
«Жезкиікті» бар қазаққа паш етіп,
Белгі орнаттым кешегі өткен ғасырға.

Ағаларым — дабыл қаққан кең төрде,
Інілерім — жүрген сағым белдерде,
Күзім өтіп,
Қыс қырауы шалғанда,
Қарай берем, арай төгем сендерге.

Үлкендерім — үркерленген легім,
Інілерім — өмір берген тірегім.
Сендер жайлы толғанайын мен бүгін,
Сұлулардан қолым тимей жүр едім.

КӨРМЕЙ ЖҮРІП СҮЙГЕНДЕР

Көкірегіне көп қуаныш түйіпсін,
Ашылу аз, жабығу көп тұйықсын.
Тірліктегі бір ғажайып сол шығар,
Көрмей жүріп көргендей боп сүйіпсін.

Қиядағы сен жез қанат киіксің,
Көңіліңе көп сағыныш үйіпсін.
Бұл жалғанда махаббаттың құлы едім,
Махаббаттан сен ерекше биіксің.

Тілегіңнің ең асылын киыпсың,
Жырымды оқып егіз жандай ұйыпсың.
Содан болар, қай қияда жүрсең де,
Жүрегіңе жүрегімді түйіпсін.

Жырға балқып, әнге алғыс үйгендер,
Жаса, жаса, көрмей жүріп сүйгендер!

МАҚТАНАЛЫҚ

*Жырламасқа теңіздей,
Қуаныштың шегі жоқ.
Ардақталған өзіңдей,
Қазақта ақын тегі жоқ.
Илияс Жансүгіров*

Сөзі ғибрат тараған хатта қалып,
Асыл аз ба әспеттер жаттап алып?
Илиястай Сәкенді қатар жүріп,
Шын сүйсініп сыйлауға сәт табалық.

Саф алтынды бос тастан ақтап алып,
Бөсіп кетпей, көкімей, мақтаналық.
Жақсы деуге жақсыны құлқы қимас,
Қара ниет індеттен сақтаналық.

Кісі өлмейді паш етсең алқа тағып,
Октай тиер итаршы қаксағандық.
Қандай ғажап «үкілім», «сал», «серім» деп,
Ізет, құрмет, ілтипат сақтағандық.

Біреу озса ағайын, шаттаналық,
Өсек сөзге бүлінбе жоққа нанып.
Терең ойдың түбіне көз тасташы,
Сырын ұқпай сөккенше отқа салып.

Байқа, қалай сілтейді басқа халық:
Бісмілләдан біртоға бастап алып,
Олжастардан он есе төмендерін
Төбесіне көтерер таққа салып.

Арсыз сынмен абырой шашпағалық,
Күйкілерден асылды сақта, халық.
Мақтаналық паш етіп шын жүйрікті,
Тастамайды ол үшін тақтан алып.

СӘТБАЕВТАНУ

ДҮЛДҮЛІ

Медеу Сәрсекеге

Қандай жақсы кездескенім асылмен,
Мен ол кезде кеншілік жол басында ем.
Жетпіс жасқа келіп қалды сол Медеу,
Жаны жалғас Қаныш шеккен ғасырмен.

Сұлу қыздай фантазияға қызығып,
Қол салғанда беттен сүйді қыз ұғып.
Бірақ жеңді...
Қаныш жолы — дана жол,
Қуат берді бір қиялға жүз үміт.

Қанышка арнап албырт күннен өр күшін,
Ол жасаса мәңгіліктің белгісін,
Ұлытау, Кенгір түлегі ме деп қалам,
Кейде ұмытып Семейі мен Ертісін.

Жасыбайдан сәлем айтқан ең керім,
Көрдім Ақбет, Тендік таулы белдерін.
Баянаула ұланы ма деп қалам,
Ұмытқандай Абай, Мұхтар елдерін.

Жан-жүрегім шын тебіренсе толғап сыр,
Терең жерін ойдың, Медеу, ондап біл:
Әлемге әйгі зор қаламгер болғаның —
Абай ата аруағы қолдап тұр.

Қаныш десек, келеді еске Жезқазған,
Асыл достар тау қопарып, кен қазған.
Қаныш десе, Медеу, есте тұрасың,
Жез тауы боп көп кітаптар сен жазған.

Нық тұрасың Ұлытау қия тасында,
Өз ұлындай Қаныш аға қасында.
Сен қаласың тарихында қазақтың,
Қаныштану қайсар көші басында.

Жемісі мол — аз болғаны тынысың,
Көңіл көншір туды өмірлік ұлы ісін;
Медеу, сенің ақылыңда ақау жоқ,
Заман сыры тапқан заңғар ірісін.

Мен — кенші-ақын, Қаныш ізін дәл бастым,
Арманы еді-ау ол саналы бар жастың.
Сен металлург-жазушы боп тік самғап,
Қаныш сүйген Ебінейге жалғастың.

Қыз Жібек пен Төлегендей жасында,
Ғашық болдың көз тоймайтын асылға.
Әттең, шіркін, қол тимеді шалқуға,
Кларадан басқа сұлу қасында.

Шын сыйлысың Астаналы Есілге,
Қалдың берік Ұлытау, Көкше есінде.
Қарағанды, қарт Алатау көріп тұр,
Қазақта бар дүлдүлдердің көшінде.

Егделіктің дер уақыты келді шын,
Сарқылмасын намысқұмар ер күшің.
Кларанмен құшақтасып жүзден ас,
Құтты болсын, Медеу досым, жетпісің!

15.04.2006.

Семей

ҚЫЗЫЛЖАР ЕСКЕРТКІШ ОРНАТТЫ

Нар тұлға, еңсегей ер еді,
Металлург лауреат атанған.
Мейірбан мінезі кең еді,
Ерекше көрінген қатардан.

Ар-намыс мол еді ісінде,
Шырқаған биікке шын ғалым.
Тапжылмай тер төгіп ел білді
КарГУ-ді тамаша құрғанын.

Көшпелі өмірді көрсеткен,
Ұлтжанды есімі нұрланды.
Ол жазды әдеппен қол жеткен
«Атанның қомында туғанды».

Қинады кеңестік заман көп,
Үлкен төр ниеті тарылып.
Жүргенде көмірден мұнайды алам деп,
Кетті оқыс жүрегі жарылып.

Қайтадан паш етті атағың,
Нұрсұлтан биікке жеткенде.
Ол білді биліктің шатағын,
Тірідей түсірген күйікке.

Зор данқы әлемге жайылды,
Есімі КарГУ-ге берілді.
Пәледен, жаладан айырды,
Өзіндей металлург сенімді.

Зор белгі Ебінейге шақ келген,
Тас мүсін Қарағанды сомдапты.
Ал бүгін көшеге ат берген
Қызылжар ескерткіш орнатты.

Болашақ күндерге сенеміз,
Ебеке, еренсің дана дер.
Қарағанды, Қызылжар төрінде
Ел-жұрттың сәлемін ала бер.

**ТУҒАН КҮНІҢ
КЕЛГЕНДЕ**
Қаратай Тұрысовқа

Қаратаудың жайлаған құба белін,
Жамбыл елі жас өркен ұланы едің.
Бүгін келді, Қаратай, туған күнін,
Есіне алар ағайын қыран ерін.

Өжет едің жасыңнан ала жалын,
Кен барлағыш бұйырды дара дарын.
Жезқазғанмен қанаттас,
Қатар жатты,
Қала жасап көркейткен Қаражалын.

Аулақ едік шошудан сақтаныспен,
Өмір кештік тау-тасқа аттаныспен.
Мәскеуде өткен қараймын
Естен кетпес
Студенттік күндерге мақтанышпен.

Сен сол күнде ертенді саналадың,
Елге арнадың көңілдің бар алаңын.
Көз алдыңнан Әскергүл кетпегендей,
Қыздарына Мәскеудің қарамадың.

Жазым өтіп, жол ашса қысым менің,
Өмір сырын көбейді түсінгенім.
Асыл жарың ақтады сенімінді,
Жоқтатқан жоқ атынды құсың керім.

Күмбірлеп тұр домбыран ішегі үзілмей,
Мол дастархан толқиды теңізіндей.
Әскергүл жүр Астана аясында,
Жер бетінде жоқтатпас егізіндей.

Келсе жырды тасытқым ойға малып,
Көзбен көрген шындықты қолданалық:
Шаңырағың шалқып тұр өзін бардай,
Әскергүлің – шын қорған болғаны анық.

02.02.2008.

Астана

САҒЫНДЫҚ СЕНІ БӘРІМІЗ

Есенгелді Мұқыжановқа

Бір өленді арнасам,
Мың өлендік інім ғой.
Есенге сөз тандасам,
Тез көтерер гүлім бой.

Кең жалған берді нұры дем,
Деместей бірі өгейдің.
Анадан жалғыз жігіт ем,
Жүре-жүре көбейдім.

Есенге жіті қарасам,
Мағжан аға салты бар.
Құрылысшы, әкім орасан,
Алматы сүйген даңқы бар.

Білімі мұхит сырлассан,
Тұманда шырақ жағардай.
Әр кездесу — бір дастан,
Бауырмал Сәбит ағамдай.

Алқа топ басын құрасан,
Ғабиттей сөзі өтімді.
Әншілігін сұрасан,
Ақан сері секілді.

Ол әу десе ел тынар,
Біржан сал кіріп келердей.
Тындаған жан құлпырар,
Тілегін Алла берердей.

Көргендей айтсам жөні бар,
Дәстүрге үнсіз бағындық.
Сүйсінген талай жері бар,
Бәйкен, Серік, Сағындық.

Есаға деп бағалар,
Есенді сол ағалар.
Алғысын шексіз тыймайды,
Байшіліктегі балалар.

Не керек дейсін ағаға,
Мәжілістерін көркейтті.
Не керек десең балаға,
Мектептерін үлкейтті.

Сағындық десе раста,
Қызылжар мен Алматы.
Артында жары Күләшқа,
Көбейсін Алла рахматы.

Достары айтқан сыр қандай,
Ораған қимас сезімге.
Бір анадан туғандай,
Сағынып жүрмін өзім де.

Барушы ек елге ағылып,
Келгенде жарқын сары күз.
Туыстары жүр ғой сағынып,
Сағындық сені бәріміз.

08.01.2010

* * *

«Болыс болдым, — деп еді, —
Бар малымды шығындап».
Абайдың сөзі келеді,
Өсу жоқ бермей тығындап.

Тәуелсіз күнді көз көрді,
Арқалылар наз арттық.
Қалталылар тез өзгерді,
Оларға жетті азаттық.

Шенділер алған парасы,
Ашылып жатыр не түрлі.
Шәкірт пен ұстаз арасы
Парамен сұмдық жетілді.

Жетті ғой бізге жай тегін,
Сөзіне Абай сенер күн.
Билікті шенеп қайтейін,
Халқыма бүгін не дермін?..

15.08.2009.

Астана

ГАГАРИН ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

«Гагарин ұшты!
Ғарышпен данқы ұласты!» —
Деген сөзге Мырзағұл қарсыласты.
«Шайтан ісі, шіп-шикі өтірік», — деп
Молда көршім дес бермей талқыласты.

Дабыл қызды!
Олжас та жырға басты,
Ол да түзей алмады тыңдамасты.
Жезқазғанда ең үлкен дін иесі
Сармолдаға жеткіздім бұл таласты.

Сөредегі қопарды ол сан мұраны,
Тірі Абайдай кітапшыл сән құрады.
Оқып-оқып тіл қатты:
«Мырзағұлдар
Дінді осылай ұятқа қалдырады.

Сауаты аз молда ғой қазақтағы, —
Деді, — тағдыр сондайдан тазартпады.
Сөгіп қайтем,
Інішегім, дімкәс сөзін,
Шандай сілкіп тастай бер балақтағы.

Есер қораз мезгілсіз шақырады,
Ел не десін жетпесе ақыл нәрі.
Ғарышқа ұшу – Алланың құдіреті,
Әлі талай қызыққа батырады.

Кітап сөзі құптайды, дұрыстайды,
Даналар да Платондай суыспайды.
Іші тарын адамның...
Жер бетіне
Келешекте қырқысып, сыйыспайды.

Мекен табу ғарыштан – талаптары,
Жұлдыз таңдап,
Көрсетер ғажапты әлі.
Тек адамзат тыныштық сақтаса екен,
Ынсап берсін!» – деп сөзін аяқтады.

22.04.2009

ЕРМАКТЫ ЖЕҢГЕН ЕРСІҢДЕР

Қуат Есімхановқа

Бесті асау, жүйрік құр аттай,
Көріндің, Қуат, көзіме.
Құзарттан аққан бұлақтай,
Құмарттым асқақ сөзіне.

Жігітсің кербез, шырайлы,
Арқаңнан жүрген ер түспей.
Қарқының асқақ ұнайды,
Қытайдан аққан Ертістей.

Қайталай берсем білсін ел,
Рухтың ұлттық жетегін.
Ермакты жеңген ерсіңдер,
Ардақты Манаш екеуің.

Ақсу етіп Ермакты,
Тірліктің өсті татымы.
Манашқа көмек жан-жақты
Көрсеттің, қала әкімі.

«Сол тамаша жол қайда?» –
Деп күрсініп толғанар.
Салады ойлы жағдайға,
Петропавл мен Павлодар.

Өшті ғой Ермак құлақтан,
Сәтті айқас елге ұнады.
Алаштың ұлы Қуатжан,
Көргім кеп сені тұрады!

01.01.2009.

Астана

* * *

Ұзарады күн ертең торғай адым,
Оранамын мен неге ойға қалың?
Жырдың көбін жүруші ем түнде жазып,
Енді таннан сәт күтті ойлағаным.

Осы күнде қашып жүр ұйқы менен,
Оятады тым ерте сиқыр өлең.
Шығар күннің жылуы жеткені ме,
Қызық екен келгені бүйтіп өлең.

Түн қысқарса аулақпын өкініштен,
Өзгеріске көнгішпін, етім піскен.
Жас кезімде түн серік, енді бүгін
Ерте оянып жолығам татымды іспен.

Ұзарады күн ертең торғай адым,
Козғалады көкіректе толған ағын.
Торғай адым түзелсең кешегіден,
Жырым, саған сәт тілеп қол қоямын.

ШӨБЕРЕМ МЕНІҢ ӘДІЛГЕ

Шөберем келді өмірге,
Сағындырып, аңсатып.
Орнады жайлау көңілге,
Жүрекке қонды бар шаттық.

Тірліктің қызық бұл шағы,
Қызыққа мөлдір қанғаным.
Ойлағанға, бұл-дағы,
Орындалған арманым.

Есен бол, Әділ қарағым,
Ғалым бол, әйдік батыр бол.
Бек құтты болғай қадамың,
Ақиқатқа шатыр бол.

Әділ деген атына
Сай болсын бүкіл ғұмырың.
Ұқсасын деген затына,
Аллаға жетсін сыбырым.

24.03.2007

ӘР КҮННІҢ ӨЗ ЖҮГІ БАР

Дүйсенбіде қауырт істер желеді,
Сейсенбіде бос сергелдең женеді.
Сәрсенбіде тағдыр барын береді,
Бейсенбіде жырға батқым келеді.

Жұма күні табылар жүрек керегі,
Сенбі күні сенімді достар ереді,
Сағыныштардан жаралғаным осы ма,
Жексенбіде түсіме ауыл енеді.

Беу, іншегім,
Осының бәрін ұғып ал,
Албырт кезін,
Уақытың жоқ қой тынығар.
Жастар үшін
Күннің бәрі сәрсенбі,
Қарттар үшін
Күннің бәрі сейсенбі.

* * *

Сыйла, қазақ, ардақта ақыныңды,
Одан артық таппайсың жақыныңды.
Сатылуды білмейді, тұлкілікті,
Білсе-дағы жазасыз атылуды.

Ақынды сүй, сүйгендей кең даланы,
Ойла, ағайын, аңғал жан неңді алады?
Ақыны жоқ ауылдың қызығы аз,
Бір тілегі өмірде кем қалады.

Жайма-шуақ адамнан үзбе күдер,
Жақсылықты жар салып тергенін көр.
Жаман жазса ақынды ардақтамас,
Жақсы өлеңін Құдайдың бергені дер.

ПИАНИНО СӨЙЛЕП КЕТТІ ҚАЗАҚША

Гауһар Сұлтановаға

Күйсандықтың кереметі Гауһарды
Тыңдаған жан елтіп, балқып тамсанды.
Жас аққудай
Көл бетінде талпынған,
Үзім үнге қанат байлап жан салды.

Астанада – Президент өнер залында,
Ұқсады әуен күн шетінде жалынға.
Сұлу саздың тың тасқынды теңізі
Толқып жатты
Мың-мың санлақ сарында.

Әр дыбыстың
Дәл келтіріп ағынын,
Аша түсті жүйрік көңіл сағымын.
Сым саусақтар сылқыл қағып үзімтал,
Жұртқа жайды іштен шыққан жан үнін.

Ақ ботадай қарай қалса жайдары,
Аққұба қыз
Күймен жігер қайрады.
Еуропаны әкелгендей көшіріп,
Шопен, Листің желісінен таймады.

Асау жүрек жанартауы қайнады,
Сұлу саздың жарқыл қақты айдары.
Чайковскийше аққуларды билетсе,
Бипыл-типыл балапан ырғақ заулады.

Моцарт, Вагнер Алатауды жайлады,
Мұқаң ағам Көкшеге ат байлады.
Дина апамыз ақ батасын бергендей,
Гауһар атты жаңа жұлдыз жайнады.

Төгілкенде сал Көкшенің пан үнін,
Еуропаға тенестірді дарынын.
Пианино сөйлеп кетті қазақша,
Мың құбылтып «Біржан – Сара» сарынын.

Алып келді
Қызғалдақтар аңқуын,
Сарыарқа мен Жетісудың шалқуын.
«Қыздар әнін» операдан әкелсе,
Қосқан екен өз жүрегі жарқылын.

Бұл не ғажап?
Ақиқат па, сезім бе?
Лаулап кеттім сол мезетте өзім де,
«Айгөлекшіл» біздің ауыл қыздары
Күйге еріп билеп жүрді көзімде.

Орындалды-ау
Бір тамаша арманым,
Мұқан назын, Гауһар, сәтті жалғадың.
Жан баурадың Жәниядай жайқалып,
Дара туған Сара апандай самғадың.

Пианино шапағат шашты нұрлы үні,
Толқып жатты әсем әуез гүл-гүлі.
Тындаушылар «браволап» қол соғып:
«Міне, – деді, – жаңа заман дүлдүлі!»

Музыкаға мен де муза жалғадым,
Үкілі үнге жалау тікті назды ағын.
Аспанымда жаңа жұлдыз жарқ етсе,
Ата болып ақ батамды арнадым.

*2005.
Астана*

ГАУҲАРҒА БЕРГЕН АҚ БАТА

Бата деген — ақ тілегі халықтың,
Дәстүрі осы біздің ұлттық қалыптын.
Бақытты бол, айналайын Гауһаржан,
Биік төрде өзінді бір таныттын.

Игере бер сұлу саздың ғарышын,
Есімінді барлық әлем танысын.
Дана дарын
Мың жылда бір келетін,
Нұрғисаның қасиеті дарысын.

Өрістей бер,
Абырой-атақ таптың көп,
Орындай бер
Сол қарқынмен ақ міндет!
Ақ батамның түйіні осы,
Гауһаржан,
Қолдап жүрсін Құрманғазы, Тәттімбет!

2005.

Астана

ДОСЫҢНЫҢ КӨЗІН ҰҒАРСЫҢ

Көп жұлдыз көкте Ай болмас,
Сәулесі жерге жетпейді.
Қалтқысыз серік қай жолдас,
Адал дос тастап кетпейді.

Сүрініп кеттің — құларсың,
Таяныш таптың — тұрарсың.
Дәрменсіз күнде дәл келген
Досыңның көзін ұғарсың.

Жүрсең де қандай жұмақта,
Түссең де қанша сынаққа,
Досы жоқ өмір жұтпен тең,
Достықтың туын құлатпа.

Ансаған гүлді жұларсың,
Алаңсыз сен де ұнарсың.
Ант еткен серттен жалт етсе,
Досыңның көзін ұғарсың.

Туыстың дос боп өтуі
Некен-саяқ, неғайбыл.
Туыс боп достың кетуін
Сыйластық заңы санай біл.

Тауға да биік шығарсың,
Жауынды жеңіп тынарсың.
Ағайын сенбей тұрғанда
Досыңның көзін ұғарсың.

ӨСИЕТІ АНАМНЫҢ

Айтқаны қызық анамның,
Әр сөзі мәңгі өсиет:
— Қасиетті адамның
Досы боп өту — қасиет.

Андап бассаң сақ жүріп,
Аллаға жетер арызың.
Жақсылыққа — жақсылық, —
Деп еді, — ең зор парызың. —

Сүрінсең өтер қарамай,
Жолама жалтақ борқаға.
Адал достан аямай,
Барынды төгілт ортаға.

Дақ салма сыйлы көңілге,
Желікпе дұшпан желдесе.
Дым бітпейді өмірде,
Ашуды ақыл жеңбесе.

Жабылып қалған түндіктей,
Тоғандай көрме ойынды.
Бәйгеге түсер жүйріктей,
Жараулы сақта бойынды.

Тұғырға сеніп жүрсең де,
Құзырға құлаш сермеп қой.
Біреуге ойнап-күлсең де,
Болмауды күлкі зерлеп қой.

Кездесер тайғақ жол талай,
Тайсалмай өрге бар, жаным.
Бер жағын ғана барламай,
Байқап қал таудың ар жағын.

АТАСАМ СӨЗДІҢ ИЕСІН...

*Сөздердің өзі сөйлейді.
Рәбиға Сыздық*

Сөздіктерде әзір деп,
Бекерше іздеп жатасың.
Ойында жүрер қадірлеп,
Сыйласаң сөздің атасын.

Ну орман етіп жайқалтты
Абайым тілдің негізін.
Жалғастырды бай салтты,
Мұхтар-сөз шалқар теңізім.

Жолықсам қауіп-қатерге,
Мағжанда жатыр керегім.
Махаббат жеңсе Сәкенге
«Тау ішінде» еремін.

Сексен көлге қарауды
Сағынсам шабыт тұтанып,
«Оқжетпеске» жалауды
Іледі Сәбит Мұқанов.

«Бозінгенді» боздатсам,
Әбішті іздеп кетемін.
Аралдың назын қозғалтсам,
Әбдіжәмілге жетемін.

Сырбайдан сөздің төресін
Алғаным ерен сыйлы етті.
Өжет тіл өткір өресін
Қасым аға үйретті.

Сұрапылды дауылдан
Тік өтсем саспай бүгін де:
Рақымжан, Мәлік, Бауыржан
Сөйлейді соғыс тілінде.

Жер-су, андар атауын
Ілияс ағам селдетті.
Ойлы сөз құтты қатарын
Мұзафар ағам өрлетті.

Суретшіл бастар өлеңге,
Ақан сері қашанда.
Сөз алдым сәулем сенен де,
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің төркінін
Ақ сүтімен дарытты.
«Гәккушіл» күннің өр тілін
Үкілі бабам танытты.

Іздеумен сөздің иесін,
Таптым ғой тетік тілден де.
Қиесі мен жүйесін
Сөз жолығар білгенге.

Жүрекке шырақ жаққандай,
Жүйелі сөз сөнбейді.
Рәбиға сөзгер айтқандай:
«Сөздердің өзі сөйлейді».

* * *

Бастан кешкен ащы өмір
Ерте үйретті сабағын.
Нұр төгер деп қай көңіл
Қадалып көп-көп қарадым.

Ішімде күйік жатса да,
Өзіңе ғана табынам.
Қуансам, қайғы басса да,
Өзіңді, анам, сағынам.

Әр сөзіңді сақтаймын,
Желігіп кеуде қақпауға.
Тірлікте тыным таппаймын,
Ақ сүтіңді ақтауға.

Көңілім — қиял орманы,
Бойымда парыз әбден көп.
Өтпесем, шіркін, болғаны
Көз жұмарда «әттең» деп.

КЕЛЕМІН ӘН МЕН ЖЫРДЫҢ ҚАНАТЫНДА

Бойымда жалыны бар бұлан ердің,
Ойымда ағыны бар Құлагердің.
Шабыста топтан озып алға тартсам,
Келеді тың қалпымда тұра бергім.

Көп жырлап өткендер бар менен бұрын,
Ол бақыт екеніне сенем бүгін.
«Жезкиік» бастап кетті жылдар көшін,
Шарықтап өрге ұмтылса терең жырым.

Ақындық жемісі мол бағындамын,
Артымда қою будақ шаңым қалың.
Аралдың айқасында атой салып,
Заманның ағымына бағынбадым.

Бақытым — бойға өлең дарығаны,
Беруге үлгермедім барын әлі.
Саясат айқасына сапар шексем,
Жебеді Мағжан аға аруағы.

Оранған сергек сезім, ойлы ақылға,
Өлеңім ән кернеген бар артымда.
Кеншілік, әкімдікпен артта қалып,
Келемін ән мен жырдың қанатында.

КӨКШЕТАУДЫҢ ҚАЛАСЫ

Көкшетаудың қаласы мен даласы,
Копа көлдің құмқайрақты жағасы.
Бала күнде талай асыр салған жер
Шабыт қозғап жібергенін қарашы.

Қасқыр көріп бұға қалған баладай,
Бұқпа жатыр жан-жағына қарамай.
— Беу, ескі дос!
Көтер, — десем басынды,
Міз бақпайды жалт қарауға жарамай.

Жеті жылдық ер балалар мектебін,
Тәмамдап ем,
Тентек етіп ерке күн.
Төбелессіз өтпеуші еді үзіліс,
Әр сағатты еске алып сыр шертемін.

Әне, шулы Шағалалы өзені,
Қандай ғажап...
Жар түбінде кезеңі.
Жалаңаяқ ізім жатыр құмдақта,
Дәл көрсетіп балық үйір межені.

Қара мойыл жарқ еткенде жанары,
Шыдай алмас тірі көкірек саналы.
Суға келген
Көрші қызы телміріп,
Қармақтағы ақмарқаға қарады.

Егделік пен ерке күннің арасы
Алыс екен көрінбестей шамасы.
Осынау қызды
Тым ертерек ұзатқан,
Ол да сенсің, Көкшетаудың қаласы.

АШЫҚ СЫР

Өту қиын бұл фәниден жасқанбай,
Әу дегенше тиер басқа тас қандай?..
Ерте кетті Сегіз сері өмірден,
Бар күйігін сұм қара жер басқандай.

Асылдарға артқан, тағдыр, пәлең де,
Перде жапты-ау көз бояғыш мәнерде.
Токтата алмай жарылысын жүректің,
Кең жалғанға сыймай кетті Сәбең де.

Ыстық қаным осындайдан суыған,
Толғанамын көкірегімді буып ән.
Қуғын көрген Шаяхметовтің ажалын
Хрущевтың шатағы деп ұғынам.

Қиямет-қайым деу ғой мұны дұрысы,
Шындық жеңді әркім айтар сыбысын.
Жаксы ұқсастық жайнай берсін өмірде,
Адамды адам қырып-жою құрысын.

Кей «дөкейге» тар болғанда кең жалған,
Мықтыларды құрытуға ен салған.
Ебіней аға қуғын көрген күндерде
Ұяты бар орыс-қазақ тамсанған.

06.01.2010.

Астана

ӨКІНІШ ПЕН КӨРІНІС

Төлеген Досмағамбетовке

Сұм ажал!
Қалай алдың Төлешімді?!
Көз жасым қысып кетті-ау өңешімді.
Жаныма сырқат батып жатыр едім,
Отырмын жинай алмай мен есімді.

Қолы – ұста, ойы – қызық, білім – кені,
Мүсіннің Бонапарты, ірім еді.
Туғандай бір анадан тату сыйлас,
Қасымда жүрген арыс інім еді.

Ол салған ғажайып қой бейнелері,
Сонымен биіктеп тұр ел беделі.
Шоқаны Көкшетауда құлшынып тұр,
Қанышты Алматыда бейнеледі.

Тізбеймін көз жасымен бар еңбегін,
Ерлер көп, ұмытқан жоқ әйел тегін.
«Максфельд мадоннасы» дүр сілкінтіп,
Аз емес оны білген әлемдегі үн.

Мүсінші дана туған бай талабы,
Әр ісі «Төлешпін!» деп жар салады.
Астана көріктенсе қонақтарды
Көпірде қос жолбарыс қарсы алады.

Елорда бас аланы төріндегі,
Не деген таңғажайып өмір еді?!
Бір бала көп фонтандар арасында,
Кішкентай Төлеш болып көрінеді.

Жаланаш тұрған бала нағыз қайсар,
Көзге күш, көңілге сеп анықты айтар.
Төлешті сағынғанда сол мүсінді
Көруге үнсіз ғана барып қайтам.

ЕСКЕРТКІШІМ ІНІМЕ

Сапарғали Салықовқа

Тақап қалды сексенге менің жасым,
Жүзге апарар деп жүрмін тегім асыл.
Әттең, дүние-ай,
Өмірден інім өтіп,
Есік пен төр көрсетті шебін ғасыр.

Қапияда жоғалттым бауырымды,
Ерке өскен, ер мінез дауылымды.
Елден жырақ мен жүрсем,
Ол қорғады
Шаңырақ пен ардақты ауылымды.

Тірлік көркін кең жерде құрушы еді,
Құрт тоқталды өмірді сүру шебі.
Ұя салған қырандай тау басына,
Жар басында Есілдің тұрушы еді.

Көкірегін жоқ еді буған мұңы,
Қыздан жайлау, бар еді ұлдан шыңы.
Ойда-жоқта өмірден өтіп кетті,
Шөбересі алтыншы туған жылы.

Қапылыста қақ жолда сүрінгендей,
Өліміңе, Сапаржан, жүрмін сенбей.
Саған ұқсас немерең жарқ еткенде,
Селк етемін сен қайта тірілгендей.

Оқыс қаза адамды қинайды екен,
Сұм ажалға мен сені қимай кетем.
Өлеңменен ескерткіш орнатайын,
Онсыз қайғым жүрекке сыймай кетер.

*29.08.2009.
Еңбек ауылы*

ҒАШЫҚ ЕДІ БАЛДЫРҒАН

Ол балдырған қыз еді, ғашық еді,
Көңілі көктем, көкірегі ашық еді.
Соғыс жылдар жан-жаққа көшіп кеттік,
Есте қалды тек қана аты-жөні.

Көкейінде не барын өзі біліп,
Жүзі жайнап тұратын көзі күліп.
Жұрт көзінше қасыма тақап келіп,
Сөйлесетін салғандай сезім бүлік.

Анам тату болатын анасымен,
Көрші едік-ау, достастым ағасымен.
Бір күртіктен сырғанақ тебуші едік,
Екеумізге шақ келген шанасымен.

Аппақ жүзі күн сүйген алтынданып,
Жүретұғын жайдары, жаркыл қағып.
Еске түссе, Құдай-ау, таңғаламын,
Отыратын шанада алдына алып.

Манайыма жүргендей жарық беріп,
Шырылдайтын қатерді анық көріп.
Үстімдегі қарды да ол қағатын,
Ағытылған түйемді салып беріп.

Ауладағы жайласақ биік қарды,
Ол бір күні ерекше күйіп-жанды.
Мен сүйрейтін шананы өзі сүйреп,
Қоштасарда бетімнен сүйіп алды.

Түсінбедім ол неге сүйгенін де,
Жалт беруге болмады үлгеру де.
Кейін білдім...
Балдырған ғашық екен,
Құштар етіп қалдырған бір көруге.

08.09.2009.

Астана

ҚЫЗЫЛЖАР

Ақ қайың елі жайдары,
Сарыарқа алтын айдары.
Абылай «Ақ үй» орнатқан,
Қазақтың ғажап аймағы.

Әнші де акын ғұрпыннан,
Көркіне терең сыр тұнған,
«Гауһартас» сенсің құлпырған,
Қыраны елдің — Қызылжар,
Жұмағы жердің — Қызылжар.

Орман-көл толы айналаң,
«Гәккулі» өлкем жайнаған.
Сандуғаш сайда үніне
Інжу мен маржан байлаған.

Мағжандай қайсар жаралған,
Ұлдары арыс сан алуан,
Атадан мирас нәр алған,
Қыраны елдің — Қызылжар,
Жұмағы жердің — Қызылжар.

Аққұба туған үлбіреп,
Гүлден де сұлу гүлдірек.
Ұлпанға тартқан ұлтжанды,
Қыздары шымқай Қыз Жібек.

Анамдай жылы жүрегі,
Есідей көпшіл тілегі,
Достықтың берік тірегі,
Қыраны елдің — Қызылжар,
Жұмағы жердің — Қызылжар.

ЖЕЗҚАЗҒАН БЕРГЕН ІНІЛЕР

Арпалыс кешкен кенші едім,
Қоштаған өлең жетегін.
Егіз інім деуші едім
Шынболат, Қуаныш екеуін.

Жақсыкелді – ол да інім,
Жалғастырған «Жезкиік».
Солармен сәнді әр күнім,
Салар ән, айтар сөз биік.

Інілер көп қой соңымда,
Тізбектеу бәрін шарт емес.
Тосқандай солар жолымда,
Тастайды елес әр белес.

Бір ананың жалғызы ем,
Достасып жүре көбейдім.
Жүрегім жаңа алды дем,
Керегем шалқып кеңейдім.

Биіктен ғана табылар,
Өнердің өңкей пірі дер,
Осалы жоқ, бәрі нар,
Жезқазған берген інілер.

16.09.2006.

Астана

МӘДИДІҢ ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

Ассалаумағалейкүм, Қарқаралы,
Шыдатпас сені аңсатқан жан талабы.
Жарк етті тау басында жалғыз арша,
Арудай мені тосқан Арқадағы.

Дербес ел саған бүгін тамсанады,
Үр жана ән қозғайды таң самалы.
Басыңнан бұлттар көшіп,
Осы емес пе
Қайғы-шер Мәди айтқан тарқағаны?!

Өткен күн бүгін анық байқалады,
Білгендер шын жүректен айта алады.
Зар қағып, «Мәди әнін» ұран етіп,
Бар қазақ қиын күнде қайталады.

Түрмеде жанға батып шаршағаны,
Мұң төксе ел аралап асқақ әні;
Бұл күнде ұлағаттап ұрпақтары,
Ескерткіш жарқылымен жар салады.

Еңсесін көтергендей сай-саланың,
Мәдиге белгі орнатқан бай талабың.
Есен бол,
Ермегияев Амангелді,
Ел сүйер ерен жүкті арқаладың.

Естісін бүкіл қазақ шартарабы,
Бір әннің болды-ау, шіркін, қанша мәні.
Сол үшін алғыс айтқын ақтангерге,
Думан той құтты болсын, Қарқаралы!

САҚТАЙ БІЛДІ МАҚТАЙ ҮЛКЕН ҒҰРЫПТЫ

Индиражан, атаң Мақтай бауырым,
Ауылы сүйді,
Қазақ сүйді нар ұлын.
Әжең Түкеш аттанғанда бақиға,
Ол кешті ғой дүние бұлдыр сағымын.

Зор қайғысын бүкіл қазақ бөлісті,
Дос-жарандар көздің жасын төгісті.
Алматыдан Астанаға көшкенде,
Жаңа орында сен бастадың өрісті.

Астана да құлаш жайды асылға,
Қызықпады ол сонда қызыл-жасылға.
Ауыр күнде еш жалғыздық білгізбес,
Қорған болдың жан атаңның қасында.

Сақтай білді досым үлкен ғұрыпты,
Жанарынның жарқылынан тынықты.
Күлім қағып сен жүргенде қасында,
Асау тағдыр ауыр мұңын ұмытты.

Енді бүгін сен ұшасын ұяна,
Өзге ұрпағы жүр ғой сәтті қияда.
Атаң үшін сен әкелген қуаныш,
Құшағына оңайлықпен сыя ма?!

Кетті бүгін Есіл-Көкше үнденіп,
Құттықтаймыз құшақ-құшақ гүл беріп!
Ақ бата сол: жан қосағың қасында,
Махаббаты сөнбес болсын, шын серік.

Қос жүректі мәңгі жайлап ғашықтық,
Нұр әкелсін жас отауға асылдық.
Домбыраның қос ішегіндей үйлескен,
Бастарыңа бақыт қонсын ғасырлық!

02.07.2005.

Астана

Қайда барсам гүлдерді көрем сан қилы,
 Бәрінен де ауылымның иісі аңқиды.
 Көл шетінде қос аққуға қарасам,
 Баяғы біздей төс тақасып балқиды.

Күн төбемде барады жылжып биіктей,
 Сұлу қыздың жылуы қоймас сүйінтпей.
 Әудем сәтте бұлтқа оранып жоғалды,
 Айдалада сағымға кірген киіктей.

Түн де келді. Жүрегім қайта жырлады,
 Тоғайда тоты әсем үні тынбады.
 Қызық екен қызыл қайың ішінде,
 Естілгені қараторғай мұңлы әні.

Бәрі қызық сәті түскен сәлемнің,
 Ансарын таптым жүрекке керек бар емнің.
 Сол дәрудің асылын табар сұратпай,
 Біздің ауыл кіндігі екен әлемнің.

Тас көрсем де жүзіне елең етіп,
 Суреттеймін гүлдей пәк өлең етіп.
 Бір өлеңім біткенде
 Тағы бір ой...
 Ұмтыламын соңына ере кетіп.

Кеншіліктен үйренген қимыл екпін,
 Қажымайтын қарқынын өнеге еттім.
 Тоқырау жоқ, тоқтау жоқ,
 Жаны бірге
 Шабыт деген құлымын кереметтін.

Ақ қағазбен ашылар дұрыс алаң,
Ізгі тілек бастырмас бұрыс қадам.
Өрге басқан жүйрікше өршеленіп,
Ауыр жұмыс үстінде тыныс алам.

07.12.2009

ШЕКСІЗДІК

Мұнары шексіз
Тұманы кетпес даланың,
Қиялы шексіз
Зиялы туған дананың.
Шексіз жылдар ішінде біздер ұшқынбыз,
Жарысы шексіз
Ескі мен озық жаңаның.

Сұм қара жер,
Шексіздік — сенің еккенің,
Адамды жұтып,
Еш тойымдық етпедің.
Қайғысы шексіз
Көзімен көрген ананың
Жалғыз ұлға аяусыз ажал жеткенің.

Шексіздік шебі,
Шалғайда елді аңсауда,
Түсінгендіктен
Сендім ғой көнбей шаршауға.
Жан жарыңмен сыйластыққа шек болмас,
Сүйеніш — серік қай қияға барсаң да.

Асыл ұстаз арманында шексіздік,
Алғыр шәкірт самғауында шексіздік.
Тіршілікте
Жас ұрпағың ардақтап,
Бірін-бірі жалғауында шексіздік.

Шексіз ой бар
Жырында біздің Абайдың,
Мұхиттай шексіз
Мұхтарға мұңлы қараймын.
Мағжан, Сәкен, Ілиясты атқандар
Қиямет кешпес
Қылмысын шексіз санаймын.

Сүйемін шексіз Қыз Жібектің намысын,
Төлегенді күте-күте ары үшін...
Ғашық жүрек
Шексіздігі деп білем,
Махаббат пен ғадауаттың жарысын.

05.01.2010

ДАҒДАРЫС ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Бұл — әлемдік дағдарыс,
Орманда жанған өртпен тең.
Есесін таппай бар табыс,
«Барынды» етер «жөкпен» тең.

Түсімді шексіз орғанда,
Қалтаға түпсіз салады.
Алпауыт әбден тойғанда,
Азайып табыс қалады.

Деп бір кезде түсінді ел,
Идеологиялық айтыста.
Қайталап соқты бүгін жел,
Бармастай ескі тартысқа.

Қаржы емес бәрін бүлдірген,
Алпауыт дерті ұлғайды.
Өкпесі ақау білдірген,
Өксігін әлем тыңдайды.

Кілт біреу өмір сүретін,
Достасып әлем жаңылмас.
Ден Сяо Пиннен артық білетін
Әзірше «кілтші» табылмас.

22.05.2009

МЫҢ-МЫҢ АЛҒЫС ҮЙЕМІН

Студент кез
Жүрек жаулар тетікті, .
Тапқан сөзім арманына жетіпті.
Гүлдей нәзік аққұба қыз
Бәйбіше
Болғанына елу бес жыл өтіпті.

Жасырмайтын дос-жараннан сырым бар,
Таттым ләззат, Мәриям, сенен шырын-бал.
Тәубе деймін,
Төрім толды қызыққа,
Мақтан етер қызым және ұлым бар.

Ұл ұясын, қыз қиясын табатын,
Кең жайылды шартарапқа қанатым.
Өз қызымдай болып кетті Ракетам,
Өз ұлымдай көрінеді Маратым.

Дархан дүние ақ ниеті кең еді,
Ата-бабам аруағы мол жебеді.
Арман, Дана, Әдия – үш немерем,
Әділ атты шөберем өсіп келеді.

Балапандар ақ тілекті ақтасын,
Жол ашылсын бәріне де сәтті, асыл.
Тілейтінім ертелі-кеш қашанда,
Тіл мен көзден тағдыр есен сақтасын.

Өзімді өзім қиял құсқа теңеймін,
Жонда жортқан жезкиікті жебеймін.
Туа жалғыз болсам-дағы өмірде,
Жүре-жүре достарыммен көбейдім.

Игі жақсы дәмдес болды елдегі,
Кенші-ақын боп шабыт қанат сермеді.
Қарақалпақ, Мәскеулетіп оралдым,
Соның бәрі Мәриямнің еңбегі.

Сол үшін де мың-мың алғыс үйемін
Пәк мінезін көкірегіме түйемін.
Той үстінде «ашылатып», ағайын,
Мәриямді екі беттен сүйемін.

24.12.2010

ШӘКІРТІҢ ТҰР ӘН САЛЫП .

Нұрғиса Тілендиевке

Нұраға!
Сені сағындым,
Наз төгілтті сағым күн.
Жыр тасқындап жүректен,
Толқып ән боп ағылдым.

«Ата толғауы» қарқындап,
Жер мен көкте самғады.
Сырнай-керней саңқылдап,
«Аққуларың» жалғады.

Күйге қанып құмары,
Баурап алған жар салып.
Лаулап жүрек шырағы,
Шәкіртің тұр ән салып.

Күй төгілтіп, шырмап ән,
Қосылғандай гүлді алаң.
Жас жігіт тұр сен баулып,
Маңдайынан сипаған.

Асқақ күйді данқы өктем
Естіген жан құптайды,
Сенің ғана саңқ еткен
Сұңқар даусың шықпайды.

Жанарыңның жарқылын
Жалғай білген қарсы алып,
Саған арнап жан сырын,
Шәкіртің тұр ән салып.

«Құстар әні» алыста,
Бара жатыр ғарышта.
Асыл аға, жан аға,
Жұлдыз болып қарышта.

Қандай ғажап әуені,
Туған елді жайлаған;
Сағыныштың сәлемі
Бұлтқа қанат байлаған.

Ән төгілсе қамығып,
Ай қарайды тамсанып.
Сені аңсап сағынып,
Шәкіртің тұр ән салып.

БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІН АШҚАНДА

Тік шатқал етегінде жас құрақтың,
Сыбыры естілмейді тас бұлақтың.
Жан толқып,
Көңіл шалқыр сәт екен ғой,
Аққайнар көзін ашып шапқылаттым.

Шатты әнге сақ-сақ күліп салғандайын,
Япырмай, сонша қуат қайдан дайын?!
Сүйсініп күлкісіне мен де тұрдым,
Бойыма жаңа қуат алғандайын.

Балқыдым ен қызыққа батқан сайын,
Шалқыдым жанға шырақ жаққандайын.
Ақбұлақ алғыс айтты қоштасарда,
Бір серпіп жарқыл қаққан ақ маңдайын.

Бере бер, о, Жаратқан, сәнді күнді,
Ұмытпан кереметті дәл бүгінгі.
Бұлақтың көзін ашқан сауап тиіп,
Денемде жас күнімдей қан жүгірді.

ҮЙДЕГІ БАС ДӘРІГЕР

Ғажапсың үйдегі бас дәрігерім,
Шын бапкер әрі кербез, әрі керім.
Қатты айтып, тәтті айтып та,
Бір сүйгенің,
Деп білем өзгелерден артық жерің.

Емдейсің, Мәриям, аспен, дәрімен де,
Түспейсің қисыны жоқ әбігерге.
Күш-қуат жинағанда
Асып тұрды-ау
Бал қымыз, ыстық құймақ бәрінен де.

Тамаша не керекті сұратпасан,
Әкелді әл азайса шуақ тасан.
Сол болар
Еңбегінді қайтарғаным,
Тым ерте сені артымда жылатпасам.

06.02.2002.

Алматы, емхана

БУРАБАЙДЫҢ ҚАРА НАРЫ ЕКЕНСІҢ

Қайырлы Құрмановқа

Ескісі өтіп,
Қанат жайса тың ғасыр,
Қайырлы інім,
Елді емдегіш мырзасын.
Сарыарқаның ақ халатты алыбы,
Оқжетпестей арда, кербез тұлғасың.

Сал табиғат асыл досы үмітсін,
Айнакөлге ажар берген жігітсін.
Қайырымды мінезінмен мейірбан,
Көкшетаудай көз тойдырар биіксің.

Тенеу гүлін терсем таңсық не түрлі,
Саған лайық
Өлең-гүлшоқ жетілді.
Не десем де көрінесің көзіме
Тірі жүрген Жекебатыр секілді.

Келбетіңнен есіп тұрса жылылық,
Көрген адам қалады бір жылынып.
Мен қуандым
Абылай ханның аруағы
Желеп-жебеп жүргендігін ұғынып.

Сен Мағжандай
Өжет, қайсар, бекемсің,
Әлі талай армандарға жетерсің.
Буырқанған қарағай, қайың ішінде
Бурабайдың қара нары екенсің.

25.07.2009.

Бурабай

СЫРЫМБЕТ АРУЛАРЫ

Төрт тамаша Сырымбет сұлулары,
Көкшетауда жүр шымқай шырын-дәрі.
Той-думанда аттарын жырға қоссам,
Ұнатады маркайған бүгін бәрі.

Зина, Бәкөш, Зейнікеш, Мағи қандай?!
Төрт жағыңнан төрт шырақ жағылғандай.
Жай емес-ау, бір сынып түлегіміз,
Жүрегіміз тапқызар бабын қандай?!

Тауға жақын құлашты жайдым тағы,
Құлпырып тұр Айыртау алдымдағы.
Саумалкөлде Әгір жүр сыныптас қыз,
Ұмытпастай аққудай айдындағы.

Бірге болса балғын шақ — өткеніміз,
Қанат жайды жас ұрпақ өркеніміз.
Қашан, қайда жүрсек те естен кетпес,
Бір ұядан ұшырған мектебіміз.

Құдіретті жер қыздарға күлімдетті,
Махаббаттың сан сырын ұғымды етті.
Құлағыма Жамалдың әні келіп,
Ұмыта алмай отырмын Сырымбетті.

Жанарларың жарқ еткен жан улады,
Сағынсақ та пәк жүрек жаңылмады.
Қыз күндерің қайтадан оралғандай,
Сәлемімді ал, Сырымбет арулары!

02.08.2007.

Астана

ЕРКЕҒАЛИДЫН МОНОЛОГІ

Жер құтты біздер жаралған,
Тел өстім дала желімен.
Аққуға қарап таранған,
Ән тердім Балқаш көлінен.

Тайпала басып қаптаған,
Толқында күйшіл дарын бар.
Жарқ етсе суда ақ сазан,
Жігері сөнбес сарын бар.

Сайраса сайда тотықұс,
Оралар көзге ақ маңдай.
Домбыра шертем асығыс,
Махаббат тілін тапқандай.

Үйрендім үнсіз тосуды,
Өкініш бар ма, наз бар ма?
Сол кезде сәулем қосылды,
Сағыныш толы саздарға.

Қоңыр қаз өтсе қаңқылдап,
Балқытты жүрек тескені.
Жаныма болды балқұндақ,
Балқаштың балғын кештері.

14.02.2009

БИБИГҮЛ ӘН САЛҒАНДА

Сыңғырлап бұлақ аққандай,
Кербез ән толқып сырғыды.
Жүрекке шырақ жаққандай,
Сайрады қазақ бұлбұлы.

Қиялға бастап қайдағы,
Әкетті алыс арманға.
Ажары гүлдей жайнады,
Дыбыстан маржан тамғанда.

Қалады бейқам кім бүгін,
Қалауын әннен таба алмай?!
Жарқырап тұрды Бибігүл,
Махаббат жаққан алаудай.

Құштарлық оты бастаған,
Беу-беулеп әуен самғады.
Шарықтап, шалқып асқақ ән,
Жер менен көкті жалғады.

Үздігіп шықты үн-шырын,
Үкідей нәзік желкілдеп.
Үдетті ғашық жан сырын,
Үмітшіл толқын екпіндеп.

Сұлу саз еркін желпіді,
«Тауһартас» қалды құлақта.
Өзгенің бәрі елтіді,
Өзім де кеттім жұмаққа.

МАҚПАЛҒА

Тау мақпал, торғын тоғай, дала мақпал,
Ақ мақпал көрінеді алма бақтар.
Артық боп әлемдегі бар мақпалдан,
Жаралдың ән дүлдүлі дара Мақпал.

Сарыарқа еселеген мақтанышын,
Аққұба Есіл-Нұра ақ талысын.
Мәдидей көкте бұлтқа мұнын айтқан,
Қазақтың қаз дауысты Мақпалысын.

Аңсатып «көкей кескен» ғашық дерттін
Үзімін үзбей сақтап татымды еттің.
Күмбірін сал домбыра дірілдетіп,
Тірілттің бір қағысын Тәттімбеттің.

Байтақ ел, Макпал десе, шартарабы,
Ақ маржан, әсем қоңыр ән тамады.
Қиядан Ай-әлемді қызықтырып,
Сүйісті Алатаумен Қарқаралы.

* * *

Мен көрдім аққудың жас көгілдірін,
Өзгертті құс-періште өмір нұрын.
Адасып қалған құсым табылғандай,
Тамылжып жас күнімдей төгілді үнім.

Жайнады кездесуді несіп етіп,
Ойнады құс қамысты кешіп өтіп.
Салғанда салтанатты саңқылына,
Кең дала жайнап жатты есі кетіп.

Қайтейін құс әніне көне бермей,
Тыңдадым Бибі Фатима жебегендей.
Жас аққу Қыз Жібектей көз арбаса,
Мен тұрдым мейірі қанған Төлегендей.

Серпілді құс патшасы сезім жеңіп,
Желпінді қос қанаты жеңілденіп.
Мойнына осындайда оралсамшы,
Жайқалған жас қамыстай өрімделіп.

Кім сүймес қимай қарап танығанды,
Мезетке мерекелі жаны қанды.
Құс кетті, қызық өтті, дала тынды,
Жүректе мәңгі өшпес әні қалды.

Көңілдің көркі тозғанда
Азаяр өмір қызығы.
Дүлдүлден мәстек озғанда
Сергітпес тірлік үзімі.

Қырғидың құлқын арманы,
Салғаны нешік ойран, зар.
Әлемді бүкіл қармады
Әсіре шылқып тойғандар.

Шолақ айғыр секілді,
Қойсаң да тұрмас арқандап.
Қомағайлық жетілді,
Әсіре байып талтандап.

Құлқыны түсер көзге де,
Сарандыққа сайыған.
Жәрдем етпес өзгеге,
Талапайдан байыған.

Жабық ат бәрін жебейді,
Тауарға толы шетелдік.
Дүкендер «дөкей» көбейді,
Ат шаптырып өтерлік.

Қалмаса кеше соныңнан,
Ертелі кеш бес елі.
Бұрыла басып жолыңнан,
Көрмегенсіп өтеді.

Сұмдықты нешік байқарсың,
Кездесіп талай содырға.
Не қыл деп ақыл айтарсың,
Тойынған қызба тобырға?!

АЙЫРТАУ

Айыртау дейміз...

Ойлансақ ең дұрысы:

Бұл — қос өркеш қазақтың Эльбрусы.

Ең табиғат ғаламаты емес пе,

Көш басында көк бурадай тұрысы.

Бұлттар сүйіп күлім қаққан бетінен,

Кейпі қызық буырқанбай бекіген.

Тау — көгілдір, орман — жасыл, су — күміс,

Көз тартады Кіші Қоскөл шетінен.

Ғашық жігіт жан тынысын жиі алып,

Тұр ма дерсің көргеніне қуанып.

Мен секілді

Көрші ауылдың қызымен

Кездескенде бір сүймеген ұялып.

Тау сұлуы елден ерен туғандай,

Мың қарайсың жүрек шері бір қанбай.

Күн батарда жарқырайды қос ғашық,

Айырылмастай құшақтасып тұрғандай.

Ақ қайыңнан сезім селі қаулайды,

Қыз-қарағай сыр шертеді тау жайлы.

Кейде егіз шың

Қимай қарап қоштасқан

Ақан сері — Ақтоқтыдан аумайды.

Арбағандай қиял-ғайып мол орман,

«Гәккулетер» көлде құстар оянған.

Айыртауым, саған жетер жер қайда,

Сүттей таза сұлулыққа оранған?!

КАРУЗОСЫ КӨКШЕНІҢ

Сәкен серіге

Ақан сері, Біржан салдың ізімен,
Ән салғанда
Нұр шашатын жүзінен.
Толғанатын, тебіренетін,
Балкитын
Кездескендей төрде хордың қызымен.

Шырқағанда
Италия әсем әндерін,
Талмаурап қалды-ау
Талай сұлу сал-керім.
Әсем сазын әуелетсе Абайдың,
Елестейтін Тоғжан, кейде Әйгерім.

Әнші еді ғой,
Жеңіл бермес көш төрін,
Таза дарын
Көрдік жедел өскенін.
Сәкен еді тірі жүрген тап кеше,
Мен білетін Карузосы Көкшенің.

24.07.2009.

Бурабай

СӘКЕНҮШІН АЛҒЫСЫМ

Қайыргелді Әкімбековке

Екі жыл өтті
Өмірден Сәкен озғалы,
Оқыс каза сан жүректі қозғады.
Тарлан еді-ау,
Биік туған арманы,
Айғақ болған Айға қолын созғаны.

Ақанды айтсам,
Алдыма Сәкен келеді,
«Шырмауықты» сызылта шырқап береді.
Сырымбет жақта
«Қараторғай» қалықтап,
Қыр басында Құлагер жүйткіп желеді.

Ақжолтай інім
Артушы еді мың сенім,
Ақтардық талай
Теңіздей шалқар тіл кенін.
Қуанушы едім көргенде әсем әндетіп,
Көкшетауда серілік құрып жүргенін.

Келетін іздеп,
Жезқазғанға, Мәскеуге,
Қайтпаған буы
Жазғанын оқып нәштеуге.
Нөкіске де қатынайтын сағынып,
Ауылдан шалғай мен жүргендей әскерде.

Қайыргелді,
Жазғаныңды оқыдым,
Сәкеншіл күшті қызуы жүрек отының.
Саралапсың сан қилы
Дарқан дарынын,
Жеңіл-желпі қаға салмай тоқымын.

Сезімің сергек
Айтар ойды бай қылған,
Қанағат таптым
Қарасам толқып қай қырдан.
Өкінішің де,
Өксігің де көлкіп тұр,
Сағынып-аңсап
Ел-жұртпен бірге қайғырған.

Жан толқытар
Інілік белгі арнапсың,
Кең мінездің әр тармағын аңдапсың.
Сыйлас өскен қимас көңіл толқынын
Барша қазақ жүрегімен жалғапсың.

Тірілермен ол жүргендей бір сапта,
Бұл тартуын
Қымбат сабақ ұрпаққа.
Асқақ дарын есімін мәңгі сақтауға,
Сауалың жақсы салмаған тұмша бұлтаққа.

Ғибрат алған
Арттағы мұра хатынан,
Ойыңнан үзім орасын құрмет татынам.
Қайыргелді, нағыз досы екенсің,
Алғыс айтам Сәкен сері атынан.

23.07.2009.

Бурабай

ОПТИМИЗМ

Кейпін көріп көшеде масқараның,
Аяп кеттім тұрғынын бас қаланың.
Қопарып тұр қоқысты тамақ іздеп,
Тік қарауға бетіне жасқанамын.

Міне, достым!
Айырсаң «жер» мен «көкті»,
Көңіл жүгін көп пақыр термен төкті.
Ардагер мен саудагер күйін көрші,
Білгің келсе бүтінгі «бар» мен «жоқты».

Керек десең көрініс
Пайымдырақ,
Бос үгітті шындықтан айыр бірақ.

Қалай ғана қабырғам сәгілмесін,
Көшеде тұр көп адам кайыр сұрап.

...Осы еді ғой көргенім түске дейін,
Ертең жақсы болар деп түс көрейін.

ӨРНЕККЕ

Мақтан етіп атап жүрер жер-көкке,
Ағам, інім болды біздің Өрнекте.
Әр кездесу аңыз-дастан туғызған,
Ғажап еді-ау екеуі де көрмекке.

Ағам еді Тұрсынбайы Кәкімнің,
Бірі болды өзім көрген асылдың.
«Аңшының әнін» Үкілі Ыбырайша айтқанда,
Құпиясын қопарушы ек ғасырдың.

Бірге оқыдық бірлік, достық орнайтын,
Маған тиген талай бала сорлайтын.
Шәкірт болды Молдахметтей атама,
Хатшысы боп айтыстарда қолдайтын.

Інім еді кеше жүрген Есләм,
Айбарлы ақын, тентек десе қосылам.
Алматыда Есілге тіл тигізбес,
Мінезінен талай ақын шошыған.

Еңбек атты көрші жатыр ауылым,
Бірге өткіздік талай қызық тәуірін.
Аға сыйлар ерекше еді мінезі,
Мен сүйсіндім деп өзімнің бауырым.

Сәлемімді ал, асыл аймақ «Өрнегім»,
Дәм жазбады-ау, бұрын сені көрмедім.
Есләмнің жетпіс жылдық тойында
Бой көрсетіп, сағынышымды мөрледім.

Ұлықтады ол асыл атамекенді,
Туған жерге ер парызы өтелді.
Өрнек, оны жер бетіне әкелсең,
Есләм сені Алатаудай көтерді.

Әңгімемді келе берсе тыңдағың,
Өзіңнің де күш беріп тұр тың бабың.
Атағыңды айғақтады, Өрнегім,
Тұрсынбай мен Есләмдай ұлдарың.

БІР ЖАҢАРТЫП ӨТЕТІН

Кей қаланың аты әншіл үн берді,
Ақмоламыз Астана боп үлгерді.
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Ескі Ермак Ақсу болып оналды,
Ата жұртым нұры жанған өң алды.
Шетте жүріп елге жеткен секілді,
Тараздарым өз атына оралды.

Ал Павлодар мызғымай тұр шертиіп,
Сыйлық емес, «дар» дегені — шер-күйік.
Ақ патшаның бекінісі емес пе,
Намыс қозғап тұрған өңсіз мелшиіп.

Сан ойланып,
Сана мұңын кешесін,
Өтпеді ғой ұлыққа айтқан неше сын.
Мазалайды Петропавловск дегені,
Басқан кезде Қызылжардың көшесін.

Тағдыр осы өңменіңе жететін,
Әудем сәтте мәнгүрт етіп кететін.
Салт-санама сыйыспайтын аттар бар,
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

Гәптін бәрі түпкі негіз затында,
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.
Екі қала тұрса деймін жарқырап,
Сәтбаев пен Уәлиханов атында.

ЕЛ ШЕТІНДЕ АҚ ҚАЙЫҢ

Ел шетінде ақ қайың,
Көзге ыстық асыл арайлым.
Кездескен біздер сәт сайын
Ізетпен саған қараймын.

Тұрасың таныс адамдай,
Жасыл бешпент жамылып.
Жол тосып жүрген анамдай,
Келер деп мені сағынып.

Ізімді басқан санайтын,
Көрші қыз балғын шағынан.
Қасыңнан маған қарайтын,
Ажарын аппақ сағынам.

Жасыл жапырақ сыбдыры
Сол қыздың ғашық сөзіндей.
Сығалап түскен күн нұры
Жарқ еткен мөлдір көзіндей.

Бұрылған саған ескі жол
Кіреді жиі түсіме.
Ақ бұтағың берді қол
Кездескен үлкен-кішіге.

Аппақ тәнің мамыр ма,
Бір сипау дертті емдеген.
Киелі күш бар тамырда,
Жалғаған сені жерменен.

Көп толқытқан ойымда
Сырымды шертіп тамсанам:
Кұштарлық бар бойында
Біз аңсап, бізді аңсаған.

КОМПОЗИТОР ДОСТАРҒА

Жақсы дос сырын түсінем,
Шындаған заман сынағы.
Тілегі таза кісімен
Тілдескім келіп тұрады.

Сүймеймін сөз бен желбуаз,
Жадағай жайдақ сарынды.
Іздедім әсем сұлу саз,
Оятар ойда жалынды.

Сенімді сақтар күдікпен,
Сөнбесін үміт шырағы.
Сөз білер асыл жігітпен
Сырласқым келіп тұрады.

Ән мен сөз жатық қабысқан,
Жарқ етсін жұлдыз жанғандай.
Алыстан аңсап табысқан,
Арудан алғыс алғандай.

Жібермес жеңіл сайранға,
Сөнбесін шабыт шырағы.
Ақылды доспен майданға
Аттанғым келіп тұрады.

Майданым — өлең өресі,
Елеңдеп елім ұққандай.
Үзімтал әнге бөленші,
Үзімін жүрек жұтқандай.

«ГАУҲАРТАСТЫ» ШЫРҚАШЫ

Клара Рахмадиеваға

Жаның сұлу нәр алған жалыныштан,
Әнің сұлу әу десең алып ұшқан.
Оралғандай қыз қалпың үзілтесін
«Гауһартасты» жаралған сағыныштан.

Ағамызбен жарасып алға өрледің,
Отбасында әнге де мән бермедің.
Сегіз сері әйгілі «Гауһартасын»
Сенен артық маздатар жан көрмедім.

Асқақ әннің үзімтал терші гүлін,
Жер жұмағын әкелсін өршіл үнің.
Алты қабат ақ үйді жаңғыртқанда,
Әр дыбыстан естілер көршілігін.

Ән төресі нұр-шуақ төкті арайын,
Түрлендірді Астана кең сарайын.
Шырқап салшы, жеңеше, «Гауһартасты»,
Шаршап жүрмін, аз ғана демалайын.

18.08.2008.

Астана

РОМАНС

Билейді ерке қуаныш,
Аңсаған сені шағымда.
Жақындап арман тым алыс,
Сайрайды бұлбұл бағымда.

Үміт пен сезім бірыңғай,
Кездесу күтіп қинайды.
Шұрқырап тентек құлындай,
Жүрегім қатты тулайды.

Зіл артпай таза көңілге,
Жарылсам бүгін ағынан.
Көңілім қалып өмірге,
Қиналған сәтте сағынам.

Сөзіннен мәңгі жатталар,
Үзбедім көңіл елеңін.
«Сабакты ине сәт табар»
Дегенге берік сенемін.

Кездестің қуат бергендей,
Үзіле жаздап жалғандым.
Пейіштің қызын көргендей,
Көркіне қатты тандандым.

Рахат, ләззат татымы,
Елжіретсе жан шеккен,
Алғыс алдым ақыры,
Жанарыңнан жарқ еткен.

АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТІЛ

Әннің тілі — адамзатқа ортақ тіл,
Жүрек шетін сұлу әуен қозғап тұр.
Жаннат өмір, тірі жұмақ орнайды,
Ғашық әуен кетсе назын толғап бір.

Күй дүбірі барша өнердің туындай,
Шабысын-ай өрге тартқан суынбай.
Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін тарт,
Шер қозғаған шұрқыраған құлындай.

Төкпелетші Құрманғазы «Серперін»,
Еске түссін жұлдыз қуған ерке күн.
Нұрғисаның толқыт «Ата толғауын»,
Билеп кетсін кербез ағын, көркем үн.

Сұлу сазға адам жанын теліген,
Қазағымның мың сарынды жері кең.
Тындай қалшы,
Күй күбірлеп жатады,
Ақ жаңбыр мен қарлы боран, желінен.

Теңіздер де, мұхиттар да сабылып,
Күй қозғайды ертелі-кеш ағылып.
Толқындары асығады адамдай,
Жағалауда бір көргенін сағынып.

05.12.2008.

Астана

ҚҰРБЫЛАРЫМ

Жайсаң жандар
Жақсы қыз — құрбыларым,
Сендерменен таусылмас сыр құрағым.
Алдарында серілік қысып кетіп,
Бесті асаудай бас білмес бұрқырадым.

Көңіл жықпай тілекті мақұлдадың,
Сұлусыңдар,
Мол тағы ақылдарың.
Құрбыларым — мәңгі қыз қарындастар,
Сендерсіңдер суыспас жақындарым.

Жидек, шие қасымда жүріп терген,
Болашаққа балдырған үміт берген.
Ауылда өскен қыздар-ай, кереметсің,
Сыйластықты патша етер ғұрып берген.

Шаңғы тепкен сырғанап бір шоқыдан,
Мектептестер, ғажапсың бірге оқыған.
Биші қызды жалғанда ұмыту жоқ,
Әнші қыз да аумайтын ақ тотыдан.

Ғашық болсақ,
Туған жер, қыршындарға,
Көрші қыздан асатын құсын бар ма?
Былыр іздеп ауылға барып қайттық,
Әже болған әуенін бір тындарға.

Соқпау қиын осындай тылсымдарға,
Соқсаң жүрек тағы да тым сыздар ма?
Қандай ғана жігіттер бұйырыпты,
Сырымбеттен бірге ұшқан мұнсыздарға?

Мәскеудегі қыздарға түңілмедім,
Жүрегіне біреу-ақ үңілгенім.
Отау құрған айтулы той боп тынды,
Аққұба қыз соңынан жүгіргенім.

Құрбыларым — өмірдің сыйы маған,
Сендерді айтып сыр-тұмар түйіп алам.
Күйеулерің көрсе де кездескенде,
Құмар қанып, ондап бір сүйіп алам.

2009

* * *

Тағдырым, ғұмыр берме алаңсыз ғып,
Сөздің де дәмін ашар табам тұздық.
Әкемді ақ бесікте жұтсам-дағы,
Етпеймін ешқашан да саған құлдық.

Кен қазсам тозған елге таптым азық,
Жыр жазсам келем ата салтын жазып.
Төрт бөліп түн ұйқымды толғанамын,
Тебіrentіп Абай қаққан алтын қазық.

Бастай бер жақсы күнге, өмір-арман,
Болмасын сенгенімнің көбі жалған.
Молайсын ортайғаным деп тілеймін,
Тайғақ жол, тар кезеңде төгіп алған.

Қара су тұнып жатқан сырға баймын,
Әр асу биігіне тың қараймын.
Аралдың айқасына атой салсам,
Төгілткен маңдай терін бұлдамаймын.

Беріпсің шексіз етіп маған мұңды,
Мұңымнан жыр желісін табам құнды.
Сүрінсем ол өзімнің қателігім,
Артпаймын ешқашан да саған сынды.

09.01.2010.

Астана

СЕН ЕДІҢ ҒОЙ...

Ауыл жаққа құстай ұшып асығам,
Көрсем деймін ақ қайындар қасынан.
Сен едің ғой ақ дидарың аңсатып,
Екі көзге көктен жұлдыз тасыған.

Ажарыңнан бір көргенде талдырған,
Нәр алушы ем жасап іштей жан құрбан.
Сен едің ғой құштар етіп құлшынтып,
Ең алғашқы ғашық отын жандырған.

Шақырады артта қалған гүл көктем,
Әсем кештер, айлы тандар бірге өткен.
Сен едің ғой махаббатқа мәз етіп,
Сүйіп, құшып, ләззат алып үйреткен.

Қыз Жібегі қатар өскен құрбының,
Қиял екен сол ғажайып бір күнін.
Сен едің ғой тал түбінде сайраған,
Таң мезгілде мен естіген бұлбұлым.

Есім шықса жасағандай қыз үгіт,
Қара көзің талмауратты сызылып.
Сен едің ғой, әлі де бір өзіңсін,
Қызықтырып, жүрген маған қызығып.

КӨШЕДЕГІ КӨРІНІС

Қара айғырдай басы қасқа ақ табан,
«Джиптер» барлық көшелерде қаптаған.
«Бұлар біздің ұлттық көлік», — дейді екен,
Інілерім қонақтарға мақтаған.

О, иншалла! Көп көлікке жарыдық,
Темір тұлпар әрі жайлы, әрі нық.
Қалталылар, шенділер өңкей бақталас,
Бәсекеге түсіп әбден байыдық.

Көшеде көп алақ-жолақ елестер,
Жыпыр-жыпыр жарнамасын тез ескер.
Кей жерлерде жабайы сөз жазады-ау,
Қытығыңа тиіп кетер өрескел.

Фотосалон — «KODAK» болып кетіпті,
«AMSTEL» — сыра «ұятсыз» болып бекіпті.
Ойлайықшы, намыс қайда, ағайын,
Осындайды тыятын сәт жетіпті.

Көше көркін көтерсек көп есеге,
Халық саны әлі сонша емес десе де,
Көңіл көншір қуаныш бар әйтеуір,
Екіқабат әйелдер көп көшеде.

ҚАЙРАТ КЕЛДІ АСТАНА АЯСЫНА

Жарк еттің Астанада, Қайрат, бүгін,
Жайнатты көрікті көш арман жүгін.
Біржан сал, Ақан сері жалғасындай,
Жеткізді ел төріне самғап үнін.

Қайырмасы:

Астанаға ән келді,
Сал-серілік сән келді,
Сапарыңа сәт тілеп,
Ақорда зор мән берді.
Дәстүрлі әнді жалғай бер,
Пай-пай, тарлан, самғай бер!

Елбасы сыйға тартса қоныс кілтін,
Әнқұмар айғақтады асыл ғұрпын.
Шаттанып «Гәккулеткен» дүбіріңе,
Мақтанып қол соғып тұр елі-жұртың.

Қайырмасы.

Кең құлаш кеңейте бер керегінді,
Көрерсің құтты қоныс жебегенді.
Жібермей Алатаудан сені жалғыз,
Жүсіпбек, Манарбектер ере келді.

Қайырмасы.

Толқытып Сарыарқаның кең даласын,
Шырқай бер бақыт құсы қолдағасын.
Ажарын Астананың аша берсін,
Асыл ән әр жүректе салған асыр.

Қайырмасы.

БОШАЙ КІТАПБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Әнмен сұлу көрінеді бұл ғалам,
Әншілерге жақын жүрем бір табан.
Сұлу саздың керектігін байқадым,
Басқарма боп жүрген кезде тыңдаған.

Ән «Жезкиік» аруағын асырды,
Әуелетті, бүкіл қазақ бас ұрды.
Қан майданда қалған аяқ жұрнағы,
Сырқыратқан өз күйігім басылды.

Талай тыңдап арасында жастардың,
Елтіп, балқып сау күнімде мастандым.
Той-думанда қайта-қайта айтқызып,
Кейде өзім дирижер боп басқардым.

Біздің ауыл сән құраса шалқып тым,
Тірі жанды ән сүюге тартыппын.
Адам түгіл, «Жезкиікті» тындатып,
Сиырлардың сай-сүйегін балқыттым.

Ән әуені өңмеңімнен өтетін,
Мал да болса емшегі иіп кететін.
Өзіме де мінез бітті
Фермаға
Сиыр сауған кезден қалмай жететін.

Сауыншылар тапты қырғын жеңісті,
Ән қосылған балғын сүтті ел ішті.
Біздің табыс құпиясын естіген
Өлке, өңір тәжірибе бөлісті.

Қырық керуен кербез әннің бір қыры,
Сылқым серуен қырда киік бүлкілі.
Жер сұлуы қос жанары жарқылын,
Аңсап тұрар жан-жануар құлқыны.

ЖЫЛАМАЙ ҮНСІЗ ӨТЕРМІН

Өтер де кетер сұм жалған,
Шыбын жан бәрін ұғады.
Көз жасы ішке бір тамған,
Ән болып балқып шығады.

Етпеймін ешбір жалыныш,
Тәлкекке салып өткенді.
Тарамыс біздің жанымыз,
Қым-қуыт өмір өткерді.

Аңсатып әр таң арайын,
Тұлданып аштын бұған зар.
Біз боламыз, ағайын,
Отыз екінші жылы туғандар.

Азабын шеккен азаптын,
Анамның есте зарлы үні.
Екі миллион өлген қазақтың,
Біз боламыз қалдығы.

Мың сөніп, мың жанып ем,
Жалын боп өрге жетермін.
Көз жасына қанып ем,
Жыламай үнсіз өтермін.

15.08.2009

ҚҰРАНДЫ ӨЗ ТІЛІНДЕ ТҮСІНДІРДІ

Кеңес Әубәкіровка

Досым бар Астанада Кеңес деген,
Нар тұлға маңайында жел еспеген.
Өзім де аға болып, құшақ жайдым,
Жігітке ер Тарғындай елестеген.

Арқаның асыл туған азаматы,
Қазақтың камын жеген қазанаты.
Лайықтап дін-мұсылман баласына,
Киелі бар тамаша жазған хаты.

Әрине, білмегенге қиын бәрі,
Түсінсең, дем береді түйір нәрі.
Қазақтың шын мұсылман болғандығы—
Құдайға өз тілінде сыйынғаны.

Төс қағып көтермейді Кеңес өзін,
Өнерпаз көрдім талай қызық кезін.
Ұқыпты тыңдай біліп, сыйлай біліп,
Көрген жоқ еш адамның бұзып сөзін.

Арпалыс кіріп талай орманына,
Әкімдік қанған арыс толғағына.
Исі жоқ шенқұмардың мінезінде,
Ел разы кішіпейіл болғанына.

Кеңестің Сағила атты жұбайы бар,
Сұлулық патшасындай Күн, Айы бар.
Бәрінен кереметі сол деп білем:
Бойында құдіретті Құдайы бар.

Кезінде ел жүктеген ісін білді,
Махаббат жаны құштар құсын ілді.
Бұл күнде дін мен тілді қорғай жүріп,
Құранды өз тілінде түсіндірді.

16.10.2009.

Астана

КЕҢГІРДЕГІ КЕЗДЕСУ

Ұлытау бірге, ел бірге,
Шақырып ұлым жиналдык.
Салықовтар Кеңгірде
Саулыққа шалдық құрмалдық.

Алатаудан сағынып
Майра мен Марат келіпті.
Астана нұры жағылып,
Бізге де ақ жол беріпті.

Жезқазғанға Майрашым
Отыз екі жыл келмепті.
Дәл тауып сөздің арнасын,
Естелік назын селдетті.

Балалық шағын көргендей,
Өткенге өрнек салады ой.
Ол қайтсін қатты тебіренбей,
Осында туған бала ғой.

Күткендей көптен даналар,
Тағзым етіп асыға.
Барып та қайтты балалар
Домбауыл, Жошы басына.

Жоғалмай ескі жалғанса із,
Көңілге шырақ жағасың.
Аралады олар армансыз,
Сәтбаев — кенші қаласын.

Күләйхан күтті тойлатып,
Құдашам кербез заты асыл.
Кәрі мен жасты ойлантып,
Төгілтті Жәлел батасын.

Қуантқан ұлым – ырысым,
Жездінің қызын алғанда.
Алғыстың айтам ірісін
Ракетажан мен Ерланға.

Толқып жүр бәйбішем есен-сау,
Жолығып құлын-тайына.
Алыстан аңсап жеттік-ау,
Күлбарамның алтын шайына.

17.08.2008.

Жезқазған

АЙЫРТАУ АТТЫ АУДАНЫМ

Айыртау деп атаймыз аудан атын,
Тарихы бай қазағым таңғалатын.
Шоқан, Ақан, Орынбай, Үкілі Ыбырай
Есімдері желпіңтер жан қанатын.

Сал Сырымбет самғатқан санамызды,
Ел біледі ол жайлы бар аңызды.
Құлагердің ор болып ізі қалған
Ардақтаймыз киелі даламызды.

Патша алдында көтерген бағамызды,
Жақындатты төремен арамызды.
Уәли хан өлген соң орда салған,
Мақтан етем Айғаным анамызды.

Кемеңгер бар жазылар талай дастан,
Ашар оған қабағын арайлы аспан.
Соғыс жылдар басқарған қазақ елін
Шаяхметовтің Айыртау жолын ашқан.

Қайсар, өжет десеңші қандай мықты,
Ұмытпайық, ағайын, Жанбаевты.
Бәйкен, Еркін, Баяндар ер атанып,
Елдің қамын еш қамшы салмай ұқты.

Көп тізбектеп арыстар айтпан бәрін,
Ақын Мұса еді ғой атпал дарын.
Айыртаудың жыршысы сол болатын,
Көрдік талай жеңімпаз атты алғанын.

Саумалкөлім — аудандық бас қаламыз,
Келбетіңе сүйсініп шаттанамыз.
Ордабасы, Ұлытау, Қазығұртпен
Атын тең деп, Айыртау, мақтанамыз.

26.09.2008.

Астана

ҚАНЫШТЫҢ ҮЗДІК ШӘКІРТІ

Ебіней Бөкетовке

Кешсек заман аумалы да төкпелі,
Кейде өзіме-өзім болам өкпелі.
Қазағым-ай,
Бірін-бірі түрткілеп,
Есімізде Мұхтарды да сөккені.

Елге аян кешкен күні Қаныштың,
Жезқазғанда көп сырымен таныстым.
Жағымпаздар билікпенен бірігіп,
Арпалысты аруағымен арыстың.

Көп әрекет қастан емес сырттағы,
Індеттер бар іште, ата жұрттағы.
Ебінейдің де ерте өткені өмірден —
Қазағымның бірін-бір құртқаны.

Қатар ұстап селені мен өленін,
Шекспирден алды ойдың тереңін.
Тәуелсіздік орнағанда қайтадан,
Туған елім сыйлады өз еренін.

Белгілі сыр заманы бір танысқа,
Мактан етем бармай-ақ көп алысқа.
Мағжан ағам жақын тұрса Абайға,
Ебіней ағам тақау тұрды Қанышқа.

АЛАҚАЙЛАП ҚҰТТЫҚТАЙМЫН, ТУҒАН ЖЕР!

Ай менен Күн төгілткендей нұрдан сел,
Үздік табыс құтты болсын, туған жер!
Алты миллион тонна астық алғанда,
Шыққан екен талай жылғы буған тер.

Барша қазақ, қуанады бұған ел,
Салтанатқа маңдайыңды бұра бер!
Елестейді алты Алаштың тойында,
Бәйге өрінде дара келген Құлагер.

Сегіз сері ақ батасын бергендей,
Сәбит, Ғабит алақайлап ергендей,
Мағжан ағам аунап түсер ұйқыдан,
Батыр Баян сүйінші сұрап келгендей.

Құттықтайды солтүстікті Астана,
Қолпаштайды аймақтарым басқа да.
Орала берсін үйірімен үш тоғыз,
Көп жеңіске болсын құтты бастама.

Құттықтайды Көкшетау мен Қостанай,
Қанаттастар шыдамайды қостамай.
Елбасын да бөледіндер шаттыққа,
Сенім артса аузынан бір тастамай.

Ыстық шілде шырай бұзып қанша күн,
Қинаса да басты серттен тартпадың.
Құдай беріп, сүмбілеге шөл қанып,
Озық шығып ел сенімін ақтадың.

Алтын өлке, жеңіс болып жолдасың,
Құт-береке ел сүйсінген орнасын!
Сайыстарда тап осылай жеңе бер,
Абылай ханның аруағы қолдасын!

14.10.2009

ҚАРАҒАНДЫ ЖАҢА ТЕАТРЫН КӨРГЕНДЕ

Нұрлан Нығматулинге

Жырсыз өтпес көрген қазақ ақыны,
Тамаша екен Қарағанды жаңа театры.
Сәкен аға атындағы құтты төр,
Өзіне ұқсас сымбатты екен заты ірі.

Қуанышпен ән шырқайтын, жар салып,
Біз қарасақ кең сарайға тамсанып
Алғыс айтып
Атақты әкім Нұрланға,
Сәкен отыр мұртын сипап қарсы алып.

Сырты сұлу, іші одан қалмаған,
Сұлулыққа сүйсінбейтін бар ма адам?
Әлемде әсем
Театрлардың дәстүрін
Ғажап екен қазақшалап жалғаған.

Портреттер кең фойеде тізбегі,
Әркім өзінің құмартқанын іздеді.
Күлім қағып Сүртібаев ағамыз,
Қарсы алғандай менен көзін үзбеді.

Қара шанырақ, Қарағанды, өзгеден
Көп артықсың ұлттық салттан безбеген.
Қайда барсаң ресторандар сап құрса,
Сен озықсың рухани азық көздеген.

Танданатын ғаламатқа бір мен бе?
Жан сүйсінді аралап ішін жүргенде.
Бұл заманда Сәкенге арнап салынған
Ескерткіштің үлкені екен білгенге.

21.10.2009.

Қарағанды

ОРЫС ДҰРЫС...

Орыс дұрыс...
Тап осыным неге де,
Бір қылығын салам үздік жебеге.
Қыздан тусын,
Ұлдан тусын бәрібір,
Орыс үшін екеуі де немере.

Немере боп кетсе алдында бәрі де,
Біле білсек мәні жатыр әріде.
Қыздан туды немеремнің үлкені,
Немеремнің ол төресі әлі де.

Қыз ұл тапса өз анасы бағады,
Ол мойнына тұңғыш тұмар тағады.
Өз қызымның панасы боп жаралған,
Осынау тентек мен үшін зор бағалы.

Ол туғанда мен ерекше көсілдім,
Бізде үлес көп өсуінде осы ұлдың.
Кеншімін ғой, Жер-ананың сырына
Кішкентайдан қанық қылып өсірдім.

Ол қаламгер өз сонымнан ергендей,
Қайтпекшімін өз ұлым деп елденбей.
Содан болар, ол ерекше сүйеді,
Жердің шарын мен сыйлыққа бергендей.

Өмір бастан ертең ғана өтеді,
Қалады артта дархан тірлік тепеңі.
Құдалар-ау, есен жүрсе Арманжан,
Бөліспейік, бәрімізге жетеді.

Осындайда мен жарылам ағынан,
Орыстардың дәстүріне бағынам:
Қыздан туса, ол да нағыз немерем,
Екі қолды тік көтеріп табынам.

Құлақ салшы, беу, мұсылман, сөзіме,
Тарлан тарих елестейді көзіме.
Қыздың ұлын шығарды ғой қақ төрге,
Мұхаммедтей Пайғамбардың өзі де.

20.07.2003.

Алматы

ҮШ ДҮЛДҮЛ

Би десе түсер ауызға
Қаз дауысты Қазыбек.
Айналған аты аңызға
Дипломат, әділ қазы боп.

Бергені тағдыр ғаламат,
Төле бидей дананы.
Әр сөзін етті аманат,
Жоңғарлар қысқан заманы.

Үшеудің бірі тең түскен,
Бар Әйтеке биіміз.
Түгел қамтып, кең пішкен,
Солармен, қазақ, іріміз.

Дербес ел болсақ азатшыл,
Аударып әлем назарын.
Үш дүлдүл айтқан ғажап сыр
Жадында жүрсін, қазағым.

ҚАЗАҒЫМДЫ КӨБЕЙТЕЙІК ОСЫЛАЙ

Бану Кәрібжанкелініне

Жыр жұлдызы – «Жезкиігім» күйлі ағын,
Күйлі ағында тапса шабыт құндағын,
Жәнібектің алпыс жылдық тойында
Үш ұл тапқан келініме сыйладым.

Бөгет болмас балалардың көптігі,
Балғын Бану сынақтардан өтті ірі:
Үш ұл және Жәнібекті бағып жүр,
Оған қоса: ұстаз, ғылым докторы.

Фазыл аға келінінің қосы бай,
Үш ұл үшін мадақтайық шошымай.
Үлгі алыңдар, келіндерім, Банудан,
Қазағымды көбейтейік осылай.

23.11.2008.

Астана

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНГЕ ОДА

Бірінші өлең

Кей ақынды
Тым көтерсек заңғар ғып,
Бір өлеңін ел білмесін аңғардык.
Кей ақынның әр сөзіне ел ғашык,
Ал есімін ардақтауға аз бардык.

Сәкен десең
Кербез Көкше толғанар,
Бар жиһазын жарқыратар колда бар.
Ақ қайындар қыз күніне оралып,
Бипыл-типыл биге салып жорғалар.

Сәкен десең...
Арайлап таң атқандай,
Ақбоз аты кісінеген сәт қандай?!
Сұңқар шалқып,
Акку-қаздар әндетіп,
Тау ішінде тосар аңсап ақ маңдай.

Сәкен десең...
Өнденеді Сарыарқа,
Өң береді ән мен күйге бай алқа.
Жалт қарайды ақбөкені Бетпақтың,
Жанарына ілеккендей Жаңаарқа.

Сәкен сырын ұқпау, достым, мол қайғы,
Онсыз қазақ өнер көші толмайды.
Ақсұңқарға тіл тигізген адамдар,
Барлық ақын ар-намысын қорлайды.

Түсінбесең...
Түгел ұққан халық бар,

Күдіктенсен...
Арыстарым анықтар.
Сүйді оны Ілияс пен Бейімбет,
Ардақтады Мағжан, Мұхтар – алыптар.

Кең даланың
Сәкен алғыр қыраны,
Ол — дауылпаз, төбе, төрде тұрағы.
Үзеңгілес ақындар бар десек те,
Өзгелерден асып тұрар бір әні.

Екінші өлең

Сәкен деген кім десендер, ағайын,
Бір емес-ау, мың бір жауап табайын.
Артық туған
Ол — ақындық патшасы,
Салды өзінше өлең сөздің сарайын.

Мейлің,
Мырза, сен басқаша ұққан боп,
Қара күйе жағамын деп сұқтан көп.
Айтарым сол, ол — періште киелі,
Ол оққа ұшты...
Рухын дұшпан жыққан жоқ.

Ол — ақсұңқар,
Сайын дала қонағы,
Оған таныс тайғақ кешу торабы.
Аспандатқан ол — ақындық аққуы,
Кең жалғанды сол биіктен шолады.

Атын білмей бала күнде наз ұқтық,
«Көкшетауын» кеттік жанға азық қып.
«Тау ішінде» салған әнін тыңдашы,
Одан асар қайда мөлдір нәзіктік?!

Мәрт мінезді
Қайсар еді сал, керім,
Іші күйген алды-ау дұшпан бар кегін.
Не десең де, тоқтата алмас еш кесел,
Сәкен аға халқым сүйген әндерін.

Асыл арман, ақ тілекке ырым ғып,
Тыңдаған жан тапты қанша жылулық.
Келбетінен актангердің аңқып тұр,
Жер бетінде сирек туар сұлулық.

Мәңгі тынбас
Өлең сөздің жарысы,
Орнын табар өз әлінше бәрісі.
Сәкен төрде...
Ақбоз атпен өтеді,
Ол — қазақтың артық туған арысы.

Айтқанымды мейлің, дұрыс, бұрыс де,
Бірақ, мырза, пәле-жала үйіспе.
Сәкен аға
Жазаланды жазықсыз,
Сол жетті ғой...
Атылғанға тиіспе.

Үшінші өлең

Сәкен аға —
Ақындықтың төресі,
Ол — асқар шың көз жеткізбес төбесі.
Үзенгілес ақындар бар десек те,
Асып тұрар азаматтық өресі.

Аз емес қой
Сәкен ашқан жаналық,
Бүркей алмас атын көшпе ала бұлт.

Мағжанға құрмет, ізет көрсеткен,
Ол – бауырмал, дара туған нар алып.

Жасқантты ма
Өрде дабыл қаққаны,
Күйдірді ме найзағайды қаққаны?..
Үкілі Ыбырайды аспан-көкке көтерді,
Ел басқарған өр кезінде тақтағы.

Иә, солай...
Жаңылыс жоқ. Тақтағы
Совнарком да болып тілек ақтады.
Әр қадамы
Бар қазаққа жақса да,
Алабүлік арсыздарға жақпады.

Тар кезеңде ол қолдауды таппады,
Құласа да қырандығын сақтады.
Беу, ағайын!
Тіл тигізбе Сәкенге!
Жетер... Жетер...
Еш кінәсіз атқаны!

Жетер... Жетер...
«Жау» деп лақап таққаны,
Жетер... Жетер... жылпостардың сатқаны.
Енді бүгін көгілдір ту астында
Алла жар боп,
Сәкенді елім ақтады.

Сәкен нағыз тәж, тұғырдың иесі,
Ұлан-ғайыр оның алар үлесі.
Қандай заман келсе-дағы жұқпайды,
Ақсұнқарға қарақұстың күйесі.

Көрсетсе де
Жеңіл келер атақ бой,
Абзал жанға бос абалау шатақ қой.
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің өлімі
Алты алашқа естен кетпес апат қой.

Төртінші өлең

Беу, білгірім!
Бола берме делдалда,
Шық тасадан, аш бетінді кең залда.
Сәкен сенің мазағыңа көнбейді,
Жер бетінде қазақ деген ел барда.

Жетер... Жетер...
Ойланайық, тоқтайық,
Еткізбейік ардақтыға жоқты айып.
Есі барлар жөн түзейік бас қосып,
Тағзым етіп ардагерді жоқтайық.

Кешпес едім,
Беу, достым-ай, өзгені,
Ас берейік, қыздырмасын сөз демі.
Сәкен, Ілияс, Бейімбетті еске алып,
Ыстық жасты сүртісейік көздегі.

Содан кейін...
Той шалқысын думандап,
Жорғанды әкел,
Жүйрігіңді жылмандат.
Жүре білсең тіл тигізбей ақынға,
Жүрегімнен ұсынамын гүл-мандат.

Желмен кетсін,
Жерден кетсін пәлең де.
Мен де тұрам ауызбірлік мәремеде.

Мақтанайық Сәкен бар деп қазақта,
Паш етейік атын бүкіл әлемге.

Мың толқысам,
Тоқтау еттім бір қайтып,
Осынау сөздер отыр деме кімге айтып.
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері —
Сәкен, Ілияс, Бейімбетті еске алып,
Отырайық «Үш арысты» бірге айтып.

Арылайық, алауыздық ескіден,
Дербестіктің жүгі алда көп кілең.
Сәкен деген — қазақтың ақсұңқары,
Сәкен тойын бірлік тойы деп білем.

1994

ПОЭМАЛАР

ЗАМАН СЫРЫ

(Лирикалық поэма)

Kipicne

Асыл сөздің тамыры терең келер,
Терең келсе, ағалар елең берер.
Талай қазақ тарланы айтылмай жүр,
Сырын ұқсаң көңілің кемелденер.

Жаңа белес биігін аламын деп,
Талпынбауға сәт тілеп амалым жоқ.
Ұлыларын ұлтымның айғақтасам,
Тіл тигізер біреуге залалым жоқ.

Білмегеннен сақтасын данышпанын,
Ұқпағандар болады-ау арыстарын.
Осындайды сезгенде селк етемін,
Есектердің көргендей жарысқанын.

Жаксыларын не болар сыйламаған,
Ол – шындықты құртуға қиған адам.
Ұмыт қалып барады-ау кей асылдар,
Соларды ойлап жанымды жырға малам.

Баға алмаймын ешкімнің қас-қабағын,
Арым таза, мен неден жасқанамын?!
Сағынып жүрем ақжолтай ағаларды,
Ақсақалы болсам да Астананың.

Шендіні айтып бүгінгі
Наздана алсам:
Сәлемдеспей бұрқ етер қайда барсаң.
Жап-жас жігіт ақ шашқа қарамайды,
Сен сыпайы тәртіпті пайдалансаң.

Өңшең тентек демеймін салған ойнақ,
Жеңіл тұр ғой
Кей пәле айта қоймақ.
Арыстарым айқасса халық үшін,
Алпауыттар топталды қалтаны ойлап.

Барлық қырсық елде бар
Маған қонып,
Жүргенім жоқ құрметтен қараң болып.
Ауыл көшіп барады қала жаққа,
Соған делдал күй кешем алаң болып.

Қайран көңіл
Дауылы не бораны,
Терең ойға осылай көп орады.
Тілімізді қорғаудың түп тамыры
Ауыл өшсе қазағым не болады?

Ойлап өтсек ата жұрт шаруасын,
Ағалардың сүйемін жанын асыл.
Кәрібжанов Фазылдар дана екен ғой,
Елге бұрған ақыл-ой дариясын.

Қолы берік, қарымы күшті болған,
Адалдыққа ақберен — мықты қорған.
Ауыл мұңы ойлантып арпалысқан,
Нар еді ғой намысты бермес қолдан.

Агрономнан өскенше министр боп,
Орайына келтірді мың істі деп.
Ол ЦК¹ -ға екінші хатшы болса,
Ұлттың қамын ойлауға тырысты көп.

Айта қалсам
Ағаның анық атын,
Киелі есім алтынмен жазылатын.
Қарсы шықты ол атомдық сынақтарға
Жер бетінде, ауада жарылатын.

Беу, жас ұрпақ!
Біліндер кім екенін,
Мұң қаптаған жан сырын үдетемін.
Қазағым деп айқасып қапыда өткен
Кәрібжанов Фазылды жыр етемін.

Шарбақкөл әуендері

Қалың қаптал Омбының ормандары,
Етегі құт,
Елге аңыз болған сәні.
Қыз-келіншек сияқты тойға келген,
Ұялғандай оқшау тұр жолдан бәрі.

Ақ қайындар
Ақ күміс, аппақ қандай?!
Ақ білектер
Жүрекке от жаққандай.
Ақ балтырлар
Ауылымның қыздарындай,
Ақын келе жатыр деп жол баққандай.

¹ЦК – Орталық Партия Комитетін қысқаша осылай атайтын

Қызыл қайын,
Сал қайың, нән қайындар,
Саясы құт сымбатты нар қайындар.
Бозбаладай көк терек күлімдеп тұр,
Бойжеткендей баураса сал қайындар.

Жұпар сепсе
Қарағай жанға жайлы,
Дәру ауа көкіректі аралайды.
Алтын тұлға, апайтөс жас жігіттей,
Қыз-қайыңнан басқаға қарамайды.

Соның бәрі
Десендер не береді,
Үміт гүлі шақырды берекелі.
Фазыл аға ауылын іздеп келем,
Туған жерін бір көру керек еді.

Шарбақкөлді атасам жыр басында,
Лайық жер
Жүректен нұр шашуға.
Қазағымның аты аңыз арыстары
Көзге елестеп тұрады шың басында.

Бұл өңірдің тілегі болды еселі,
Нардың жолы болмай ма кең көшелі.
Қазақстанды басқарған
Бодан күнде
Тұңғыш қазақ туыпты ел көсемі.

Шаяхметов – зор белгі бір ғасырға,
Кәрібжанов Фазыл да тұр қасында.
Кемеңгеров Қошке де жерлесі екен,
Алты алашпен жараған сырласуға.

Ойлы ормандар ел сырын ұққан екен,
Аттары көп
Жар салмас жұртқа бекер:
Ауыл шаруашылық
Қазақтың үш министрі
Шарбақкөлден тап осы шыққан екен.

Биік сілтер самғауық қыран бәрі,
Ауылды ойлау — ұстанған ұрандары.
Өсе келе бәрі де болып кетті
Қазағымның ардақты ұландары.

Әлімсақтан тарихтың тартқан жүгін,
Омбыда өскен қазақтар дархан, мығым.
«Диаспора емеспіз», — деп айбынып,
Атамекен сақтаған бар қалдығын.

Ермак шауып
Қазақтың түпкі төрін,
Ел шұбырып қаншенгел жұтса шерін,
Сол қырғыннан бытырап есен қалған,
Шарбақкөл деп атапты құтты жерін.

Көл емес-ау,
Түсіме тау кіреді,
О, замана! Есіме салды нені?!
Батыс Сібір
Қырық жыл ханы болған,
Көкейімде Көшім хан қалды менің.

Қалың жаумен
Жеті күн қақтығысып,
Көшім жоқта мерт болды құстай ұшып:
Сүзге ханым түспестен жау қолына,
Жан қиыпты қанжарды қатты қысып.

Терең ойға тебіреніс бөлегендей,
Тарих сырын
Қайтпекпін тере бермей.
Қалың орман ішінде жылылық бар,
Сүзге сұлу аруағы жебегендей.

Қиял-ғайып...
Көрінді ол болып маған,
Есімінен елестер содыр заман.
Қазағымның қыздары-ай,
Қай заманда,
Намыс үшін ажалдан қорықпаған.

Ел намысын күндерде ушықтырған,
Кәнішерді үйіріп ұршық қылған.
Сәтбек батыр өтеді елес беріп,
Мас Ермакты Ертісте тұншықтырған.

Сол тартысқа жасынан бойлағандар,
Жұмабай, Қошке, Фазекем – ойлы адамдар.
Айта берсем дүбірлі түлегі көп,
Шарбақкөлді осал деп ойламаңдар.

Алқа ағаштың ойпаттау қойнауында,
Лайық жер жылқылы, қойлы ауылға.
Атамекен
Ежелгі Айбас атты,
Ата қоныс шағын көл болды ауылға.

Тал шарбақпен күміс көл қоршалыпты,
Жалғызаяқ мал баспас жол салыпты.
Бір шетінде шығырлы құдық та бар,
Малға жайлы шоң науа қолданыпты.

Бабалары орнатқан талды шарбақ,
Ой қозғайды алыстан көзді арбап.
Осы көл ғой ел-жұртқа ризық арнап,
Сан ұрпаққа құт болған өмір жалғап.

Біздің ауыл шетіндей көрінсе анық,
Жүрегімнің кетті ғой оты жанып.
Кер биеге көз салып, кердең етіп,
Қара айғырдың тұрғаны-ай оқыранып.

Оты қанып,
Күйсеумен малжандасып,
Желіндері толықсып маң-маң басып.
Сиырлар да барады суат жаққа,
Кемпірлердей тойдағы алшаң басып.

Таңырқасам
Жасырар сырым бар ма,
Қымызы да Айбастың шырын-бал ма?!
Еңкелендеп биелер желе жортса,
Шұрқырады желіде құлындар да.

Қалың тайга ішінде ойдым-ойдым,
Ақ қайындар қазаққа ашты қойнын.
Әр тайпадан құралған үлкен ауыл,
Бір қойнауға мәңгілік тапты орнын.

Сай қуалай жайғасқан күрке талдар,
Қызыл шие, бал жидек жүрек жалғар.
Ескі ауылдың орны бар
Киелі жер,
Соқпай кетпес зиратқа келген жандар.

Кер заманның ер туған ақтангері,
Биік рухы алыстан тартқан мені.
Фазыл еккен ақ қайың бас жағында
Кәрібжан ата көз тартты жатқан жері.

Көне өмірді паш етті іздің бәрі,
Қара орынның қалдығы — жырдың нәрі.
Атығай мен Қарауыл,
Қаржас, Керей бір ауыл,
Шарбақкөлдің ежелгі тұрғындары.

Бұл аймақты мен былтыр барлап көрдім,
Тапқан екен шұрайын таңдап жердің.
Нар тұлғасын Фазылдың еске салды,
Жасыл қаптал орманы Шарбақкөлдің.

Көп жылдардың соңынан көшеді ой,
Елестейді ер жігіт еселі бой.
Фазыл аға ой салса туған жері,
Керегі де мен үшін осы еді ғой.

Ескі Айбасты бұл күнде Жанан дейді,
Барша ағайын қоныстас адал пейілі.
Сәнді үйлер сәулетін, ел дәулетін
Кім орыс пен немістен жаман дейді?

Көше таза, ауылды көрікті етер,
Бір ғажабы — мектебі өрісті екен.
Екі оныншы сынып бар бұл мектепте,
Киелі жер арнайы көріп кетер.

Намыс қозғар көрсем де не ғажапты,
Өзгелерден қалыспай тең жасапты.
Тамашасы — ауданның атын олар
Қазақшылап Шарбақкөл деп атапты.

Кең залында Томардың мектебінің
Мерей өсті,
Кеткен жоқ текке күнім.
Жасына қарай үлкендер отырыпты,
Жастар да бар төр жаққа жеткен бүгін.

Құймақ жауып тұрғандай гүлді алаңға,
Қызық көп қой білгенге бұл ғаламда.
Жаным менің нұрланды
Шымқай жастар
«Жезкиікті» бабымен шырқағанда.

Жас өрнектен қалмады қарттар-дағы,
Күйші желді бүлкілдеп бас бармағы.
Әнші ару айтқанда «Аққу әнін»,
Кей жанардан тебіrentті жас тамғаны.

Өнер туын көтеріп жүреміз көп,
Келешектен себеп жоқ күдер үзбек.
Атымды атап Жәнібек таныстырса,
Келіншектер шулады: «Білеміз!» — деп.

Бір ақсақал сөйлесе мені біліп,
Жырға қосты әзілге жеңіл іліп.
Сексен екі жастағы Боранбайды,
Елудегі деп қалдым сері жігіт.

Шын таңдандым тың сылқым жүрісіне,
Кемістік жоқ тиісер бір ісіне.
Келістіріп ән салса
Мен қызықтым
Көркем сақал сүттей ақ күмісіне.

Қошке ағаның тамаша туыстары,
Сөз көсілтіп, ескіше жыр ұштады.
Жәнібектің нағашы-жиендері,
Біздің сапар мақсатын дұрыстады.

Фазыл десек,
Шыққандай жер төсінен,
Боранбай қарт тік айтты келтесінен:
«Ол — қара нар, сабырлы, салмақты еді,
Оқ тисе де үндемес желкесінен.

Есімде жүр келгені су алуға,
Қой-ешкісін науадан суаруға.
Жалғыз өзі,
Қимылы бес кісілік,
Алып күші жетердей бір ауылға».

Бір әулетті бір өзі сүйреп келген,
Талай мысал төгілтті түйдектелген.
Жас Фазылдың Борекең аз сөзбенен,
Өмір жолын көрсетті иректелген.

Жіті тыңдап
Болғаным күшті құмар,
Ғаламат көп көшімді жүкті қылар:
Тындасам да Шарбақкөл қай қазағын,
Асыл аға мейірбан ұшқыны бар.

Қызылжардан басталды өмір жолы

Әр көргенім білгенге бір қаралық,
Жырға орадым әудемде тыңдап алып.
Бала кезін Фазылдың естігенде,
Жан толқыды жүректі жырға малып.

Сәби күннен сұм тағдыр бұлты төнді,
Тірегі өшті, шырағы ерте сөнді.
Төрт баланың кенжесі Фазыл туса,
Өрт шалғандай бір жаста әкесі өлді.

Жығылғанға жұдырық дегендейін,
Әкесізге тар өткел келер бейім.
Бір көзінен қапыда айырылды,
Төзбей қайтсін...
Бәрін де жеңер кейін..

Бұйрық осы дөп келген талайына,
Көпшіл, сепшіл,
Кең өсті маңайына.
Тұйық мінез, қатаңдау болса-дағы,
Сүйінетін көрген жан арайына.

Айтқожа мен Сейітқожа, Бәткен, Фазыл,
Өңкей өрім тезірек өсуге әзір.
Шанырақты шалқытты Әлипа апай,
Жан жарына бұйырса өмір азы.

Қайсар ана көпсінбей осыларды,
Айтқожаның Сәлімін қосып алды.
Үш ағаның соңында Фазыл өсті,
Бәткен апай білмеді шошығанды.

Құлын күннен құлшынған бабындағы,
Өсірді ана жеткіншек бәрін-дағы.
Іске берік Фазылжан оқу сүйгіш,
Хас жүйріктей жасынан ағындады.

Өзгелерден бастайтын бұрын көшті,
Тетелестер ішінде мығым өсті.
Қаршадайдан намысын қалғытпады,
Өзегіне өз мұңын тығып өсті.

Асау тайдай ұмтылса сілкіп жалды,
Кейде айтарын білдіртпей іркіп қалды.
Әке деген балаға керек екен,
Көңілінде тамшы мұң кілкіп қалды.

Тәлім алды ауылда молладан да,
Жүзі жылы, сезімтал болды адамға.
Рабфакта оқыды Омбыдағы,
Жолы болды ағайын қолдағанда.

Пәтер алды Айтқожа ақы төлеп,
Отын сатып, ақшадай берді көмек.
Ол еңбегін Фазекен атап өтті,
Асыл аға болғанын орны бөлек.

Әсіре мактау бәс емес байсалдыға,
Айтып қана қойған жоқ,
Қайтарды да.
Бар әулетке Фазылдың себі тиді,
Ризалығын Айтекен айта алды да.

Жан талабын жөптеді тегіс елі,
Бір үй емес, ауылдың жемісі еді.
Үздік оқып, рабфакты бітірген соң,
Институтқа түскені жеңіс еді.

Қайырымшыл, бауырмал туыстары,
Келе-келе Фазылды ту ұстады.
Әлі күнге ұйымшыл ауыл екен,
Сол деп білем аруақ жұғысқаны.

Фазыл аға бастаса берік көшті,
Аға-іні бәрі де серіктесті.
Бірге өскен Сәлімнің балалары
Жәнібек, Қайрат соңынан еріп өсті.

Өмір сырын Әлипа түсініпті,
Ақ тілекшіл болыпты ісі құтты.
Омбыдағы Сібірдің институтын
Үшеуі де әр кезде бітіріпті.

Фазыл аға құтты жол бастап берді,
Жақсы оқыды,
Мінезі жақсы ат берді.
Бірге оқыған қазақтың балалары
Түркістаншыл, алашшыл мақсатқа ерді.

Қырғын жылдар
Сталин тұмшалаған,
Еш жазықсыз қырылды-ау қаншама адам.
Көргеннен соң соларды өршіл жастар,
Бірігуге ой қозғап шаршамаған.

Омбы ол кезде оқудың құтты төрі,
Содан білгір, алғыр боп өсті төлі.
Шафық Шөкин, Нұркейдің Хасені бар,
Кең дариядан күш алды достық көлі.

Білді олар Сәкенді, Мағжанды да,
Колхоздасқан қырғын жұт, жанжалды да.
Жаны қазақ жігіттер, қаны қазақ,
Бодан күннің бұғауын аңғарды да.

Сом құрыштай буылған бір-біріне,
Оқу себеп ақыл-ой бірлігіне.
Зейін қойды Алаштың ұранына,
Жандары ашып жүдеу ел тірлігіне.

Тыншытпаса тіршілік ушыққаны,
Елдің қамы жастарды тыншытпады.
Шафық, Фазыл жастары үлкен еді,
Қастарынан жас Хасен бір шықпады.

Осы жігіт Фазылға ұнап кетті,
Адал достық алауын тұрақты етті.
Хасен менің қайын атам болғаннан соң,
Досының сырын ұмытпас шырақшы етті.

Жас жігітке олар көз бұрып қалды,
Ой тоғытқан...
Елді ойлау дұрысталды.
Мағжанды олар жаттады сүйіп оқып,
Дана мұңы құпия тұнып қалды.

Оқу бітті.
Қызметке талап шекті,
Фазыл, Шафық жан-жаққа тарап кетті.
Қара нанды қақ бөлген адал досы
Хасенге ол алаңдап қарап кетті.

Бірге жүрді жан-жаққа ұшпас бұрын,
Армандары бірлескен қос жас буын.
Шафық аға жыр етіп айтатұғын,
Фазыл менен Хасеннің ұқсастығын.

«Қос тұлпардай екеуі ердің ері,
Қатар өрлеп,
Жаксы еді-ау жетілгені.
Батыр тұлға, қазанбас екі жігіт
Қабанбай мен Бөгенбай секілді еді».

Көп болатын ағаның аңыз сөзі,
Қарт шағында аңсатты-ау алғыр кезі.
«Қайран достар...» — деп Шәкең күрсінетін,
Кең жалғанда қалғандай жалғыз өзі.

Дана ғалым, жабайы жүрер пенде,
Кезін көрдім ренжіп түнерген де.
Павлодарды басқарған Нұркеевті
Басқарма етіп колхозға жібергенде.

«Білдірмеді Хасен де өтінгенін», —
Деп толкытты қарт Шафық көңіл көлін.
«Фазыл ерте кетпесе бұл фәниден...» —
Деп тағы да көріп ем өкінгенін.

Заманында бармасақ ондай сөзге,
Бұл сорақы қылық та түсті көзге:
«Қосып жазды, миллиард пұт болмады», — деп,
Мәскеуге арыз Мәскеуден түскен кезде.

Мәскеуге арыз
Мәскеуден түсті десем,
Хрущевтей дандайсып шықты көсем.
«Өтірік» — деп «достары» жазған болар:
«Алды қазақ миллиард пұтты», — десең.

Сөз жалғасам үш достың өмірінен,
Кейде солай өткенге көп үңілем.
Фазыл аға ардақты бейнесі үшін,
Сыр аз емес, кетпейтін көңілімнен.

Оқу бітті.
Көрді өзге мән-жайларды,
Жас маманға қауырт іс заңға айналды.
Бір көзінің ертеден жоктығынан
Фазыл аға соғысқа бармай қалды.

Хасен досы аттанды арпалысқа,
Фазыл жүрді қалғандай қантарыста.
Досы үшін де мол астық өсіріпті,
Ортақ болып соғыста бар табысқа.

Үшбұрыш хат досынан келгенінде,
Қыздыратын елдегі енбегін де.
Бұл өмірде екеуі дос боп өтті,
Аға менен інідей ең кемінде.

Агроном боп бастады жер танымын,
Ауылдағы ұқты ғой шер қалынын.
Көкшетауда, сонан соң Қызылжарда,
Тұқым зерттеу басқарды орталығын.

Асыл тұқым — астықтың түп тамыры,
Таңдай білу жасалды нық қалыбы.
Білгір маман Фазекем жылдам өсті,
Болар жігіт екенін ел таныды.

Қызылжардан басталды үлкен жолы,
Құшақ жайды өмірдің оңы-солы.
Өте сұлу қызбенен шанырақ құрды,
Қызмет алды жауапты жүкке толы.

Ерте кеткен әкенің ақтап затын,
Құтты өлкеге шығарды асқақ атын.
Болды обкомда қызметкер соғыс жылдар,
Ауыл шаруашылық бөлімін басқаратын.

Жол ашылды партия солдатина,
Шақырды оны «Үлкен үй»¹ зор сатыға.
Келді болып ол бөлім бастығының
Орынбасары қызметке Алматыда.

Айтуға оңай бұл ауыр жұмыстарды,
Әлегі көп, ұмыт боп тыныс қалды.
Шарбақкөлдің өрені өрге басып,
Өскен сайын шарболат құрыштанды.

Айқындалды өмірдің есік-төрі,
Есте қалды Шарбақкөл бесіктегі.
Еңбекқорды ел сүйді, бағы жанды,
Ауыр жүктер қол сілтеп кешікпеді.

Құтты жолды болады-ау құп алуға,
Соғыс бітті, күн туды қуануға.
Қазағымның болды нық қайраткері,
Орталық Комитеттің құрамында.

¹Үлкен үй – Қазақстан Орталық Партия Комитетін осылай атайтын

Қарағанды қарсы алды құтты төрі

Қарашаңырақ шақырса Қарағанды,
Ол әлемде ерекше дараланды.
Үш ұйықтаса түсіне кірмейтін жер
Тұғыры боп Фазылдың жаңаланды.

Жақсылығын жалғайтын жақсы адамның,
Қасиетін байытар әр қадамның;
Ер атанар азамат жер бұйырар,
Құтты қоныс болардай тандағаның.

Донбасс, Кузбасс, көмірлі Қарағанды
Есімдері ерекше бағаланды.
Егіншіні өндіріс қалап алды,
Ендігі өмір үр жана бола қалды.

Жезқазғаны жез толқып жайнап жатыр,
Балқашында қызыл мыс қайнап жатыр.
Қарсақбайдың әлі нық өз қарқыны,
Қаражалы уығын байлап жатыр.

Жезді қандай ешкімнен қалыспайтын,
Мырыш берген күшейтті таныс қалпын.
Ұлт ордасы — Ұлытау бабында тұр,
Айналасы жаңартып тұрмыс-салтын.

Теміртаудың атағы шарықтады,
Жедел құрылыс тұлғасын анықтады.
Дүбір қызды,
Сарыарқа сайын белі
Актаруға бар кенін жалықпады.

Ұлы ғалым тегі асыл, заты мықты,
Сәтбаевтың дүркіреп аты шықты.
Бәрін барлап мейірбан Фазыл аға,
Елмен, жермен жасады татулықты.

Баяғыдан есінде Бұқар жырау,
Ол тарихта Абылаймен қатар тұр-ау.
Тәттімбеттен тарапты екі ішекті
Шертіп-қағып тартуға қалай бұрау.

Бала күнде сондайды қиялдаймыз,
Шертуші едік тетігін біле алмай біз.
Фазылдың да бар еді бір басары,
Әншілігін әдеппен ұрандаймыз.

Қол сілтеді қиядан Қарқаралы,
Құтты жер деп оны да айта алады.
Қаз дауысты Қазыбек,
Мәдиі бар ғой,
Зарлы әуенін ішінен қайталады.

Таңғажайып Біржаннан аңыз қалса,
Қол сілтейді таныстай «Жалғыз арша».
«Адамзаттың жинапты-ау бар байлығын...»
Деп ойлады оңаша жалғыз қалса.

Мәди айтқан жадында үн түледі,
Әнұрандай көкіректе күркіреді.
Тілдесетін терезе тесігінен,
Қапаста өткен Сарыарқа дүлдүлі еді.

Талай қызық көңілде өріледі,
Осындайға Фазыл да жерік еді.
Тайжанның да
Омбыда Үкілі Ыбыраймен
Қатар шырқап тұрғанын көріп еді.

Өмір солай...
Қым-қуыт жарыс еді,
Қайнап жатты арпалыс алғы шебі.
Бар байлығы қазақтың Мәскеу жаққа
Шұғыл кетіп жатқаны таныс еді.

Тілін, дінін, ділін де қазағымның,
Есен сақтау ол кезде азабы мұн.
Дін мен ділді саясат ойрандаса,
Қорғау қиын тіліннің тазалығын.

Фазыл келді обкомға екінші боп,
Жүрмейді енді тек жалаң егінші боп.
Келді қызу қайнаған өндіріске,
Қазағыма қол ұшын беруші боп.

Бодандықтан адамның шошынғаны,
Зор шендінін бәрі орыс осындағы.
Бастық та аз, қазақтан жұмысшы да аз,
Ауыр жылдар айқасқа қосылғаны.

Шаяхметов бұл ішкі саясатты
Орындауға бастады дана шартты.
Училище, институт дегендерге
Қазақтың жас түлегін алға тартты.

Ұлттың қамы деп оны зор маңызды,
Болашаққа Жұмекең жол салғызды.
Оқытуды ресейлік қалаларда
Қазақстанға көмек деп қаулы алғызды.

Міне, осындай майданға қолбасшы боп,
Фазыл келді,
Топтады жолдасты көп.
Әй, не керек,
Қазақтар алға басты,
Қарағандыға жүргенде ол басшы боп.

Сол ұстаным жандырды жүректерді,
Өндіріске жас қазақ түлек келді.
Соның бірі – Президент осы күнгі,
Тәуелсіздік таңы атқан тілек жеңді.

Онсыз елін қазағым жаңарта ма,
Кім қыздырар өмірді бай алқада?
Жемісі — сол баласы «Үш Қоңырдың»,
Астананы орнатты Сарыарқада.

Тыңда, достым,
Шындықты таратамын,
Бата берді ардақты Алатауым.
Жемісі сол:
Бүгінгі Қазақстан
Жер бетіне жеткізді зор атағын.

Мәскеуде оқып, өзім де Жезқазғанда
Жиырма жылдай тау тесіп, жер қазғанда
Сол саясат түлегі болған екем,
Еліктеумен Қанышқа бой жазғанда.

Фазыл жайлы Серғазин ағамыздан
Көп естідім әдісін қамал бұзған:
«Талай қазақ жігітін ол өсірді,
Таңдап алып жабайы арамыздан.

Шахталарда қазақтар көбейгені —
Ол да Фазыл ағаның мол еңбегі,—
Дегені бар, — жақсыны көзі шалса,
Көтеруге әудемде ерен еді,
Сол әдісі күн сайын терендеді.

Қызық еді-ау,
Жүйелі ғұрпы қандай,
Шахталарды шарлаумен жүрді талмай.
Озықтарды әп-сәтте паш ететін,
Сол болам деп өзгелер ұмтылардай».

Көп естідім осындай әңгімені,
Ұлтын қорғау — асылдың бар тілегі.
Фазылдан кейін обкомға хатшы болған
Файзолланың айтқызды ақ жүрегі.

Әлдекімше өзгеше бұлтақтамай,
Ұлт қорғауға ниетін бұрған талай.
Жалғастырды Фазылдың ұлы жолын
Досмағанбетов атақты Сұлтан ағай.

Сол саясат өзім де перзентімін,
Жыр жаздырды күйігі ел дертінің.
Аралдың да көп жүрдім айқасында,
Қолғабысым тигенше көрмей тыным.

Кең айдында жол салған арнасы мұз,
Фазыл аға тау еді шын асыл құз.
Қарағандылық жігіттер үлгі алған,
Біздер оның көксеген жалғасымыз.

Фазыл аға сыры көп айта білсек,
Ұмытылмас бейнесі қайда жүрсек.
Қарағанды қажымас қайсар етті,
Алынғандай ең асыл қолға бір шеп.

Анық батыр шықпайды жолға бекер,
Бергені мол жан екен қолдап өтер.
Екінші деп ресми аталса да,
Біріншіден өтімді болған екен.

Іске мығым, сабырлы, елге қорған,
Мейірімді екен келбеті нұрға толған.
Уәдеге болаттай берік адам,
Алдындағы қайтпапты қазған ордан.

Қарағанды екеу ғой: жаңа, ескі,
Ескі үйлерді түбінен түтін тесті.
Газ басқан бір топ үйді көшіруді,
Өшпес үлгі болардай Фазыл шешті.

Өз көзімен апатты барып көрді,
Шымқай қазақ екен-ау шеккен шерді.
Шенділері қаланың үміттенген,
Жаңа үйлерді жалтармай алып берді.

Одан қиын адамды қыспас заман,
Бұл ерлігін паш етті Әбілқас ағам.
Үстіндегі көмірдің, шым үйлердің,
Газ кіргенде жұтқаны уға ұқсаған.

Жердің бетін улы газ тесіп өтіп,
Үйге кірсе жұрт састы есі кетіп.
Сан ұрпаққа өмірлік ғибрат берді,
Кәрібжанов тұтқиыл шешім етіп.

Фазыл десе Әбекем кең көшелі,
Наз айтатын деп: «Нағыз ел көсемі,
Ызғарынан айбынды шошынбаса,
Кей бастықтар ырқына көнбес еді.

Талай-талай Фазылдың шешімдері,
Көрсетті оны азамат көші ілгері.
Төраға боп сайланды облкенеске,
Ол да бір сәт ілгері өсудегі».

Қаныш аға келгенін айтып еді,
Даналыққа Фазылдың қанды шөлі.
«Құтты болсын, Қанекем, — деген екен, —
Нық колда тұр өндіріс алғы шебі».

Қарапайым жүргендей шендес келмей,
Әбілқас аға өз даңқын кейде ескермей:
«Ғибрат алдым, — деп еді, — екеуінен,
Әл-Фараби, Сократпен кездескендей».

Тап осылай, ағайын, мақтаналық,
Тастамайды ол үшін тактан алып.
Фазекеннің Сағынов ағамыздай
Еңбегіне лайық ат тағалық.

Кеншілердің керегін сан сатыда
Шеше білді-ау Мәскеуде, Алматыда,
Жанашыры халқымның сол еді ғой,
Айналса да партия солдатына.

Соғыс бітіп, ес жиған сілкінді ауыл,
Өтті бастан неше өрт, неше дауыл...
Облысты басқару оңай емес,
Қарағандыны басқару екі есе ауыр.

Солай асыл ағамыз дараланды,
Рахмет айтып қала мен дала қалды.
Айбынымен маңайын жасқандырған,
Ұмытпайды Фазылды Қарағанды.

Адалдықты ар үшін жақтаушы еді,
Адамдықтың өресін сақтаушы еді.
Ғабиден, Ғабит мақтаса,
Қазақтар ғой,
Петр Трухин ерекше мақтаушы еді.

Облыстың бұрынғы басшылары,
Негізінде арыстар жақсы бәрі.
Қолдайды ғой Фазылмен мақтануды,
Қарағанды екінші хатшылары.

Көш басында олардың Фазыл ағам,
Жыр еткізді тіршілік назын маған.
Ізбасарлар — Сұлтан мен Нұрсұлтандар,
Олар да тың дастандар жазылмаған.

Әркім сөйлер өзінің затын біле,
Жөн айта алсам жырымның татымы де.
Екіншілер – шарболат шын қазақтар,
Аға тұтқан бүтінгі әкімі де.

Жүрегімнің лүпілін қолдаушы етем,
Жазған жырым жабулы қалмас бекер.
Қарағанды мен Қызылжар Фазылға арнап,
Естен кетпес белгілер орнатса екен!

Асқаралы Алатау аясында

Қарағанды, киелі аруағын,
Шын жебеді қазақтың саңлағын.
Алматыға ЦК-ға шақырылды,
Қоғамы мол қожасы шаруанын.

О, Фазеке! Тағы бір ауыр белең,
Артта қалды ұмытпас нағыз кенен:
Қара термен егінді суарушы ең,
Пісерінде қыздырып жанынменен.

Қимылың зор тынысқа өштігіннен,
Ақ жолыңа ақ бидай өсті кілең.
Жезқазған мен Балқашты жалындаттың,
Ел данасы Қанышқа достығыңмен.

Қалды артыңда кемеңгер пайымдаулар,
Шешілді ғой сан талай қалың даулар.
Ұмытпастай
Артыңда қаулап өсті,
Жас қазақтар жанынан жалын лаулар.

Іске қатал,
Өмірде ақынжанды,
Қарапайым, мейірбан атың қалды.

Ауыл жайын білуші ең өте терең,
Сауын сиыр, ақ бидай асылданды.

Бастау таптың көп іске
Ең кемінде,
Мәскеу жақтың қалмадың шеңгелінде.
Өзіңе де кеншілік мінез бітті,
Сөз етпейтін бергенін, жеңгенін де.

Жақсылық көп Теміртау есіндегі,
Сенің арқаң жас алып көсілгені.
Қызу қарқын сен қостың жалындарға,
Қызыл жалқын мартеннің пешіндегі.

Кетті-ау ғажап
Мол құрылыс кең басталып,
Жас түлегін баулыды тозбас халық.
Оқып келіп сапырған от-жалынды,
Ер Нұрсұлтан жүр бүгін ел басқарып.

Ол да сендей...
Ұлтжанды ердің бірі,
Сал домбыра күмбірі жүрген жері.
Ол да сендей...
ЦК-дан бір-ақ шыққан,
Мықтысындар, обкомның екіншілері!

Атың жүрсе аяулы өлеңімде,
Қосылар жастар сен салған ерен үнге.
Жас ұрпақтың атынан алғыс айтам,
Есіміңді жеткізсем келер күнге.

Сәт тілесе жолыңа Қарағанды,
Ел қостады, ақ жолың жаңаланды.
«Керек еді-ау...» — деп біреу қимай тұрса,
Бұл жаңалық қуантты сан адамды.

Алатаудың бауырына кіруіне,
Өр мен төрдің тәбделін білуіне...
Қарағанды Фазылға саты болды,
Жердің бетін нық басып жүруіне.

Төрге шықты
Жаксылық орнайтуғын,
Жас қырандай талпынды алмай тыным.
«Үлкен үйдін» басқарды зор бөлімін,
Шаруа жайын ауылдың ойлайтуғын.

Жаңа қамшы тапқандай қатты бастық,
Өз күшіне қажымас басты жастық.
Ауыл мұңы мамандық арманы еді,
Мал көбейтіп, тасытар алтын асық.

Болды ынтасы – көбейту мектептерді,
Сан сұрақты тапжылмай жөптеп берді.
Мойыншаларды салдыру болды заңы,
Ауыз суы дегеннен шет кетпеді.

Аралады туған ел барша жерін,
Нәр тіледі өнімсіз қаншама егін.
Жөн түзеуді басқартты Бараевқа,
Құнарлы жер қыртысы тозса тегін.

Қиял еді-ау жарылқау туған елді,
Сол істе жүр армандап буған белді.
Басқаратын ауылдың шаруашылығын
Министр боп Фазекен шыға келді.

Ол кездегі, ағайын, министрлік,
Әркім айтар емес те жұмақ тірлік.
Біткен жұмыс атағы ЦК-нікі,
Іс оңбаса кетуің бір-ақ күндік.

Қақтырмастай ауылды канаттыға,
Бұл орынды сыйлады жаратты да.
Білді енді тек қана өзі екенін,
Шаруаға қамқоршы, жауапты да.

Бәрі соның ел бағу амалы да,
Түлкі болды бодандық заманы да.
Елдің, жердің болмысын министрден
Артық білер шенділер шамалы да.

Белгілі ғой еңбегі мол сіңгені,
Ақыл қосып ақылға көрсін деді.
Шаяхметов – ЦК-ның біріншісі:
«Тез арада министр келсін», – деді.

Келді, көрді...
Бұл да бір дәуір екен,
Мінез мықты Фазылда сабыр етер.
Отырғанда сөйлесіп андағаны:
Жүмекеннің қабағы ауыр екен.

«Мәскеу жаққа шақырды кеше ғана,
Отырғам жоқ министрден есеп ала.
Үлкен сөздің, – деді, – осы бастамасы,
Саспай кеңес құратын екеуара. –

Сөзге шөкті
Қазақтың бар алыбы,
Бірлікте ғой Абайдың даналығы.
– «Келте болмас
Кеңеспен пішілген тон»
Деген бар ғой халықтың даналығы.

Ертең жүрем Хрущевпен кездесуге,
Қауырт іс бар күреске бел шешуге.
Тын игеру жорығын бастамақшы,
Көп ойладым шығармай елді есімде.

Сен не дейсің, жерге ие министрім?..
Осы әңгіме шақырған менің сырым.
Білімін зор, тәжірибені ұлан-ғайыр,
Ақыл қосар өзгеден сенің бұрын».

«Сезіп жүрмін, Жұмеке, — деді Фазыл, —
Қолдау емес айтарым менің қазір.
Қазақ жерін қара пар басып кетсе,
Мал құриды, емеспіз оған әзір.

Есін жиған соғыстан қазағымның
Малы азайса етер-ау азабын мың.
Ұлттық пайыз азайып орыстансақ,
Оның ертең бермекші жауабын кім?

Ашып тұр ғой бір сырым мың сырымды
Жат көбейсе алдымен тіл құриды.
Тіл құрыса қазағым не болады,
Қозғап кетті бір мұңым мың мұңымды.

Ауыр күндер азабы бұлдырайды,
Кейде ауыр ой жүйкемді мың бұрайды.
Жұмеке, келісім бермеңіз,
Ертең тарих
Ақиқатын ақыры бір сұрайды.

Жат көбейіп, боламыз қалған-құтқан,
Ұлт қасірет тартады қайғы жұтқан.
Рухани туады жүдеушілік,
Саны өспей, тасада қалғандықтан.

Сансыз ұлтпен балалар араласып,
Қиындықпен өтер-ау жағаласып.
Мектептер де жабылып қалады ғой,
Қазағымның өрісін қара басып.

Одан да ірі көрсетер залалын көп,
Сізге айтпас ол сырды амалым жоқ.
Тың игеріп алған соң салады ойран,
Солтүстікті Ресейге аламын деп.

Қарсы тұру қиямет әнгүдікке,
Шапылдайды ол сіз айтар сан күдікке.
Ел басшысы
Ақ ниет, адал жүрсіз,
Мүлт бассаңыз сөз болар мәңгілікке.

Бар байлығы қазақтың — жер танабы,
Оны қорлау таусылмас шер салады.
Ар жолында қалыңыз таза, биік,
Жағымпаздар тізгінді алса-дағы...» —

Деп тоқтатты
Айтарлық Фазыл сөзін,
«Дұп-дұрыс», — деп қадады аға көзін.
Сабыр сақтап:
«Рақмет», — деп қала берді,
Жан қинаған көп ойды жеңіп төзім.

Біріккен қол шыққандай жең ішінен,
Ойға батты ақылман сөз күшінен.
Риза болды, тебіреніп, толқып кетті,
«Ақылды екен Фазылжан», — деп ішінен.

Жүмекеннің Фазылды тыңдағаны,
Өзінің ойын емес пе шындағаны?!
Ол сезді ғой бүлдірмей жай келмесін,
Қазағыма данғаза «тың заманы».

О, Тәңірім!
Шындықты әбден білгіз,
Қорқақтанып, әлі де мақтап жүрміз.

Одақ үшін не керек –
Қазақ үшін ертерек заман еді.
Әлі күнге құр бекер жақтап жүрміз.

Бәрі жатты Жұмекең көкейінде,
Жер тозары Мәскеудің тепенінде.
Бел байлады кетпеске, не болса да,
Хрущевтің жандайшап жетегінде.

Ақылдасты ол Сәбитпен, Мұхтармен де,
Хрущевті таппады құптар пенде.
Өз ойына сай келіп көп тілегі,
Қарсы шықты,
Көндікті жұтар шерге.

Болашағын қазақтың салмақтады,
Елге қамқор кеңесті ардақтады.
Хрущевтің көнбеді айғайына,
Алынса да жұмыстан ар сақтады.

Алды айғай болғанда,
Арты — былық,
Ашуланшақ Хрущев салды бүлік.
Қызметтен куды тез Жұмекенді,
Оңтүстікке бірінші хатшы қылып.

«Күштілердің»
Құйрығы досы емес пе,
Ұлттық теңдік айналды бос елеске.
Бодандықтың зорлығы қатты тиді,
Тәуелсіздік жоқтығы осы емес пе?

Паномаренко, Брежневшіл заман келді,
Жана пайым,
Елге өзге қадам келді.
Тың игеру науқанын қыздыруға
«Целинниктер» — мындаған адам келді.

Қатаң жарлық шешімді ширатпады,
Қарсы келген оларға сын батпады.
Ауылдарға, шіркін-ай, ауыр болды
Окыс соққан дауылдай қиратқаны.

Қайран әжем оларды зор тұтатын,
Шер-шеменді үндемей мол жұтатын.
Бесіктегі нәресте жылағанда:
«Целинникті шақырам», — деп қорқытатын.

Отыз пайыз
Ұлт саны болып қалды,
Қырық екі пайызы орыстанды.
1962 жылға дейін
Екі миллион келімсек қоныстанды.

Фазекеннің дөп тиді ескерткені,
Өмір елді өзінше жентектеді.
Тек Ақмола облысында жабылыпты
Жүз елу бес қазақтың мектептері.

Паномаренко нар тұлға, көсем еді,
Байқап қалдық жақсылық есер желді.
Фазекенді ЦК-ға хатшы қылды,
Ол көп тұрса әділдік өсер ме еді?..

Қазақпенен жақсылап танысты да,
Біріктірді жақынды, алысты да.
Ақтап берді рухани қудалаудан
Зардап шеккен Мұхтарды, Қанышты да.

Мәскеуліктер басқарды «өсер елді»,
Орыстану елімде еселенді.
Паномаренко, Брежнев, Яковлевпен
Беляев те қосылып көшеленді.

Тыңның ісі таякпен жүріп жатты,
Көп қостарды далада жыбырлатты.
Миллиард пұттап ақ бидай ағындады,
Нанға жарып Хрущев тыным тапты.

Тап сол жылдар Теміртау қатуланды,
Ашынғандар тұрмысқа асыр салды.
Қапаланған жұмысшы жастар тобы,
Тас-талқан ғып қаланы басып алды.

Кеңес елі көрмеген дау туыпты,
Құрылысшылар жасапты сан бүлікті.
Брежнев келіп Мәскеуден әрең басты,
Танкілермен орнатып «заңдылықты».

Басшыларға бір күнде қуғын туды,
Жібергендер ізделді қырғын шуды.
«Қарағандыда жүргенде көрмедің», — деп
Фазылға да Беляев тік ұмтылды.

Екіншіге бірінші тиісіпті,
Жеті жыл өткен өмірге кірісіпті.
Бұл дөрекі пәледен Кәрібжанов
Бұлтартпастай дерекпен «тірі» шықты.

Екіншіге бірінші ауыз салған,
Бұл сұмдықты тойтарды нағыз тарлан.
Көргендерден естіген ұмыт болмай,
Сол пәледен күлкілі аңыз қалған.

Қара қылды ағамыз қақ жарыпты,
Мұрағатты мұқият ақтарыпты.
Теміртаудың баяндап ауыр халін,
Баяғыда жазған хат сақталыпты.

Фазекеннің мысы оны басты тегі,
Біріншінің шықты ыстық ащы тері.
Ол кездерде тап осы Беляевың
Мәскеудегі ЦК-ның хатшысы еді.

Қыныр келіп,
Аяқтан қатты шалған,
Амалы жоқ, Беляев қайтты райдан.
Фазыл аға сыр бермей іштен тынды,
Жаны аулақ жеңдім деп жарқыраудан.

Қазақ кешкен мұң көп қой басқа тағы,
Қатты уланды жер мен су, аспан-дағы.
Атомдық та,
Сутегі бомбыларды
Империя жаруға жасқанбады.

Бомба, ракета сынауды тасқындатты,
Елдің зарын басшылар аз тындатты.
Семейдегі полигон азап болып,
Сарыарқаны теп-тегіс қалшылдатты.

Құпияны Берия тындырыпты,
Империя қазақты жын қылыпты.
АҚШ-пенен атомдық арпалыста,
Жері кең деп сілтепті сұм құрықты.

Жарқ еткені жер бетін дірілдеткен,
Күн сәулесі дермісің күлін төккен,
Ала жалын жарқылы титім сәтте
Тірі жанның көкірегін тіліп өткен.

Саңырауқұлақ секілді бұлт будағы,
Жер мен көкті тез өртеп, күрт бунады.
Қақпандағы қояндай қайран қазақ
Шыдай берді... Жарылыстар бір тынбады.

Аңқау елім әу баста түсінбеді,
Үнсіз жауды білмеді от ішіндегі.
Тоқсан бомба ауада,
Жер бетінде — жиырма алты...
Өшпес қасірет қазаққа түсіргені.

Адамдықтың біржола жойған құтын,
Радиация кімді сау, қойған бүтін?!
Ана сырқат, балалар мүгедек боп,
Мәңгірт етіп, бұзды елдің қайран сиқын.

Құлық қандай қылмыстан жалтаратын:
Ауылдарды көшіру басталатын.
Жарылыстың алдында алып кетіп,
Іс біткен соң орнына қайтаратын.

Радиоактивті жаңбырлар ядролық —
Жауған тозақ...
Жүрді ел, өмір көріп...
Министр боп ауылды аралаған
Фазыл аға зер салды көңіл бөліп.

Тірі апат жүрегін зуылдатты,
Одан кейін демеспін тыным тапты.
Қай бірінші естісе,
Ойран салып,
Құпияны қорғаған мұңы батты.

Кебін киген баяғы жалшылардың,
Ұқты дертін далада малшылардың.
Ашық сынақ зардабын көзбен көріп,
Қарсы шықты жойғандай бар шыдамын.

Қайсарлығы — жүректің жолдағаны,
Дәйек болды Қаныштың қолдағаны.
Үрейлендіріп әлемді
Маскара ғой
Мәңгірт етіп қазақты қорлағаны!

Жоқ... Москва ол жайлы үндетпеді,
Құпия етті ел шеккен індеттерді.
Беляевтің булығып жүргені сол,
Ел алдында ұялмай тілдеп берді.

Қос арысы қазақтың тоқтамады,
Тез жасады ғылыми топтаманы.
Аждаһасын атомның тежеу үшін
Дәлел керек, өзгеше жоқ та амалы.

Ашты Қаныш жарылыстар барлық санын,
Фазыл айтты дертке адам шалдыққанын.
Сонда ел көрді Мәскеу мен Беляевтің
Фазекеннен сескеніп қаймыққанын.

Асыл аға ұлтжанды, қызу қанды,
Ыза мен кек көкірегін бұзып-жарды.
Талай барып дерт шеккен ауылдарға,
Өзінің де саулығын бұзып алды.

Жайлауларды атомдық бомба жарған,
Барып көріп өртенді асыл тарлан.
Жер бетінде тежетті жарылысты,
Арман еді ол-дағы орындалған.

Женді заман зорлығы кесек нарды,
Мәскеу оның мінезін есепке алды.
Жер бетінде жарылысты тоқтатса да,
Жер астындағы жарылыстар етек алды.

Еңбегі зор — еткенім өзін құнды,
Ақылы мол — жақтасам сөзін құнды.
Ол ел-жұртты ойлаумен жанын өртеп,
Қырық сегіз жасында көзін жұмды.

Өліміне өкінсек бүгін қатты,
Ол зар заман қасіретті жүгін тартты.
Жер бетінде жарылысты тоқтатса да,
Жер астында жарылыс жүріп жатты.

Құпия мықты,
Империя қасарыпты,
Шаш алам деп, әрине, бас алыпты.
Қырық жылда ядролық жер астында
Үш жүз елу төрт жарылыс жасалыпты.

Тиді жойқын бұл зұлмат жанға қатты,
Үнсіз, тілсіз келетін қаза батты.
Қырық жылда бір жарым миллиондай
Мәңгүрт қазақ қиналды аса қатты.

Түсім бе едің, ол заман, өнім бе едің,
Аз уақытта өзгертті-ау өңін елім.
Жезқазғанның маңында зардап шеккен
Талай ауыл қасіретін көріп едім.

Ядролық ракеталар тайраң қақты,
Ұлытаудың саласын ойрандатты.
Жетіқоңыр ауылын көріп едім,
Қырсығына зұлматтың тойған қатты.

Соқыр атом қазақты қырып салды,
Адам сақтау деген пәк ғұрып қалды.
Абыралы, Дегелең, Қызылтауда
Радиация талай жыл тұнып қалды.

Атой салып әлемдік қайнарына,
Олжас шықты жар салып жан-жағына.
Фазыл аға бастаған ұлы жорық,
«Семей-Невада» ұласты майданына.

Өтті-ау күндер оранған улы шаңға,
Бәсеңдеді кесапат мал мен жанға.
Жер астында жарылыстың тоқталуы
Ел басқарған бұйырды Нұрсұлтанға.

Ай-әлемге

Ақ тұйғын хабар жайып,
Бетін басқан көрінді ажал-ғайып.
Семейдегі ядролық полигонды,
Жарлық беріп тоқтатты Назарбаев.

Қырық екі жыл полигон билік құрды,
Ес жинадық. Сұрқия білдік сырды.
1991 жыл аяғында,
Байғұс қазақ адамша тірлік құрды.

Бастан кешкен кер заман межелерін,
Еңбегінді, Фазеке, сезер елім.
Мәңгілікке сақтайды есімінді
Жер бетінде жарылысты тежегенің.

Лидия Петровна —
Жан жары әрі досы,
Дәл айтыпты құпия сырды осы.
Батыр тұлға жігіттің арыстаны,
Өкіндіріп өмірден өтті тосын.

Ағамыздан айрылған қайғысына,
Осынау сыр кептелсе жан ұшына.
Баласындай қолында өсіп жеткен,
Айтқан екен Қайраттай қайнысына.

Толқытты ғой жабық сыр көл-көңілді,
Бір құпия осылай көмкерілді.
Мақтан етем, жан аға, бұл өмірде,
Қазақ үшін шайқасып өткенінді.

Мағжан ағам айтқандай саналыға
Айналды өмір өлімнің қамалына.
Сансыз қырсық кездесті нар қазаққа,
Жан қиғандай ауыр дерт амалына.

Тереңірек үңілсек кешегіге,
Жете алмаймыз тірліктің есебіне.
Ол мерт болды
Амалсыз ұрынғандай,
Жарылыстар ем көнбес кеселіне.

Ауыр қаза күңіrentті аспанды да,
Тебіrentті қарттарды, жастарды да.
Ол жерленді Панфилов паркінде,
Ақтық жолын Тәшенов басқарды да.

Ел ұрынса зар заман сұмдығына,
Еске салар кеселін туды мұра.
«Мәңгі алау» — соғыстың ескерткіші,
Фазыл бейіті — белгі атом қырғынына.

Қоштасарда ел мұңын ұластырды,
Болды айтқандай халыққа ұзақ сырды.
Өтті өмірден қазақтың заңғар ұлы,
Қаныш, Мұхтар, Сәбиттер жылап тұрды.

Шахтерлерге ауыр зіл салмақ түсті,
Сан жүректе қимастық қайнап пісті.
Мұңға батты Ұлытау бір күрсініп,
Ер Едіге ұйқыдан аунап түсті.

Қызылжардың қайғысы қосылғандай,
Қауырт қаза тап болды тосын қандай,
Алатаудың қып-қызыл батқан күні
Қимай тұрды өлімнен шошынғандай.

Тағзым етіп,
Бақұлдық етті бәрі,
Кетті Алаштың жүректе оты бары.
Нұра толқып, Есілге көңіл айтты,
Тына қалды Сарыарқа тотылары.

Мұң естілді көкте күн күркірінен,
Жас төгілді ақ қайың бүршігінен,
Мұңға батты Шарбақкөл ауылдары,
Аза тұтқан жүректер дүрсілінен.

Беу, жас ұрпақ!
Сыншы боп арада тұр,
Тәуелсіздік төрінен қара да тұр.
Еске алайық нар тұлға Фазекенді,
Ұмытылып есімі бара жатыр.

Ұқсамайды тілегім налығанға,
Нар азамат жүрді ғой нағыз алда.
Ол Алаштың ұранын ұмытпады,
Хрущевизм аязы қарығанда.

Шыққан тұлға бодандық елегінен,
Дос болған жан
Талай нар кемелімен.
Қошкеменен Қызылжарда іздеп тауып,
Ол жол тапқан Мағжанның белеңінен.

Қыза-қыза келмейді дамылдағым,
Ойлап өтті-ау дарабоз ауыл қамын.
Жеткізейік ел болып мәңгілікке,
Фазыл аға есімін, бауырларым!

22.08.2009.
Бурабай

1932 ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР

(Лирикалық поэма)

«Деректер 2,5 миллион қазақтың
аштан өлгенін анықтады...»

Газеттен

Алғы сөз

Қара бастың мұңы емес,
Бүкіл ел сыры бакқаным.
Жеңіспен тынды мың егес,
Дербес таң көрдік атқанын.

Толқымай бұған тұрар кім?
Абылай туы сақталды.
Мағжан, Ахмет, Тұрардың
Қиялы бүгін ақталды.

Жыр етсем де қай күнді,
Қабындап тұр ғой ұлан іс.
Туғалы шеккен қайғымды
Ұмыттырмас қуаныш.

Қалды ғой беріш тас болып,
Ауыр жыл ізі өшпеген.
Аш қасқырдай қас болып:
«Аштықтан құрып өш», — деген.

Бұл — «бостандық» не түрі?
Қазақты аштан құртты кім?
Тиді ғой бізге кесірі,
Сұрқия жолы «мұрттының».

«Асыра сілтеу болмасын,
Аша тұяқ қалмасын», —
Деген жын-ұран иесін
Қалғандар тірі қарғасын.

Саңғырап жатқан ел тозды,
Маңырап жатқан мал кетті.
Момақан мінез, қой көзді,
Қырылып қанша жан кетті?

Молшылық жетсін мәуелі,
Жарқырасын Күн, Айым.
Аруақ колдап әуелі,
Аштықтан сақта, Құдайым.

Замана жаңа ашты есік,
Керілді кеңдеу кереге.
Жете гөр, қазақ, бас қосып,
Адамзат асқан өреге.

Ар-ұят, заңға сиынып,
Әділет шықсын төріме.
Рушылдық тыйылып,
Ұлылық қонсын еліме!

Бірінші өлең

*Ердің солай өлгенін,
Қардың қалай көмгенін
Құзғыннан басқа көріп пе?
Мағжан Жұмабаев*

Құрғанша елдік жекеше,
Көп шектік заман ығырын.
Таласқа тартқан текеше,
Қайнады, қазақ, зығырын.

Жоғалтқан сұлу орманын,
Елендеп тұрмын маралдай.
Жағасы кеуіп қалғанын,
Отырмын сезген Аралдай.

Жезкиік көрсем жан шығып,
Көп айттым қызды керемет.
Ал бүгін мұңға шалынып,
Ішіне кірем өлең-өрт.

«Көңілі босап, аты арып,
Не күн туды осыған?
Ақын-кенші атанып, —
Дейді ғой, сірә, — әкім тасыған».

Жоқ, достым! Менде шер қалың,
Сыртымнан бекер даттайсың.
Аралап бүкіл Жер шарын,
Қалыңдау шерді таппайсың.

Отыз екінші жыл төлі,
Шеккенім — кермек ашқылтым.
Көзімде жатыр мұң мөрі,
Қайғы-шер — менің паспортым.

Соқпақты кешкен жасырмай,
Ұрпаққа кеңес етейін.
Қасара білген Қасымдай,
Анығын айтып өтейін.

Кермектің молын татты ғой,
Мейірбан туған ет жүрек.
Үкілі Ыбырай айтты ғой:
«Екінің бірі кетті», — деп.

Жар салардай жер-көкке,
Жыл басында туыппын.
Жылай-жылай жөргекте,
Көзімнің жасын құрттым.

О, тағдырым! Сонда аятпай,
Қинады-ау қатал болғаның.
Қырылған жұтта саяқтай,
Қырғыннан қалған олжамын.

Өзекті жарған мол сыры,
Үзілмей қалған күдермін.
Өмірден өткен сол жылы,
Тұяғымын біреудің.

Кен кеулетіп, тас жарған,
Көрінсек өжет, сом жігіт,
Қырықтың бірі сау қалған,
Сөнбеген болдым — соңғы үміт.

Жүрсем де қанша жарқырап,
Сыздатар ескі үзірім.
Бұлақ боп қалған сарқырап,
Суалған дария ізімін.

Жидек теріп, қоқым жеп,
Үзімнен көзін үзбеген,
Тасыған ерте отын-шөп,
Тер сінген таймыз — біз деген.

Ішкі намыс шын күштеп,
Өстім ғой тұрып, жығылып;
Өмірдің өзі түйгіштеп,
Салғызды тауға тұғырық.

Партия жұмсап, барсам да,
Әмуге туыс саналдым.
Жүрсем де әуре-сарсаңда,
Жаршысы болдым Аралдың.

Екінші өлең

*Өзендер қара су болды,
Қасқалдақ еті у болды.
Халық әні*

Тіл жетпес қасірет тартқанын,
Бір ауыл шілде кешінде;
Түсіпбек аға, айтқаның
Қалыпты бекем есімде:

— Балықтан ажал жетіпті,
Уланды қанша бауырлар.
Тұяқ серіппей кетіпті
Ащысудағы ауылдар.

Шабактың сорып басын да,
Қасқалдақ етін оттаған;
Байқоңырдың қасында
Болды ғой кесел топалаң.

Сезімді ақыл басқарып,
Айта алмай бәрін тежейсің.
Домбыққан, іскен аш халық
Бәрін жеді... Не дейсің?..

Деп күрсінді Түсекем,
Жалғады сөзін әрірек.
— Сауалың ауыр іс екен,
Болайын енді дәлірек.

Жеті жұртын жетелеп,
Ел-жұртқа опат жұт келді.
Ұранын улы өтемек,
Ұлық та шошып сырт берді.

Әкімшіл, үстем, әміршіл
Қан қақсатты «қара мұрт».
Қырылған адам жаны шын,
Көрінді шыбын, ала құрт.

Голощекин қастана,
Арыстарды «жау» деді.
Қырылып ел-жұрт жатса да,
Қазақты «есен-сау» деді.

Жүгінді «мұрттың» алдында,
Маймыл, мысық, жыландай.
Құртты санын малдың да,
Айтқаны жүрді ұрандай.

«Обағанның саяғы
Түзде жүріп тебісер».
Жікшілдік жеңіп баяғы,
Көбейді ерлер керісер.

Мықтымызды қаумалап,
Сұраусыз салды құрыққа.
Осалдар бас сауғалап,
Шыбжындап жақты ұлыққа.

Аштық жылғы ән еді,—
Деп шертті ағай домбыра.
Әуездін қызды мәнері,
Көңілге мұң-зар қондыра.

Екі ішек сонда зарланды,
Адамның жанын мұнайтып.
Құлақ күйі жалғанды,
Шымырлап, шымшып, сыр айтып.

Он саусақ жүрек шырмады,
Тілдесіп сегіз пернемен.
Жандырған құмар ырғағы,
Жалғасып кетті терменен:

«Қасқа мандай қасқалдақ
Суға сұмдық тасиды.
Қырға шығып қақшандап,
Арқа жонын қасиды.

Майға шөккен қасқалдақ
Сайға пана болмайды.
Ұшпаған соң аспанда,
Шүрегейлер қорлайды.

Ұзынтұра қасқалдақ,
Көрінгені зорайып.
Үйір-үйір алшандап,
Тез өседі молайып.

Қара бауыр борсытқан
Суға аққу қонар ма?
Шүрегейлер шошытқан
Көлге бақыт қонар ма?

Қара бауыр сұмданған,
Құлқы зор ғой ерекше.
Аш балық жеп уланған,
Еті арам емес пе?!

Көк ала үйрек таранған,
Құс базарын бастасын.
Шүрегейге таланған
Қасқалдақтан сақтасын.

Майға батқан қасқалдақ,
Шел тұнады көзіне.
Өзге түгіл, борсандап,
Сеп тигізбес өзіне.

Бұқа тұмсық басқарып,
Шүрегейге тоналды.
Қасқалдақтан жасқанып,
Қоңыр қазым жоғалды.

Өлендетсем ашынып,
Толғантады ой тоқсан.
Шүрегейлер басынып,
Күн туды ғой ел босқан».

Тындаған жан қасымда,
Қайталадғы зар тұтып.
Алдымда тұрған асын да
Ұмыттым өлең балқытып.

Сүттей таза айтқаны,
Тасаламай күркені.
Судың уға батқаны,
Сол ғой жұттың үлкені.

Шөлейт жылда сарсандап,
Уланыпты балық та.
Қара будан қасқалдақ,
Кесел болды халыққа.

Содан бері қыр елі,
Шошыр көрсе қасқалдақ.
Балыққа көзін түреді,
Ішін үрей астарлап.

Үшінші өлең

*Кетпес бейнең көз алдымнан,
Бойымнан қан сарқылғанша.*

Үңіліп Айға аулақта,
Тапқандай жарық сәулесін;
Қарайлап Жалғызтау жаққа,
Айтатын анам тәубесін.

Білдірмей жан жарасын,
Ішінде кетті-ау жас тынып...
— Барша қазақ арасын
Жалғасын, — дейтін, — жақсылық. —

Елестейді көзіме,
Ақ қағаз жүзі ажарлы.
Жан елтіп әрбір сөзіне,
Жүрегім менің тазарды.

Жақсылық болса бойымда,
Ол — анамның бергені.
Бір күдік тұрса ойымда,
Ол — өмірдің кермегі.

Азалы әні бар еді,
Таңырқап, толқып естіп ем.
Көңілге жәрдем бар емі,
Сол шығар үнсіз өксіген.

«Руымды сұрасаң
Қарауылда Шоқтыбай.
Қыршын жасқа кез болған,
Шіркін, малдың жоқтығы-ай.

Әрең жеттік Шоңайға,
Жаяу жүру оңай ма?
Пұлым жоқ, жалғыз ұлымды
Қарақшы жолда тонай ма?!

Туған жерді тастадық,
Бас қорғау жолын бастадық.
Кебінсіз топырақ жамылып,
Қырылып жатыр аш халық.

Аштықтың алғы шебінде,
Жалғызды сақтап тырыстым.
Тимеді, Алла, себің де,
Ұшында тұрмын қылыштың».

Бұл – біреудің өлеңі,
Бөлеген әнге арманын.
Ұзақ еді көлемі,
Ұмыттым, – дейтін, – қалғанын. —

Осы әнмен жалғап жан шерін,
Өткенді көзбен шолатын.
Анашым нәзік әнші еді,
Мен білген нағыз зор ақын.

«Дәл жиырмаға келгенде,
Арманда кеттің ұзақтап.
Он жеті жаста шерменде,
Жалғызды қалдым құшақтап».

Осынау ән де, сөз де асыл,
Жоғалтпас жүрек ескіртіп.
Әкемнің жасын, өз жасын,
Кетті ғой солай естіртіп.

Термелеп созар акырын,
Жанары жасқа малынып.
Әр сөздің ұқтым татымын,
Кетердей жүрек жарылып.

Нәр алдым өлең отынан,
Жаныма шырақ жағылып.
Кей кезде айтып отырам,
Анамның үнін сағынып.

Бұлт төнетін салбырап,
Қар жауардай түксиіп.
Далада боран аңырап,
Шам жанатын сықсиып.

Анамның ескі сарыны,
Әкете берсе әріге,
Сөнбестей шерлі жалыны,
Шарпиды мені әлі де.

Ерте әкетті өмірден,
Кеселдер кезек қайрылған.
Болсам да берік темірден,
Қабырғам қатты майрылған.

Ал, ағайын, бәрін тер,
Осы ғой айтар бар шыным:
Ақындық — деген қалың шер,
Ақындық — өшпес ащы мұң.

Жоғалмас әні санадан,
Қалайша үнін тот баспақ?
Кеткен екен жан анам,
Жаныма сөнбес от тастап.

Мейірімді жанбыз елгезек,
Мөлдірін сүйер тұнықтың.
Анамша өлең термелеп,
Тым ерте мың-мың сыр ұқтым.

Үйрендім берік төзімге,
Екі көз кейде төрт болып.
Көрінем кейде өзім де,
Ошақта қалған шоқ болып.

Төртінші өлең

*Келеміз өзімізді жаңа танып,
Ұшамыз халқымыздан қанат алып.
Мұқағали Мақатаев*

Жетпіс бес белес төксін жыр,
Жетпіс бес қыс пен көктемі.
Жетпіс бес жыл өтіп тұр
Сол ауыр жұт өткелі.

Жетпіс бес дастан, өксік жыр,
Жазсам да түгел жетпейді.
Жетпіс бес Еділ, сонша Ніл
Жуса да мұным кетпейді.

Айтайын сырдың анығын,
Бір жылға сыйған бір ғасыр.
Жауғаңкөз өскен жаны бір,
Құрдастарым тындасын.

Әкетті көпті жұт алып,
Зобалаң елді қылған зар.
Өстік қой шоқтан тұтанып,
Отыз екінші жылы туғандар.

Айтылсын бәрі сарқыла,
Оқылсын аят, имандар.
Уағызда соны халқыма,
Отыз екінші жылы туғандар!

Есейдік, бізге ес кірді,
Сыйлайық жерде жатқанды.
Десе де: «Аят кеш қылды...»
Жүрегім «ештен» сақтанды.

Не десек те, досым-ай!
Ренжіп аруақ жатпасын.
Ендігәрі осылай,
Бармағы заман батпасын.

Жоғалған бауыр, жұрағат,
Жазылсын тарих тасында.
Жұтқандардың жұт, опат,
Тұрайық бүгін басында.

Біз үшін олар құрбан боп,
Кетті ғой есіл арманда.
Шоқтан жалын, тұтанды от,
Екінің бірі қалғанда.

Тумай жатып шат күннен,
Қалсақ та ерте айрылып.
Нәр алып ауыр мұңлы үннен,
Өстік қой қалмай майрылып.

Әкелі бала жасқанбас,
Шыдасын қайтіп ол қанша?
Ол атайды ақсарбас,
Біз ойланып болғанша.

Болармыз кімге өкпеші,
Балғындау күнді еске алсам.
Бүгін де, достым, сөкпеші,
Митинг жаққа кеш барсам.

Болмай өстік, әрине,
Әке-шеше тотайы.
Жақсы асық жетсе бәріне,
Бұйырды бізге топайы.

Бірақ та бітті жұмыс та,
Өзгеде жоқ шапшандық.
Қысылып қалмай бұрышта,
Өнерлі көшке ат салдық.

«Жалт бұрылдың,
Әу, неге?» — деп жүректі тілмендер.
Келейік, шүкір, тәубеге,
Жер басып тірі жүргендер.

Соқса да тағдыр сойылымен,
Білдірдің, достар, әлінді.
Жетпіс бес жылдық тойынмен
Құттықтаймын бәрінді!

Шаңырақ көзін тез табар,
Бастапқысы уықтың.
Бергенім осы тез хабар,
Жыл басында туыппын.

Тыңдасын алмай көз ілім,
Құрдастар мұңлы тынысын.
Өмірін көрсін өзінің,
Тағдырластар оқысын.

Жоғалған аға-інісін,
Әлі көп іздеп жүргендер.
Қарындас алсын тынысын,
Ағасын аңсай білгендер.

Сөнбейді шерлі шылымым,
Кеше де маған хат келді.
Ағасын іздеп бір інім,
Күтеді арман сәттерді.

Хатынан алды көзім шық,
Жүрекке жылы тіркедім.
Бір ағам бар деп өзімсіп,
Еркелеп келші, іншегім.

Құшақтап қарсы алармын,
Демеспін саған өгеймін.
Жалғызы болсам анамның,
Жүре-жүре көбейдім.

Ақтөбелік, кешіргін,
Боларсың інім бір құтты.
Жағасында Есілдің
Әкемді аштық жыл жұтты.

Сенісер сыр ашқанда,
Ақ көңіл жанға жуықпын.
Сөз жықпастай қашанда,
Серттескен жерде тұрыппын.

Күндерде шымыр бесті асау,
Тыншымай жаға жұлыппын.
Көрген жоқ билеп ешқашан,
Алдында «дөкей» ұлықтын.

Арпалыс талай сынатқан,
Сүмбесі болат сырықпын.
Ұяты барды ұнатқан,
Құлымын ғадет-ғұрыптың.

Жыл басында туғандық
Ағалық маған құрғызар.
Шалыңдар бүгін құрмалдық,
Қуансын Ай, Күн, жұлдыздар.

Бала-шаға еске алсын,
Есімін ерте өткеннің.
Шөбере-шөпшек көз салсын,
Есінде қалсын өркеннің.

Жинайық гүлдің нұрлысын,
Ауаға жұпар ілінер.
Дән риза басын шұлғысын,
Сол жылды көрген тірілер.

Сөйлесін аға армансыз,
Орындалсын жарлығы.
Суысын жүрек жарған мұз,
Ерісін ескі қалдығы.

Бейітке белгі құрайық,
Үңілер ұрпақ әр уақ.
Бет сипап бата қылайық,
Риза болсын аруақ.

Ащылау айтсам, сөкпендер,
Бітелсін жара сөгілген.
Өмірден қапы кеткендер
Шықпасын мәңгі көңілден.

Азалы жылдың мұң-зарын
Жеткізсем сендер арқылы,
Өздеріңсің сұңқарым,
Халқыма жетер саңқылы.

Досым деп жаздым сенерлі,
Сөз бастауды жөн көріп.
Мұң астарын елерлі,
Кісіге болсын жан серік.

Үн қосармыз пәрменді,
Құйын көшкен дауылда.
Берменге тасып әрменді,
Жүрерміз жоқтың дауында.

Тұтатып сөнген пілтені,
Бастайық достық жиынын.
Отыз екінші жыл төлі,
Жасайық берік ұйымын.

Жүргенде тірі көзіміз,
Батасын көптің алайық.
Өзімізді өзіміз
Анықтау көріп қалайық.

Соңғы сөз

Отыз екінші жылдың біз түлектері,
Мықты адамдар
Қаулаған жүрек шері.
Қолдарынан түспеді қаршадайдан,
Ара, балта, қолшалғы, күректері.

Туған әке аз естіп өсиетін,
Көпшілігі көз ашпай өсті жетім.
Содан олар жасынан тым ойшылдау,
Бұл жалғанның мол шеккен қасіретін.

Көз ашқалы аяусыз арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қараң қалып.
Отыз екінші жыл жұтса ұлттың жартысын,
Қалғанына қосылдық аман қалып.

Қыршын күнде шарпыды соғыс өрті,
Қырық десте орнады өмір дерті.
Сиыр жеккен соқа айдап қара парда,
Бір күн біздің өткен жоқ жеңіл-желпі.

Ел тозғанда талықсып Женіс келді,
Жеңу оңай соқпады немістерді.
Қара қағаз қаусатты аулымды,
Бітеу жара демеспін тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр қонар бағы,
Анамның да тұрмысы оңалмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Өгей әкем үйіне оралмады.

Анам өтті алаңдап тосуменен,
Жарын ойлап, мені ойлап қос уменен.
Жас жесірлер тым ерте әлек болды,
Бізді үйірге дұрыстап қосуменен.

Бойда күшті дүние бағалады,
Ерте жекті, тай күнде тағалады.
Қара нанды қақ бөлген
Естен кетпес
Интернаттың жаутанкөз балалары.

Жаман емес, иншалла, үйіріміз,
Отыз екінші жылдықтар — мұң гүліміз.
Біздер үшін үлкеннің бәрі ағалар,
Қадір білген кішінің бәрі ініміз.

Құдай берген құт мінез — бауырмалмыз,
Жетілдік қой деместей жауыр малмыз.
Қайдан шыққан мықтылар екен десең,
Жердің төрі — ардақты ауылданбыз.

Шын елгезек, мейірбан жүректері,
Жетті аштықтан шаттыққа лектері.
Қай арысқа салсаң да алып шығар
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Оңай жолмен олар еш күнелтпеді,
Жеңіл жұмыс үстінен бір өтпеді.
Биыл, міне, жетіп тұр жетпіс беске,
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Жабағыдан жетілген бала-құнан,
Оқуға да жоқ еді-ау шала-пұлаң.
Жәдігерміз сезімтал, шын мейірбан,
Қас пен досты танитын қабағынан.

Шота, Шерхан, Нұрғожа, Камалы бар,
Біз емеспіз тірлікте «шамалылар».
Іштен оқып туыппыз
Басқа түскен
Ішкі намыс сыры көп заман ұғар.

Өкпе-назды іштегі құрықтаған,
Құрдастарым,
Баспадың бұрыс қадам.
Сапқа ілексек сарқыла күш төгумен,
Тағдыр бізді табиғи сұрыптаған.

Жеттік біздер биікке тәлтірексіз,
Елудегі нояннан әлдірекпіз.
Нарыққа да қол бердік,
Мығым күшпен
Дербес елге ең берік әл, тірекпіз.

Арамызда мол ақын-жазушы да,
Мыс балқытып, алтын кен қазушы да.
Композитор, суретші, әнші де бар,
Сәулеткер де, сарайлар салушы да.

Ертеректеу айырдық ойдан қырды,
Елдің сиқы кертөбел толғандырды.
Өзі көрген өзгені көп ойлайды,
Көпке арнадық көкірекке қонған нұрды.

Мұзға түссе шоқтай боп із салғандар,
Тас копартсаң қаусатып құз жарғандар;
Аман қалған аштықтан олжалар ғой,
Жетпіс бесін тойласа қызғанбандар.

Отыз екінші жыл төлі — құрдастарым,
Сырластарым — сендермен нұрлы аспаным.
Мұндастарым — опаттан олжа болған,
Тірі қалған бауырлар — жылдастарым.

Өлең арнап, көсілте ән қосқаным,
Бір думанды тірлікте бар тосқаның.
Жасым үлкен қантарда туғандықтан,
Құттықтаймын бәріңді, жан достарым!

2007

Мазмұны

Өлең-одалар

Қос ғасыр берген өрімдер

Өтті ғасыр...	5
Ағалар үшін президентке алғысым	7
Осы жұрт Шарбақкөлді біле ме скен?	8
Кіндік қаның тамған жер	9
Мағжанның бір өлені	10
Жеңіс күні	11
Ақ тілек	12
Қошке көрген ауыр түс	13
Онбайды ақынды атқандар	15
Фазыл аға сол кезде сес білдірді	16
Зұлмат заман зардабы	17
Көргенде Құлагердің ескерткішін	18
Қаныш аға рухынан ұялам	20
Дарабоз туған ер қазақ	20
Асыл айғақ	22
Ақындық алтын тұғыры	23
Заман дерті	24
Қазақтану тірегі	25
Үкілі Ыбырай ауылындағы тебіреніс	26
Жолымды Алла жебеді	27
Ұйқысыз түннің өлені	29
Шалғайда құшты қара жер	29
Анна Кернге	30
Кенші өмірі	32
Ақындықтың патшасы	33
Жаңаарқа – өнер ордасы	34
Тіл жорығы	35
Шөберемді «Бәйтерекке» апардым	38
Хасен аға айтқан сыр	39
Қарағайлар	40
Жезказғанға алғысым	41

Серіліктен биік тұрған кемеңгер	42
Анам берген домбыра	44
Қытайда болған елшіміз	45
Дәулетбай берген «Шалқұйрық»	46
Тоқтамайды жұмыр жер	47
Асыл ұлы қазақтың	48
Қаныш пен Шоқан жалғасты	49
Абылай ханның «Ақ үйі»	50
Атом құрбандарына ескерткіш	52
Өзім жайлы	53
Бәйкен аға, бақұл бол!	55
Көңіл назы	56
Ол ұқсады Абайдың бір ұлына	57
Сәлем бердік Шоқанға	58
Білмейді-ау деп қорқамын	59
Акселеу Сейдімбекке	60
Барша қазақ бірлігінің белгісі	61
Тұманбайға	62
Тіршілік	63
Қарсақбайдың Таншолпаны	64
Жаңаарқада сары күз	65
Өмірімнің өзі өлең	66
Шафық ағаның айтқаны	67
Құрдасқа	68
Ұлттық мүдде жаршысы	69
Ақ тілек	71
Фазыл Кәрібжановқа ода	72
Болды өмір мектебі	82
Ізбасарға ақ тілек	84

Өмір көріністері

Астана — бар қазақтың Бас қаласы	87
Махамбеттің әсері	88
Бөгенбайға ескерткіш	89
Алыстап барамын жағадан	91
Кездескенде Қырымда	92

Жезқағаным — Қаныштың жан-жүрегі	93
Ол да бір аққан жұлдыз ғой	94
Ұлтжандылық көкіректе тұтанды	95
Қарағанды кеменгер	96
Қазақтың асыл ұлы	97
Қызылжардың мешіті	98
Тойдың тойы — асыл той	99
Кең жалғанды тарылтпа	101
Қажымұратқа алғысым	102
Абайша терең қарашы	103
Досқа сыр	104
Сөнбейді Манаш жұлдызы	105
Зейнолла Қабдоловтың айтқаны	106
Ғасыр жыры	107
Бақыт женгем	108
Шаттық селі	109
Оралдым ғашық шағыма	109
Жүре бер, абзал аға, ортамызда	111
Асыл ұлы қазақтың	112
Жүректің қос мекені	114
Шәйкеновтің жан жарғысын оқысақ	115
Ұлытауда ел бірлігі айғағы	116
Бір қазақты бөлмейікші екіге	117
Жасқанып жүрмін баруға	118
Ашық сыр	119
Көрмей жүріп сүйгендер	120
Мақтаналық	120
Сәтбаевтану дүлдүлі	121
Қызылжар ескерткіш орнатты	123
Туған күнің келгенде	124
Сағындық сені бәріміз	126
Гагарин жайлы хикая	128
Ермақты жеңген ерсіндер	129
Шөберем менің Әділге	131
Әр күннің өз жүгі бар	131
Пианино сөйлеп кетті қазақша	133

Гауһарға берген ақ бата	135
Досынның көзін ұғарсын	135
Өсиеті анамның	136
Атасам сөздің иесін	137
Келемін ән мен жырдың қанатында	140
Көкшетаудың қаласы	140
Ашық сыр	141
Өкініш пен көрініс	142
Ескерткішім ініме	143
Ғашық еді балдырған	144
Қызылжар	146
Жезқазған берген інілер	147
Мәдидің ескерткіші алдында	147
Сактай білді Мақтай үлкен ғұрыпты	148
Шексіздік	151
Дағдарыс жайлы толғаныс	152
Мың-мың алғыс үйемін	153
Шәкіртің тұр ән салып	154
Бұлақтың көзін ашқанда	155
Үйдегі бас дәрігер	156
Бурабайдың қара нары екенсің	157
Сырымбет арулары	158
Еркеғалидың монологі	159
Бибігүл ән салғанда	159
Мақпалға	160
Айыртау	163
Карузосы Көкшенің	164
Сәкен үшін алғысым	164
Оптимизм	166
Өрнекке	167
Бір жаңартып өтетін	168
Ел шетінде ақ қайың	169
Композитор достарға	170
«Гауһартасты» шырқашы	171
Романс	171
Адамзатқа ортақ тіл	172

Құрбыларым	173
Сен едің ғой... ..	175
Көшедегі көрініс	176
Қайрат келді Астана аясына	177
Бошай Кітапбаевтың айтқаны	178
Жыламай үнсіз өтермін.....	179
Құранды өз тілінде түсіндірді	179
Кеңгірдегі кездесу	181
Айыртау атты ауданым	182
Қаныштың үздік шәкірті	183
Алақайлап құттықтаймын, туған жер!.....	184
Қарағанды жаңа театрын көргенде.....	185
Орыс дұрыс... ..	186
Үш дүлдүл	187
Қазағымды көбейтейік осылай	188
Сәкен Сейфуллинге ода	189

Поэмалар

Заман сыры	197
1932 жылы туғандар	236

Кәкімбек Салықов

ФАЗЫЛ АҒА

Редакторы Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова
Көркемдеуші редакторы Жәніс Қазанқапов
Корректоры Махаббат Мергеншінова
Компьютерде беттеген Данагүл Рахметова

Басуға 14.04.10 кол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 13,86.

Тапсырыс № 69*. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13